

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**«ҰЛТТЫҚ ҚАЗЫНА»:
МҰРАЖАЙЛАРДАҒЫ «ЖАНДЫ» САБАҚТАР
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАМАЛАРЫ**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
«ҰЛТТЫҚ ҚАЗЫНА»: «ЖИВЫЕ» УРОКИ В МУЗЕЯХ**

Астана
2018

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2018 жылғы 5-наурыз № 2 хаттама).

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 2 от 5 марта 2018 года).

«Ұлттық қазына»: Мұражайлардағы «жанды» сабақтар әдістемелік ұсынымдамалары – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. – 96 б.

Методические рекомендации «Ұлттық қазына»: «живые» уроки в музеях – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2018. – 96 с.

Әдістемелік ұсынымдамалар білім берудің жаңа парагдимасы негізінде мұражайларда «жанды» сабақ ұйымдастыруға арналып отыр.

Әдістеме өскелең ұрпақтың рухани жаңғырып, қоғамдық санасын қалыптастыруда, ғылыми қызығушылығын оятуда, сабақтың тәрбиелік әлеуетін дамытуда ұстаздарға беретін көмегі көп.

Сонымен қатар, мектептегі оқу жүктемесін азайту, кәсіптік бағдар беру, мұражайға барушылар қатарын көбейту сияқты бірқатар мәселелерді шешуді үлкен роль атқарады.

Орта мектеп мұғалімдеріне, мұражай қызметкерлеріне, ұйымдастырушы педагогтарға «жанды» сабақты жүргізуге әдістемелік көмек ретінде дайындалған.

Методические рекомендации направлены на организацию «живого» урока в музеях на основе новой парадигмы образования.

Методические рекомендации окажут помощь педагогическим кадрам в работе по духовному возрождению, формированию общественного сознания подрастающего поколения, совершенствованию знаний в области науки, популяризации научных интересов, развитию воспитательного потенциала уроков.

Кроме того, они организация «живых» уроков будет играть большую роль в решении ряда вопросов, таких как сокращение учебной нагрузки на школы, профессиональная ориентация и увеличение посещаемости музея.

Разработана в помощь учителям школ, музейным работникам, педагогическим кадрам.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2017

© Национальная академия
образования им.И.Алтынсарина, 2017.

КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда Қазақстандағы білім мазмұнын жаңарту тұрғысынан қарағанда мұражай педагогикасы, мұражай ерекшелігі арқылы білім беру және тәрбиелеу жұмысына айрықша мән берілді. Бұл көбінесе мұражай жұмыс бағытының ауқымды және көп қырлы болуына байланысты мектептердегі білім беру мен тәрбиелеу үдерісіне толықтай белсенді түрде енгізуге мүмкіндік береді. Қазіргі заманғы мұражайлар – өмірдің шынайы құндылықтарының шоғырландырылған көрінісі. Олардың негізгі миссиясы Қазақстан халықтарының тарихи-мәдени мұралары мен рухани дамуын зерттеу және сақтау болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңында «Мұражай заттары мен мұражай коллекцияларын сақтау, зерделеу және көпшілікке көрсету үшін құрылған, мәдени, білім беру, ғылыми-зерттеу функцияларын жүзеге асыруға және Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасын кеңінен танытуды қамтамасыз етуге арналған мәдениет ұйымдары мұражайлар болып табылады»– деп көрсетілген. Бүгінгі таңда Қазақстанда 150-ден астам түрлі профильдер мен меншік нысандарының мұражайлары тіркелді[1].

2014 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің ашылу салтанатында Мемлекет басшысы - «Музей біздің ұлттық рухымызды көтеру жағынан ғана емес, елімізді әлемге таныту тұрғысынан да белгілі болады. Біздің тарихымыз мақтан етуге лайықты. Ерлік пен елдіктің тарихы. Мыңжылдықтар қойнауынан бастау алатын қазақ шежіресі - адамзат тарихының ажырамас бөлігі», - деді.

Елбасы Н.Ә. Назарбевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында өскелең ұрпақты патриоттық, халықаралық, адамгершілік-эстетикалық тәрбиелеу, ғылым мен мәдениетті дамыту мақсатында мұражайларға, мұражай-қорықтарға, ҚР Ұлттық мұражайына ерекше көңіл бөлінген[2].

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының 2015 жылғы 30 қазандағы № 7 өкімімен 2015-2017 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының мұражайларын жаңғырту жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді. Бекітілген іс-шаралар жоспарының 10-тармағында «Келушілерді тарту мақсатында Қазақстан мұражайларында шығармашылық тұлғаны дамытудың негізі ретінде мұражай педагогикасын енгізу жөніндегі жұмысты жандандыру (ересектер мен балаларға арналған шеберлік сабақтары, этносабақтар)» мұражай педагогикасын енгізуді арттырудың қажеттілігі көрсетілген[3].

Тарихты оқыту арқылы тәрбиелеу саласына қатысты еңбектер жарық көргенімен, аталған саладағы әдебиеттердің орнын толтыра алмай келеді. Міне, осы кемшін тұсымызды толтыру мақсатында белгілі ғалымдардың ғылыми еңбектері жарық көрді. Мәселен, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ү.Д. Мұңалбаеваның «Мұражай педагогикасы» мен

тарих ғылымдарының кандидаты. Ғ.Ш. Файзуллинаның «Тәуелсіздік кезеңіндегі (1991-2005 жж.) Қазақстан музейлерінің мәдени-біліми қызметтері» атты осындай іргелі еңбектердің қатарына жатады.

Бүгінгі мектептер «Ұлттық қазына: мұражайлардағы «жанды» сабақтар инновациялық жобасы арқылы мұражайлардың мүмкіндіктері мен ресурстарын пайдалануы қажет. Мектептегі оқу процесі жеткілікті түрде реттеліп, білім деңгейі бақылауда болады. Сондықтан мұражайдағы «жанды сабақтарда» оқытудың кіріктірілген тәсілдерді табу аса маңызды.

Мұражайлар бейресми немесе «мектеппен қатар» білім беру саласында жұмыс жасайды. Алайда, қазір мұражайға тек ақпарат алу үшін ғана бас сұғатын кезеңнен өттік. Сондықтан бұл кезеңде іс-шаралар мұражайының нақты үлгісі: келушілердің мұражай процесіне қатысуы, мұражай нысанымен тікелей байланыста болуы маңызды. Бұл білім берудің маңыздылығын арттыруға, табиғат құбылыстарын бақылауға немесе материалдық орта объектілерін қарауға, балалардың танымдық тәжірибелерімен танысуға, ақпарат жинауға және жинау қабілетін дамытуға негізделген бастапқы көзден алынған ғылыми және эстетикалық ұғымдарды байланыстыруға көмектеседі.

Оқу үрдісінің өзін-өзі ынталандыру, жалпы білім беретін мектептерде, гимназияларда, лицейлерде, колледжде оқитын оқушылардың патриоттық тәрбие беруі үшін өздерінің тәуелсіз білім алу дағдыларын үйрену үшін мұражайларда «жанды» сабақтар аса маңызды.

Өкінішке орай, мұғалімдердің бәрі мұражайдың білім беру мүмкіндіктерінің ерекшеліктерін толық түсіне бермейді. Мысалы, бір сағат ішінде «бірдеңе немесе біреу туралы бәрін білуге болады» деп есептейді.

«Ұлттық қазына» бірегейлігі: мұражайлардағы «жанды» сабақтарды мұражай мен мектеп бір-бірін алмастырмай жасайды. Мектеп балаларды сыныптын тыс жерлерге шығарып, оқытудың қызықты тәсілі ретінде жаңаша оқытады.

Мұражай адамға эмоционалық әсер ететін бірегей, арнайы ұйымдастырылған кеңістік құру үшін әзірленген; оқу үрдісін толықтыруға және әртараптандыруға, білім алушыларға зерттелген материалды практикалық қолдануды көрсетуге және мұражайларға баруды енгізуге, мұражай мәдениетін қалыптастыруға шақырады.

Осылайша, «жанды» сабақтар қоғамның толыққанды және өміршең, Қазақстанның азаматы мен патриотына айналатын баланың белсенді шығармашылық тұлғасын қалыптастыруға бағытталған бірқатар міндеттерді шешеді.

1 Әлеуметтік маңызы бар құндылықтарды тасымалдаушы және сақтаушы ретінде мұражайдың білім беру кеңістігіне кіріктірілуі

Білім беру реформаларын жүзеге асыруда әрбір мемлекет өз проблемаларын шешуге тырысады. Оның негізінде ұлттық басымдықтарды қалыптастырады. Алайда, ортақ нәрсе бар. Әрбір баланың қабілеттерін барынша дамыту міндетін қойған көптеген елдердің бастамашылары назарын мұражайларға аударады.

Мұражайдың білім беру кеңістігіне интеграциясы қазіргі заманғы білім беру ұйымын дамытудың анықталған мынадай стратегияларын ескереді:

- қазіргі педагогикалық ғылым;
- білім беруді дамытудың мемлекеттік саясаты;
- білім беру стратегиясының аймақтық құрамдас бөлігі;
- Қазақстандық білім берудің сыртқы міндеті

1.1. Қазіргі педагогикалық ғылым

Қазіргі педагогикалық ғылым экономикада, бұқаралық ақпарат және ақпарат саласында және әлеуметтік салада орын алып жатқан бірыңғай мәдени кеңістіктің қалыптасуының жылдам үдерістерін қамтиды.

Олар мектептің миссиясы болып табылатын өмір тәжірибесін беру үшін әлем ашық ашық көп мәдениетті кеңістікке айналады. Ғаламдық жаһандану жағдайындағы жаңа қоғамда орын алған ірі экономикалық өзгерістер мен технологиялық жетістіктер қоғам дамуының қозғаушы күші болып табылатын білім жүйесіне орасан ықпалын тигізіп отыр. Әлемдік қауымдастықтың біртұтас білім кеңістігін қалыптастыруға бағытталған ортақ мүддеге барынша әрекеттенуі жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген саналы да парасатты тұлғаны тәрбиелеу қажеттігін көрсетеді.

Жеке тұлғаның адамды адам ете түсетін қасиеттерін ашып көрсету, руханилығын дамыту – заман талабы. Егер адам руханишылығынан айырылса, онда ол эмоция мен сезімнен айырылады. Бұл сезімдер жеке тұлғаның бойында өмірге келген сәтінен бастап бірге дамиды, жасы ұлғайған сайын қоршаған ортасына сәйкес бірге қалыптасады.

Тәлім-тәрбие тұжырымдамасында "Тәрбиедегі басты бағыт – әрбір адам, ең алдымен өз халқының перзенті, өз Отанының азаматы болуы керек екенін, ұлттың болашағы тек өзіне байланысты болатынын есте ұстауға тиіс. Оның осындай тұжырымға тоқталуына ұлттық әдет ғұрыптар мен дәстүрлер көмектеседі, солар арқылы ол жалпыазаматтық мәдениетке аяқ басып, өз халқының мәдени игілігін басқа халықтарға жақын да түсінікті ете алады. Сондықтан әрбір ұрпақ өз кезімен өткеннің тағдыры мен талаптарын объективті факторлар ретінде ұсынып, сол арқылы ұрпақты өмірге даярлап, оларды жинақталған бай тәжірибе негізінде тәрбиелей отырып, өзінің ата-аналарының рухани мұрасын игере түсуі керек» екені айтылған.

“Қазақстан -2030” Ел Президентінің Қазақстан халықтарына жолдауында Қазақстан азаматтарының денсаулығын, білімі мен әл-ауқатын арттыруға, экологиялық ортаны жақсартуға ерекше мән берілген. Қазақстан Республикасының Ата Заңының 27-бабында да «балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы, әрі міндеті» деп белгіленген. Әрбір ата-ана өз перзентінің әдепті, саналы, иманды, білімді, Отанының сүйікті және кішіпейіл азаматы болып жетілуін қалайды.

Соңғы жылдары жүргізіліп жатқан қазақ халқының сан ғасырлық мәдени мұрасын зерттеу бұл елдігіміздің рухани, тарихи, мәдени негіздерін айқындау екендігіне дау тудырмайды. Рухани мұраларымызды елімізге және әлемге таныту бұл ұлттық ұстанымдарымызды айқындайды.

Академик Г. Волков «Батыстан келген бұл рухани апаттан жастарды аман алып қалудың жолын қарастыруымыз керек. Ол әр халықтың ғасырлар бойы ұрпақ тәрбиесінде қалыптасқан, түрлі сындардан өткен, халықтың бай тәжірибесіне сүйенген халықтық педагогика болмақ» -дейді.

Осы жағдайда қоғамның алға басуы және болашақ ұрпақтың қандай дәрежеде қалыптасуы тарихи тәжірибеміздегі педагогикалық құнды мұраларды қайта жаңғырта отырып пайдалануға тікелей байланысты. Қандай да болсын тарихи тамырынан, табиғи болмысынан қол ұзу жақсылыққа әкелмейді. Өйткені өзінде бар, ежелден сіңісті болған құндылықтардан ажырау тарихи сананы күңгірттендіріп, көрінгенге еліктеп, жанасымы аз бөгде түсініктердің жоғын жоқтатып, намысына нұсқан келтіретін құбылыс. Көне заманнан келе жатқан таным-түсінік, әдеп тағылымдарын ұғыну, білу және өмірге үйлесімділерін әжетке жарату жастардың туған халқына деген құрметінің артып және өнегенің рухани түлей түсуіне ықпал етеді[4].

1.2. Білім беруді дамытудың мемлекеттік саясаты

Мемлекеттік саясат Қазақстандағы мектеп білімін стратегиялық жаңғырту бағытында жүзеге асырылады. Жалпыға бірдей жаһандану мен жаңғырту жағдайында сыртқы шарттардың талаптарына сәйкес білім беру жүйесіндегі өзгерістер аса маңызды болып табылады. Адамзаттық капиталға, оның ішінде білім беру жүйесіне салынған инвестициялар экономика мен қоғам үшін маңызды қайырым беруіне септігін тигізеді. Бұл өзгерістер жылдам өзгерілетін әлемде бейімделе алатын, техникалық үдемелі, өндірістік жұмыс күшін құруға аса қажетті. Халықтың білім беруге, дағдылыққа, қабілеттілікке инвестиция салған елдер ғана болашақта жетісті экономика болады.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан Халқына арналған Жолдауында атап өткендей: «Білім беру – дегеніміз адамзат тіршілігінің стратегиялық маңызды саласы, тұлғаның қабілеттілігін дамытатын бірегей әлеуметтік институт. Білім берудің сапасынан технологиялық, экономикалық, саясаттық үдерістің

қарқыны, қоғамдағы мәдениет пен руханият жағдайы және ақырында адамның саулығы байланысты. Білім беру саласындағы Қазақстанда өткізіліп жатқан мемлекеттік саясат Республикамыздың ең маңызды мақсатына бағытталған – бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіру» [1].

Білім беру саласында Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатын жүзеге асырудың ұйымдастыру негізі Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға, қазақстандық білім беруді түрлендірудің жалғасын қамтамасыз ететін Мемлекеттік білім беруді дамыту бағдарламасы болуы тиіс.

Бағдарлама білім беру саласында мемлекеттік саясаттың ұйымдастыру негізі ретінде білім беру және тәрбие беру құрылымында, мазмұнында және технологияларында, басқару жүйесінде, білім беру қызметі субъектілерінің құқықтық-ұйымдастыру түрлерінде және қаржылық-экономикалық механизмдерінде өзгерістерді қамтитын ресурстар мен іс-шара мерзімдері бойынша өзара байланысқан кешендер болып табылады.

ҚР Үкіметі 2011 жылы 11 ақпанда Қазақстан Республикасының 2011 – 2020 жылдарға Мемлекеттік білім беруді дамыту бағдарламасын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспарын бекітті. Бағдарлама екі кезеңмен жүзеге асырылады: 2011-2015 жылдар және 2016-2020 жылдар.

Бағдарламаны жүзеге асырудың бірінші кезеңінде (2011 – 2015 жылдары) жеке бағыттар бойынша білім беруді дамыту модельдерін әзірлеуге, олардың сынамасына, сонымен қатар ауқымды түрлендірулер мен эксперименттердің басталуына байланысты жұмыстар жүргізу қарастырылды.

Екінші кезеңде (2016-2020 жылдар) басымдық, жабдық, білім беру жүйесін дамыту мәселелерін шешуге бағытталған шараларға инвестициялар сатып алуды болжайтын іс-шараларды (білім берудің материалдық инфрақұрылымын түрлендіруге және басқа шығыны жоғары жұмыстар, әдістемелік, кадрлық, ақпараттық қамтамасыз ету) жүзеге асыруға беріледі, алдыңғы кезеңдерде алынған нәтижелерді енгізуге және таратуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру қарастырылды.

Кезеңнің әрқайсысында Бағдарламаны жылдар бойынша жүзеге асыру барысын сипаттайтын көрсеткіштердің өзгеруі және бағдарламалық-іс-шаралардың білім беру жүйелерінің жағдайына әсері жоспарланады.

Қазақстанға білім беруді түбегейлі өзгерту қажет: білім беруге инвестицияларды айтарлықтай және тұрақты арттыру, оның сапасын жақсарту[5].

1.3. Аймақтық білім беру стратегиясы

Аймақтық білім беру стратегиясының құрамдас бөлігі өңірдің ерекшелігін, оның дәстүрлері мен сапалық сипаттамаларын есепке алып, мыналарды қамтиды:

- аймақтық компоненттің негізгі білім беру стандарты мен білім мазмұнын табиғи үйлесуі;
- білім беру кеңістігінің шекарасын кеңейту және оқу процесіне өңірдің бай мәдени әлеуетін тарту;
- оқу үрдісінде аймақтың мәдени мұрасын дамытудың формалары мен инновациялық тәсілдерін дамыту.

Қазақстан Республикасының аумағы туралы білім алудың үлкен ағымын игеру - мектеп пәндерінің мазмұны бойынша өңірлік компоненттерді зерттеуді жетілдіру қажет. Әр пәннің өзінің аймақтық құрамдас бөлігі болып табылады.

1.4. Қазақстандық білім берудің сыртқы міндеті

Қазақстандық білім берудің *сыртқы міндеті* қазіргі заманғы білім беруді дамытудың ең қуатты стратегиясы болып табылады, ол жаһанданумен байланысты, ол қоғамдық сананың әр түрлі нысандарында көрініс табады. Ең бастысы, ұлттық мәдениеттің дағдарысы, адамның рухани өзін-өзі анықтауының негізін қалыптастыруға бағытталған патриоттық және *рухани тәрбие* идеяларын жандандыру қажеттігін бірінші орынға қоюға әкеледі.

Ел мен ұлтты жаңғыртудың серпіні, қоғамның санасын сапалы өзгерту, азаматтық қоғамды дамыту, азаматтардың қызметі.

Рухани көздер - ғасырлар даналығы, ұрпақ, тарихтың жарқын мысалдары мен бейнелеу тәжірибесі. Жас ұрпақ үшін өте маңызды, тек білім ғана, жоғары ойлар мен мақсаттар, адамға рухани нәрсе болатын маңызды ой, оны ішкі және сыртқы жағынан әдемі етеді. Қазіргі ұрпақтың ерекше тарихи жауапкершілігі - Тәуелсіздіктің табыстары мен жетістіктерін сақтау және көбейту. Сондықтан, барлық мемлекеттік және қоғамдық институттардың тұрақты және шоғырландырылған жұмысы бұрынғы және қазіргі заманғы ұлттық тарихтың мағыналары мен құндылықтарын қазақстандық мемлекеттілікті одан әрі нығайту үшін танымал ету үшін қажет

1.5. Мұражайларды топқа жіктеу

Топтау нысандары болып мұражайлар саналатындықтан мұражайлардың жіктелуі олардың белгілі бір қасиетіне байланысты мұражайларды түрлі топтарға бөлуді көздейді. Жіктелу мұражайлардың белгілі түр, бағдар, мәртебе және санатқа жатқызылуын көрсетеді. Мұражай түрі қоғамдық қолданудың сипатымен айқындалады. Бұл белгілер бойынша мұражайлар үш негізгі түрлерге бөлінеді: ғылыми -ағартушылық, ғылыми және білім беру. Мұражай бағдары белгілі білім, өнер немесе өндіріс саласындағы байланыстармен анықталады.

Мұражайлардың топтарға бірігуі педагогикалық қызмет тәсілдерін жүйелендіріп және мұражайдың өзіндік өзгешелік бағдарына сәйкес оның білім беру мен ағартушылық қызметтерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді

Бұл жағдайда педагогикалық жұмыстың түрлері мен әдістері мұражайдың әр тобы үшін бірдей болады.

Мұражайлар жабық жүйедегі, мемлекет пен қоғам алдында мұражай заттарын сақтау, қорғау, пайдалану функцияларына жауап беретін мекеме. Мұражай жүйелері әртүрлі профильдегі, типтегі мұражайлардан тұрады. Мұражайлар негізгі профилі жағынан төмендегідей топтарға бөлінеді:

1. Тарихи мұражайлар – тарих білімі мен ғылымына негізделген жүйе бойынша бөлінеді. Олар:

- а) жалпы тарихи
- б) археологиялық
- в) этнографиялық
- г) нумизматикалық
- д) тарихи – экономикалық
- е) білім мен ағартушылық тарихы
- ж) арнайы тарихи мұражай (спорт тарихы, музыка тарихы т.б.)

2. Көркемөнер мұражайы өнер мен өнертануға қатысты барлық мұражайлар.

Мысалы, өнертану мұражайы, картина галереясы, мүсін мұражайы, қолөнер мұражайы, қолданбалы өнер мұражайы, гравюра кабинеті, театр, музыка, кино өнері мұражайлары т. с. с.

3. Табиғи – жаратылыстану тарихи мұражайлары - өз жұмыстарында жаратылыстану ғылымы пәндеріне сүйенеді. Оған биологиялық, ботаникалық, зоологиялық, геологиялық, минералдық, палентологиялық, антропологиялық және экологиялық т. с. с. мұражайлар жатады.

4. Техникалық мұражайлар – техника ғылымымен тығыз байланысты мұражайлар, оған: политехникалық, техникалық, авиация, автокөлік, байланыс, кеме жасау, тау – кен ісі, темір жол көлігі, жеке өнеркәсіптер мұражайы, техника ескерткіштері т. с. с. мұражайлар жатады.

5. Әдеби мұражайлар - әдебиет салаларына бағытталған, белгілі жазушылардың өмірі мен қызметіне арналған мұражайлар.

6. Кешенді мұражайлар – екі, үш профильде жұмыс жүргізетін мұражайлар. Мысалы, тарихи – көркем, тарихи – архитектуралық, ауыл шаруашылығы мұражайы т. с. с. Комплексті мұражайлардың кең тараған түрі - өлкетану мұражайлары. Олар тарих пен жаратылыстану бағытын біріктіріп жұмыс істейді. Ал типтік жағынан мұражайлар 3 – ке бөлінеді:

- 1) ғылыми зерттеу;
- 2) көпшілік – ағарту;
- 3) зерттеу, академиялық – оқу.

Қазіргі мұражай жүйесінде ғылыми зерттеу типі кең тараған.

Ал академиялық оқыту мұражайлары белгілі бір ғылыми салаға байланысты зерттеу жұмысын терең жүргізеді. Әсіресе, мұражай қорларын

жинақтаған кезде далалық экспедиция жұмыстары, бірлескен археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесі кеңінен қолданылады. Мұражай жұмысы тек өткен дәуірдің ескерткіштерін жинап қана қоймай, қазіргі заман тұрғысынан да үнемі ізденушілік, зерттеу жұмыстарын үзбейді. Ғылыми жұмыстардың көп міндеттері экспозициялар арқылы шешіледі [6].


Мұражайлар мынадай белгілер бойынша жіктеледі.

1. Түрі бойынша немесе қызмет аясы мен адресат бойынша (зерттеу, ғылыми-ағартушылық, білім беру, балаларға арналған);
2. Сақталған мұраның түрі бойынша (коллекциялық Мұражайлары, қоршаған орта мұражайы, үй- мұражайы, сарай -мұражайлар, пәтер-мұражайлар);
3. Ғылыми-құжаттамалық қызметті жүзеге асыру белгісі бойынша (коллекциялық және ансамбль түріндегі мұражайлар);
4. Экспозиция мен нысандарының ғимарат қабырғасынан тыс орналасуы бойынша аспан астындағы мұражайлар (мұражай-ескерткіштер, мұражай-қорықтар, сәулет-ансамбльдері, ландшафтылар, қоныстар, ботаникалық бақтар, «Скансен» түріндегі мұражайлар, тірі мұражайлар);
5. Екі немесе одан да көп бағдарды біріктірген өзіндік белгілері бар мұражай түрлері (кешендік, өлкетану, тарихи-әдебиеттік, сәулет-көркемөнер, экомұражай, мемориалды);
6. Мәдени маңыздылығының санаты бойынша (ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра нысандарының тізіміне кіретін мәдени мұраның аса құнды нысанының мұражайлары);
7. Мәртебесі бойынша мұражайлар үш топқа бөлінеді:
 - а) Меншік түрі бойынша (мемлекеттік, муниципалды, қоғамдық, коммуналдық, ведомстволық, бірлескен, жеке, шіркеулік, оқу орындары жанындағы мұражайлар, өнеркәсіп жанындағы мұражайлар);
 - ә) Әкімшілік аумағы тиесілі бойынша (орталық, ұлттық, республикалық, өлкелік, облыстық, қалалық, аймақтық, ауылдық);
 - б) Мұражай желісінде орны бойынша (мұражайлық бірлестіктер, бөлімшелер, басмұражайлар, мұражай-қорықтар, мәдениеттің аса құнды нысаны-мұражайлар);
 - қызмет көлемділігі бойынша
 - мұражай түрінің мекемелері (виртуалды мұражай, мұражайдың жеке қызметін атқаратын мекемелер-галерия);
 - бейінді топтар бойынша (мұражайдың белгілі ғылыммен, өндіріс саласымен, техника немесе өнер түрімен байланысады).

Мұражайлардың түрі немесе қызмет аясы мен адресат бойынша жіктелуі мұражай қызмет жасап отыратын келушілердің негізгі санатымен байланысты. Келушілер санаты ішінде әдетте келушілердің кең шеңбері оқушылар, балалар, мамандар көзге түседі.

Мұражайлардың түрі бойынша жіктелуіне ғылыми-зерттеу, ғылыми-ағартушылық, білім беру, балалар мұражайлары жатады. [7].

Сурет №1. Мұражайлардың түр бойынша жіктелуі.



1.6. Қазақстандағы мұражайлардың қалыптасуы мен негізгі бағыттары

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1998 жылдың 19 мамырында мұражай қызметкерлерін құттықтау сәтіндегі: - «Егемен еліміздің мәдени өмірінде мұражайлардың орны айрықша. Тарихымызды терең зерттеп, оның тәжірибесінен тағылым алу – Қазақстанда патриотизмді қалыптастырудың, Отанның лайықты азаматтарын тәрбиелеудің басты шарттарының бірі...»– деген сөздері мұражай қызметінің басты ұстанымы болуға тиіс.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздікке қолы жетіп, қоғамның саяси- әлеуметтік, экономикалық, мәдени, рухани салаларындағы пайда болған түбегейлі өзгерістер зиялы қауым алдына оларды жаңаша зерделеу міндетін қойды. Осы міндетті жүзеге асыруда өткенді бүгінгі күннің биіктері тұрғысынан тарихи талдаудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының Президентінің жарлығымен 1998 жыл – «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы», 2000 жыл– «Мәдениетті қолдау жылы» деп жариялануы еліміздің тарихының зерттелмей келген қырларын ашуға, ақтандақтардың орнын

толтырып, шындықты қалпына келтіруге мол мүмкіндіктер бергені баршамызға айқын.

Қоғамның белгілі бір даму кезеңдерінде ғылыми іздену, халық-ағарту, мәдени мұраларды сақтау жұмысының жүйесі - бұл мемлекеттік маңызы зор мұражай мекемелерінің жұмысы болып табылады. Қазақстанның мұражайтану ғылымы саласы дамуы күрделі және жауапкершілігі мол уақытта тұр. Еліміздің мұражайтану ғылымының алдында көптеген күрделі мәселелер ғылыми шешуін күтуде, солардың бірі мұражай мекемелері жұмысының ғылыми-методикалық мәселелері. Сонымен қатар, мұражайлар бойынша жеке мұражайлық әдебиеттер, нормативті мұражай құжаттарын жүйелеу, көптеген тарихи – археологиялық экспозициялардың мазмұнын ашу, мұражайдағы археологиялық қорларындағы жәдігерлерінің жинақталуы мен сақталу жағдайы және тағы басқалар шешімін күттірмес мәселелер болып табылады.

Мұражайлық өлкетанудың дамуы «Қазақ АКСР-інің құрылуы туралы» декретке қол қойылғаннан кейін 5 жыл уақыт өткен соң Орынбордағы мұражайды кеңейтіп, Халық ағарту комиссариатының құзырына өткізу туралы шешім қабылданады. Сөйтіп, 1831 жылы орыс ғалымы В.И.Дальдің ұйымдастыруымен құрылған мұражайдан Қазақстанның мұражай тарихы басталады.

1922 жылы 24 қаңтарда Халық ағарту комиссариаты Орталық өлкелік мұражай туралы ережені бекітті. Бұл ереже бойынша Орталық өлкелік мұражай қазақ халқының мәдениетіне байланысты барлық заттарды, мағлұматтарды жинап, бүкіл халықтың қолданысына айналдырды және барлық губерниялық мұражайлармен тығыз қарым-қатынаста болып отыруды міндеттеді. Осы күннен бастап жалпы өлкетану жұмысымен, яғни табиғатты, шаруашылықты, әдет-ғұрыпты, мәдениетті зерттеумен тарихи-өлкетану мұражайлары айналыса бастайды. Орталық өлкетану мұражайының алғашқы есебінде бірінші жарты жылдықта (1922 ж.) мұражай 93 күн жұмыс істеп, оған 10770 адам немесе күніне орта есеппен 137 адам келгені айтылады.

Мұражай жанынан құрылған балалардың қолөнер үйірмесі ерекше назар аударған. 1921 жылы 7 ақпанда Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариаты тарихи, мәдени ескерткіштерді қорғау туралы қаулы қабылдады. Онда Халық ағарту комиссариаты ғылыми бөлімінің шешімінсіз бірде-бір қорған немесе ескерткіш орындарын қазуға тыйым салынды. Жергілікті жердің оқу бөлімдеріне ескерткіштерді іздеп табу және есепке алу жүктелді.

1920- жылдары өлкелік, аудандық өлкетану бюролары құрылды. Оның міндеті өнер бұйымдарын, ескерткіштерді, көне заттарды қорғау болды. 1923-24 жылдары Қазақстанның Орталық мұражайының жұмысы Қазақстанды зерттеу қоғамымен тығыз байланысты жүргізілді. Мұражайдың мәдени-ағартушылық қызметін, тәрбиелік рөлін көтеру мақсатында тақырыптық көрмелер ұйымдастырылды.

1924 жылдан бастап Орынбор мұражайын Қазақ республикасының жеріне көшіруге дайындық басталады. Экспонаттардың үштен бірі

Орынборда қалып, үштен екісі Орталық өлкелік мұражайдың қорына беріледі.

Алматыға мұражай 1929 жылдың мамыр айының соңында көшіріледі. 1927 жылы мұражай директоры болып тағайындалған А.С.Махонин Орталық мұражайға экспонаттарды көшіруге және ұйымдастыруға көп күш салады. 1930 жылы сәуірде Бүкілқазақстандық ғылыми өлкетанушылық съезд жұмысына қатысып, мұражай өз экспонаттарын көрмеге қояды. 1897 жылы негізі қаланған Жетісу губерниялық мұражайы орталық мұражаймен біріктіріледі. Кейінгі жылдары мұражай қоры Жетісу облысының, қазақ әскерлері мен республикалық дінге қарсы мұражайларының коллекциясымен толықтырылды. Мұражай 1931 жылы Алматы қаласындағы бұрынғы Кафедралық собордың ғимаратына орналасты.

Кеңес дәуірі кезеңінде жалпы тарихи, тарихи-революциялық, әскери-тарихи, этнографиялық, өлкетану мұражайы болып бөлінді де, олар жалпы мұражайлардың 63%-ын құрады. Қазір Қазақстанда тарихи, өлкетану бағытындағы мұражайлар басым. Оларға мемлекет тарапынан көп көңіл бөлінуде. Себебі, ондағы ғылыми жинақтау, ғылыми қор, экспозиция, көрме, үгіт-насихат бағыттары жұмыс істеп, жас ұрпақты тәрбиелеу жұмысында маңызды рөл атқаруда.

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алған кезден бастап, басқа да ғылым салалары сияқты мұражайтану ғылымы да түбегейлі өзгерістерге енуде. Тарихи дәуірлердегі және қазіргі кезеңдегі мұражайтану ғылымын зерттеу, мұражай туралы танымдарды қалыптастыру бұл динамикалық көп мәнді әлеуметтік мәдениет институты ретінде қызмет етеді.

Мұражай ісі және ескерткіштерді қорғау саласы бойынша білім алушы болашақ маманның тарихи-мәдени құндылықтарды сақтау және қорғау жөніндегі халықаралық және отандық заңнамалар туралы нақты білімі мен көзқарасы болуы тиіс. Сондай-ақ мұражайлық тіркеу құжатымен жұмыс жасау, мұражайлық экспозиция және көрме жобалау ісімен, мұражай мекемелерін басқару және маркетингімен, мұражайлық коллекцияларды сақтау және қорғау ісімен, мұражайлық коммуникация және экскурсия қызметімен таныс болуы, отандық және шетелдік музеология ғылымының алдында тұрған негізгі мәселелерге байланысты сұрақтарға жауап беруі тиіс.

Жасыратыны жоқ, туған тарихымызды көрсетуде айтарлықтай кемшіліктер мұражай экспозицияларында баршылық. Өйткені қазіргі барлық тарихи және тарихи-өлкетану мұражайларының бәрі дерлік кешегі Кеңес дәуірінде тарихқа тар шеңберде, негізінен тек таптық тұрғыдан қарап келген кезеңде қалыптасты. Экспозициялардың барлығы тек осы тұрғыдан, осы талап діңгегінен ғана құрастырылды. Ұлы есімдер, тарихи тұлғалардың еңбектері ескерусіз қалып, кемшіліктер мен қиыншылықтар бүркемеленді, кеңестік табыстар мен болмашы жетістіктер асыра мадақталды. Осыдан келіп мұражай экспозицияларын бүгінгі талап, бүгінгі жаңа концепция тұрғысынан қайта жасақтау қажеттілігі туды.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан, Қазақстанда аса күрделі, қарама-қайшылыққа толы мәдени үрдістер жүруде. Бұл республиканың мәдени-ағарту мекемелерінің жүйесіндегі мұражайлардың жұмысынан айқын көрініс тапты. Қазақстан мұражайлары еліміздің тәуелсіздігі мен ұлттық тарихы мүдделерін насихаттауда. Сонымен қатар, мұражай ісі үшін маңыздысы – Халықаралық мұражайлар кеңесінің ұлттық комитеті мекемесінің жұмыс істей бастауы болды.

1991-2018 жылдары Тәуелсіз Қазақстан мұражайларының қызметі атап айтарлықтай дамыды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы өтпелі кезең қиыншылықтары мұражайлардың материалдық техникалық және кадрлық әлеуетін әлсіреткенімен олардың мәдени үрдістегі орнын төмендеткен жоқ. Қазіргі өскелең жастарды қоғам және мемлекет қайраткерлерінің тағылымы, өмір жолдары негізінде тәрбиелеу – жастарға патриоттық тәрбие берудің бір саласы болып табылады.

Қазақстанның мұражайларын дамыту мен қалыптастыру ісінде қазіргі заман талабына сай сын көтермейтін де мәселелер баршылық. Мұражайлардың зерттеу барысында олардың қызметінде келесідей кемшіліктерді байқалады:

– Мұражайлар ісінің нығаюында адам факторы мәселесін жолға қою шешімін таппаған мәселе, атап айтқанда мұражайлардың кадрлық әлеуеті, еңбек ақысы, білім жетілдіру саласын дамыту мәселесі, жаңа ақпараттық технологиялармен қамтамасыз ету мәселесі әлі де болса өз шешімін таппай келеді.

- Қазақстандық мемориалдық мұражайларға туристерді тарту ісі мүлдем жоқтың қасы деуге болады.

- мұражай қорларын өңдеу, мен электронды саяхатын жүзеге асыру мақсатында инновациялық қадамдар жасалмаған.

Қазақстандық мұражайлардың қызметін жетілдіру мақсатында мынадай ұсыныстар жасағым келеді:

- мемориалдық мұражайлардың экспозициясын жетілдіру мақсатында мемлекеттік қаржыландыруды күшейту керек;

- мұражай саласы қызметкерлерінің өз қызметіне қызығушылығын арттыру мақсатында еңбекақысын көтеру керек;

- Мұражайлардың электронды аудиогидтерін, электронды саяхатты жүзеге асыра алатын электронды жолсеріктерін шығару керек;

- Қазақстандық мемориалдық мұражайлардың қызметі мен бағытын жетілдіру мақсатында мұражай қызметкерлерін әлемдегі тәжірибесі озық мұражайларға тағылымнамаға жіберу керек;

– Қазақстандық мұражайлардың виртуалды мұражай ретінде электронды саяхатын жасап, ғаламторлық сайты жасау керек, электронды жолсеріктерін жасау керек, себебі виртуалды мұражайларға саяхатқа шығу арқылы визуальды турист болуға болады. Бұл ХХІ ғасыр мұражайлары жолға қойып отырған инновациялық қадам.

Осындай іс-шараларды кешенді іске асырған жағдайда, қазақстандық мұражайлар, әлемдегі мұражайлар кеңістігі қатарына енетіні сөзсіз [8].

1.7. Мұражайдың ғылыми – ағарту жұмысы.

Музейдің ғылыми – ағарту жұмысының негізгі формасы – экскурсия. Музейлердің ағарту, білім беру, тәрбиелеу жұмысының түрлері мен әдістері әрқилы. Оның ең кең тараған түрі-музей экспозициялары мен көрмелер бойынша экскурсиялар жүргізу, музейден тыс тарихи – мәдени ескерткіштерге жасалатын экскурсиялар болып табылады.

Экскурсия түрлері:

1. Мазмұны бойынша;
2. Қатысушылардың құрамына, санына қарай;
3. Өткізген орнына қарай;
4. Жылжу тәсіліне қарай;
5. Экскурсияның ұзақтығына қарай;
6. Өткізу түріне қарай.

Тарихи ескерткіштердің мазмұнына қарай екіге бөліп қарауға болады, бірінші шолу, екіншісі тақырыптық. Ал шолу экскурсиясы жүргізілетін болса көп тақырыпты қамтиды. Тарихи және қазіргі мәліметтерді жеткізуде әлеуметтік желілерді пайдалана отырып, жарияланған ақпараттар негізінде ғылыми тұрғыда ой қозғау. Қатысушылардың құрамына, санына қарай және әртүрлі ұлт өкілдеріне ұйымдастырылатын экскурсия үш тілде жүргізілу бағытында арнайы курстар өткізу керек. Экскурсия өткізілген орнына қарай комплексті жүргізілу мен жылжу тәсіліне қарай автобустармен толық жабдықталып, қауіпсіздік ережелері, денсаулық жағдайларыда басты назарда болғандықтан әр адамның электронды және парақшада жеке анкеталық толтырымы болу керек. Қала, облыстан тыс жерлерде маршрутты экскурсияның ұзақтығын жеңілдету мақсатында жарнамалық, музыкалық тұрғыда экскурсия ұйымдастыру үшін қажетті жаңа технологиялармен жабдықтау мәселелері алға қоюлуы қажет.

Экскурсияның жүргізілу әдістеріне тоқталар болсақ, экскурсия жүргізушілері жұмысының спецификалық құрлысына көңіл бөлу керек. Бұл әдістемелер экскурсияның спецификасынан шығады, яғни көрсетілім мен әңгімелеп берудің ұйқасуы және экскурсия жүргізушілерінің объектіден объектіге орын ауыстыруы. Экскурсияға қатысушылардың алып отырған білімі объективті әлем құбылыстары мен зерттеліп отырған пәнді тікелей қабылдауға негізделеді. Экскурсия өткізуде топтардың жартылай сақина күйінде орналасуы ең икемді болып табылады.

Экскурсияны ұйымдастыру кезінде туындайтын қажетті жабдықтар:

1. Экскурсия барысында қатысушыларға жақсы естілетініне және көріну үшін жарық шамдары мен дыбыс күшейткіш құралдар қолданысқа және геологиялық т.б. ғылыми зерттеу тақырыбында облыс бойынша жарық көрген еңбектердің таралымы кеңейтілсе;

2. Қазақстанның әр облысы бойынша экскурсия жетекшілеріне төс белгі, киім үлгісі белгіленсе;

3. Экскурсия кезінде ақпараттық насихаттау жұмыстары мен келушілер тың тарихи деректерді тез арада көрсету үшін интерактивті тақта музей залында немесе фойесінде орналастыру мүмкіндігі қаралса;

4. Музей әкімшілігі қоғаммен байланыс қызметін жүргізуде (анкета толтыру, жеке әңгімелесу, ақпарат құралдары арқылы байланысу, т. б.). Осы жұмыстар негізінде талдау жасап, ұсыныстарды қабылдап, дамытуды жетілдірілсе;

5. 2014 жылы жарияланған Қазақстан Республикасының Перзиденті Н. Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауынан туындаған мүмкіндігі шектеулі жандарды қоғамдық араластыру керектігі жөнінде тапсырма берген болатын. Осыған орай, берілген тапсырмаға сәйкес мүмкіндігі шектеулі және көру, есту қабілеті нашар, зағип жандарға экскурсияны үнемі жүргізілуде, бірақ та, қазіргі таңда арнайы курстан өткен судоудармашыны қажет етіп отыр [10].

Қазіргі әлеуметтік-мәдени кеңістікте мұражайлардың ролі олардың білім беру қызметінің кең көлемде таралуымен және тереңдігімен ерекшеленеді. Сондай-ақ сан ғасырлық тарихы бар рухани-мәдени игіліктерді оқу-тәрбие үрдісінде лайықты пайдалану жалпыадамдық құндылықтарды терең түсінуге де ықпал етеді. Қоғамның сұранысына сай мұражайлардың ақпараттық әлеуеті, олардың рухани және материалдық құндылықтардың түпнұсқасын сақтаумен және оны келешек ұрпаққа жеткізуі кәсіби қызметімен сәйкес келеді. Мұражайдың білім беру үдерісіндегі негізгі мақсаты – тұлғаның сол кезеңдегі тарихи-мәдени кеңістіктегі танымын арттыру. Мұражай қойылымдарындағы көрнекіліктер ұлттық мұра-мұрағаттарды халыққа насихаттау арқылы рухани құндылықтарды қадірлеу, отансүйгіштік, адамгершілік деген сияқты баға жетпес құндылықтарды қалыптастыру мақсатында қызмет етеді. Бұл күнде мұражайлар типі ғылыми-зерттеу, ғылыми-ағарту, және оқу мұражайлары болып бөлінеді. Мәдени – білім беру және ағарту бағытында ғылыми-ағарту мұражайлары кең ауқымда көпшілікке қолжетімді болып келеді[11].

Мұражай жәдігерлері экспозициялық кешенді түрде жинақталып, ғылыми қосалқы материалдармен жабдықталады, мәтіннің мазмұнына қарай өте зор коммуникативтік және сыртқы ақпараттық хабарға бай болады.

Мұражай заттарының түрлерін төмендегідей топтауға болады:

1. Жәдігерлік ескерткіштер – тарихи кезеңдерден дерек беретін, әртүрлі тарихи оқиғалар, фактілер, табиғат пен қоғам қатынастарынан көрініс беретін, тарихи, мәдениет, әдебиет, ғылым саласындағы тұлғалар өмірінің дерек көзі.
2. Құжаттық ескерткіштер: баспа заттары, автограф, фото және кино деректер.
3. Бейнелеу өнерінің ескерткіштері.

Экспозицияның информативтік жағын дайындағанда төмендегідей талаптар қойылады:

1. Ғылыми экскурсия кезінде берілетін мәлімет өзекті, ғылыми жағынан дәйекті, фактілермен негізделген болуы тиіс.
2. Берілетін мәлімет тақырыпты терең және толық ашуға, келушілерге түсінікті болуы керек. Ақпарат көлемі экскурсияның танымдық және тәбиелік мақсаттармен сәйкес, психологиялық және қажеттілігі жағынан, қабылдауы жағынан аудиторияны қанағаттандырып, талабынан шығуға сай болуы керек.
3. Ақпарат экскурсанттардың білімі мен интеллектуалдық деңгейіне сай болуы тиіс. Мүмкіндігінше келушілердің қызығушылығына, талабына орайластыруы керек.
4. Келушілердің назарын аудартатындай ерекше, әр сипаттағы, салыстырмалы, контрасты материалдарды кең қолданған дұрыс[6].

1.8. Мұражай педагогикасының білім беру жүйесіндегі орны

Осы уақытқа дейін Қазақстандағы мұражайлар көбінесе тарихи бағытта жұмыс істеп келді. Мұражай ісі - ғылымның, білім беру ісінің маңызды бір саласы. Мұражай мен мектептің өзара әріптестігіне бағытталған гуманитарлық білімді жаңарту – ХХІ ғасырдың басындағы жаңа білім беру парадигмасы болмақ.


Мұражай педагогикасы дегеніміз – тұлғаның арнайы ұйымдастырылған заттық- кеңістік ортаға кірігуінің туындысы, яғни оның өнер туындыларының, табиғи ескерткіштердің, экспонаттар – яғни көркем орындалған жануарлар үлгілерінің, өсімдіктер композицияларының әлеміне енуі. «Енудің» тиімді нәтижесі мұражайға келушілердің мұражай экспонатын қабылдау, оның ассоциациялық ойлауының ерекшеліктеріне байланысты болады.

№1 кесте. Мұражайдың педагогикалық қызметі

| Мұражайдың педагогикалық қызметі | |
|----------------------------------|--|
| Білімділік | Көру, есту арқылы қабылдау және ақпаратты меңгеру; оқу бағдарламасының аумағын кеңейтетін, экологияға, зоологиялық объектілерге қызығушылығын арттыратын дидактикалық материалдарды қолдану; |
| Дамытушылық | Ойлауды, интеллектуалдық сезімді, есте сақтауды, сенсорлы- физиологиялық құрылымды, сөздік қорын, тіл байлығын арттыру; |
| Тәрбиелік | Мақсатқа бағытталған қызмет өзіндік сапаны, көзқарасты, сенімді қалыптастырады, келушіні тәрбиенің қарым-қатынастық жүйесіне қосады, білім берумен қатар қоғамдық тәжірибенің әр элементтерін, олардың интериозациясын-қоғамдық қызметінің элементтерін түсіну арқылы адам психикасының ішкі құрылымын өзгертеді және экстериозация – психиканың |

| | |
|--------------------|--|
| | ішкі құрылымын белгілі бір іс-әрекетпен бейнелеуін игертеді; |
| Ағартушылық | Шеберлікке, әдетке дағдыландыру, алынатын ақпаратты дәл қабылдауды қалыптастыру; |
| Кәсіптік бағдарлық | - Болашақ мамандықты анықтайтын триггерлік мотивті қалыптастыру. |

Оқытудағы қызметінің мазмұны мұражайдың тыңдаушылармен жұмысын ұйымдастыру түрлерімен және білім беру жүйесімен қарым-қатынасынан көрінеді. Мұндай қарым-қатынастың мұражай жинағында жүзден аса түрлері бар, оның ішіндегі негізгі түрлерге мыналар жатады: дәріс, экскурсия, дайындық сабақ, ғылыми оқулар, үйірмелер, әдеби кештер, киносеанстар, концерттер, қызықты адамдармен кездесу, мерекелер, тарихи ойындар, сайыстар және викториналар. Сонымен қатар түрлерге мынадай сипаттама беруге болады: дәстүрлі-жаңа, динамикалық-статистикалық, топтық- жекеше, белсенді-белсенсіз, жай-кешенді, бір реттік-тоқсандық, ақылы-ақысыз және т.б. Мысалы, жаңа түрлердің пайда болуына негіз болған дәстүрлі түрлерге дәрістер, экскурсиялар, конференциялар, ғылыми оқулар, дайындық сабақтар, үйірмелер жатады. Мұражай қызметінде жаңа технологиялардың дамуына байланысты мәдениеттің басқа салаларына қатысты кірме түрлер дәстүрлі емес болып қарастырылады[13].



Сурет №2. Білімнің әлеуметтік-мәдени парадигмасының моделі

Белгіленген міндет тек мектептің ғылым, мәдениет, денсаулық сақтау өкілдерімен, барлық мүдделі ведомстволармен және қоғамдық ұйымдармен үнемі өзара әрекеттесу барысында қол жеткізуге болады, олардың арасында мұражайларға ерекше рөл беріледі.

Мұражайлар - бұл оқу үрдісінің жан-жақтылығы, оның көп векторы мен тереңдігіне қызығушылық танытатын әлеуметтік әріптестер.

Мұражайларды білім беру және тәрбиелеу мақсатында пайдалану мұражай педагогикасының пайда болуына әкелді, ол элементтер мен мұражайды, педагогиканы біріктіреді және әлеуметтік және психологиялық зерттеулермен толықтырылады. 1982 жылы неміс мұражайы (мұражайшы) Клаус Шрайнердің ғылыми жұмыстарында «мұражай педагогикасы» трактовкасын түсіндіру:

«Бұл мазмұнды және принциптерді, сондай-ақ мұражай процесіне тән әдістер мен білім беру зерттейтін әлеуметтік ғылымның арнайы пән». Мұражай педагогикасы - мұражай нысандарын зерттеумен, педагогикалық тұрғыдан ақпаратты қабылдау мен мұражай құралдарды қолданудың табиғатымен тығыз байланысты ғылыми пән. Заманауи зерттеулерде мұражай педагогикасы мұражаймен түйіскен ғылыми пән болып табылады, педагогика және психология, мұражайды білім беру жүйесі ретінде қарастырады. Осыған байланысты мұражай педагогикасы:

- мұражайдың және педагогикалық процестердің заңдарын зерделеу және оларды тәжірибеде пайдалану, педагогикалық көшбасшылықты жетілдіру мүмкіндігі;

- мұражайының көрермендерге сараланған көзқарас қажеттілігін негіздейтін мұражай аудиториясының әр түрлі әлеуметтік және жас топтарына мұражайдың нақты педагогикалық әсерін анықтау;

- мұражайлардағы тәрбие жұмысының тәжірибесін жалпылау және осы негізде ғылыми және әдістемелік ұсыныстар әзірлеу және жетілдіру;

- білім беру мекемелерінің әртүрлі түрлерімен мұражайлардың бірлескен жұмысының ең оңтайлы формалары мен әдістерін анықтау;

- мұғалімдердің педагогикалық мүмкіндіктерін іске асыру тұрғысынан мұражайдың дамуын болжау.

Мұражай педагогикасы, мұражай қызметінің бір түрі ретінде, адамның рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, тарихи-этнографиялық білім беру тәжірибесінде біртұтас оқу үрдісінде талап етіледі. Бүкіл әлемге адамзат жинаған ең жақсы жағдаймен, өткенді бүгінгі және келешекпен байланыстырады. Мұражай педагогикасы туған өлке мен мектеп оқушыларының тарихын зерделеуімен тығыз байланысты.

Мұражайдың тәрбие және білім беру әлеуетін Еуропалық мұражай мектебінің өкілдері зерттеді: К. Фризен, А. Кунц, В. Хильгрерс, А. Вогт, К. Птцвал, Дж. В., ресейлік мұражай мамандары Б. А. Столяров, М. Ю. Юхневич, Ю. У. Гуралчик, И. А. Колесников, Н. Г. Макаров, Е. Ванцлова және басқалар (9).

1658 жылы Я. А. Коменский өзінің «*Orbis Sensilium Nictus*» еңбегінде алғаш рет мұражай құндылықтарының көрнекі құрал ретіндегі педагогикалық аспектілерін ашып көрсетті.

Мұражайлардың мақсаты төмендегідей болды:

- өнерді қоғамның барлық жігіне тарату;
- көркем білімнің деңгейін көтеру;
- индустриалдық өнердің сапасын жоғарылату.

1880 жылдары мұражайларда оқушыларды ғылыми – техникалық және көркемдікке оқыту мен тәрбиелеу бойынша бірлескен жұмысты қамтамасыз ету үшін мектеп мұғалімдерін өзара қатынас қызметі құрылды. Қоғамның барлық жігіне әсер ететіндей деңгейде мұражай мен мектепті біртұтас жүйеге айналдырған Г.Коль болды. Ол мұражайдың білім беру жүйесіндегі рөлін айқын түсіне отырып, былай деген: «Мұражай мен галереялар алдарына білімдік мақсат қоймайынша, тиімсіз және адам жалықтыратын мекеме болып қала береді».

Г.Кольдің бұл ұстанымы мұражайдың білім беру жүйесіндегі рөлін айқындап берді десек болады.

Бұл бағытта мұражайлардың атқаратын рөлі жоғары деуге болады. Оқу орындарындағы мұражайлар белгілі тақырыпқа біріктірілген, жинақталып жүйеге келтірілген, қазіргі кездегі ережеге сәйкес сақтап, өткен дәуірдің мәдени, тарихи және табиғи ескерткіштерді жинақтап, көпшілік бастама бойынша жұмыс істейді.

Осындай мұражайлардың негізгі міндеттері:

- тарихты үйрену арқылы Отанға, туған өлкеге, мәдени және тарихи ескерткіштерге, мәдениет пен табиғатқа сүйіспеншілікті тәрбиелеуде мұражай заттарын жинап, сақтау;
- туған өлкенің тарихи, мәдени және табиғи ескерткіштерін қорғау және насихаттау;
- болашақ маман мен халық арасында мәдени – ағарту жұмыстарын жүргізу.

Белгіленген міндет тек мектептің ғылым, мәдениет, денсаулық сақтау өкілдерімен, барлық мүдделі ведомстволармен және қоғамдық ұйымдармен үнемі өзара әрекеттесу барысында қол жеткізуге болады, олардың арасында мұражайларға ерекше рөл беріледі.

Мұражайлар - бұл оқу үрдісінің жан-жақтылығы, оның көп векторы мен тереңдігіне қызығушылық танытатын әлеуметтік серіктестерді айтады.

Қазіргі кезде мұражайдың оқыту қызметі келушінің шынайы және потенциалдық тұлғасына бағдарланған, осыған байланысты оның келесі негізгі бағыттарын көрсетуге болады: ақпарат беру, оқыту, шығармашылық бастауды дамыту, қатынас, демалыс. Мұндай бөлу шартты, себебі бағыттарға өзгергіштік тән, тұрақсыз, әдетте олар бір бірімен тығыз байланыста және бір аспектілерде жанасады. Алайда мұражайдың педагогикалық қызметінде әдістемелік дағдыны қалыптастыру үшін оның мақсаты мен айтылған әр бағыттардың міндеттерін айқын жоспарлап алу, сонымен қатар мұражай тыңдаушыларымен жұмыстың және педагогикалық әсер етудің ең қолайлы түрін ойлап табу қажет.

Оқыту қызметінің кез келген түрінің негізгі принципі – келушілерге өз қызығушылығымен айналысуға мүмкіндік беру және өзіндік қалыптасуға жағдай жасау. Бұл жерде мұражайға келушілердің типі мен дәрежелерінің әртүрлі ерекшеліктерін ескеру маңызды болып табылады.

Жұмыстың тиімділігі мұражайдың мектеппен өзара қарым- қатынасына, мектеп және мұражай педагогикасы интеграциясына байланысты.

Қазіргі кезде мұражайдың оқыту қызметі – мұражай жұмысында басты бағыттардың бірі болып табылады, соның ішінде әсіресе мұражай жұмысы балалар мен жасөспірімдер арасындағы тыңдаушыларға бағытталған. Осыған байланысты мұражайларда балаларға және үлкен тыңдаушыларға негізделген арнайы бағдарламалар өңделуде және жана құрылымды оқыту бөлімдері жасалуда, сонымен қатар балалар орталығы, экспозициялар, отбасына арналған көрмелер ұйымдастырылуда.

Қорыта келе айтарымыз, мектеп – тәрбие орталығы. Ұрпақ мәселесі ол еліміздің болашағының қамы, жалпы ұлттық мәні бар биік мәселе. Олай болса, бүгінгі ұлт мектептерін жаңаша құру барысында еліміздің табиғатын, экологиялық ахуалын көздің қарашығындай сақтап, оны гүлдендіруде бұл мәселе бүгінгі күннің, өмірдің маңызды талабына айналуы тиіс. Ол үшін Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Республика Білім және Ғылым қызметкерлерінің II съезінде сөйлеген сөзінде атап өткендей: «Білім беру ісін реформалаудың стратегиялық міндеттерінің бірі – шығамашылық тұрғыдан ойлай білетін жеке тұлғаны мәдениетті, рухани биік деңгейде тәрбиелеу болып отырғандығына баса назар аударып, жалпы білім беретін орта мектепте білім берумен қатар адалдық, адамдық, ізгілік, Отанын сүйе білу сияқты асқақ сезімдерге тәрбиелеу қажеттігі» өзекті мәселе болып отырғандығын ерекше атаймыз[13].

1.9. «Жанды» сабақтың шетелдік тәжірибесі

«Жанды» сабақ кейбір шетелдік білім беру саласында тұрақты жүйе болып қалыптасқан. Әдістемені әзірлеу барысында осындай бірқатар мемлекеттердің тәжірибесін зерделедік.

Ресейдегі мұражайдағы сабақ күндері

Бастауыш, орта және жоғары сынып оқушыларына арналған «Мұражайдағы сабақ күні» Дүниежүзілік мұхит мұражайындағы су көрмесі аясындағы жоба назар аударады. Жобаның басты артықшылығы – оқушыларды мұражай экспозицияларындағы мектеп бағдарламаларының нақты тақырыптарымен таныстыру мүмкіндігі. Бір күн ішінде оқушылар бірнеше тақырыпты меңгере алады. Бұл үшін үш немесе одан да көп сыныптардың, соның ішінде әр түрлі пәндерді «мұражайдағы сабақ күніне» ұсынады. Әр сабақтың ұзақтығы 40 минуттан 1,5 сағатқа дейін болады. Сабақтардың тақырыптары мен уақыты топ жетекшілерінің мұражай қызметкерлерімен алдын-ала талқыланады және келісіледі. Әртүрлі пәндер бойынша сабақтар бір мұражайға барғанда үнемі өткізіледі. Өтініш әр аптада беріледі.

Оқу жоспарына сәйкес, жалпы тізімдегі тақырыптарды таңдап, «Мұражайдағы сабақ күнін» өз жоспарыңызды құрастыру мүмкіндігі бар. Мысал ретінде, 7-сынып оқушылары үшін «жанды» сабақ күні жасалды [19].

Мұражай жұмысын педагогикалық жүйе ретінде жүзеге асыру үшін психологиялық-педагогикалық білімі бар, көркем экспозицияның тілін түсінетін, мұражай ісімен таныс мұражай мұғалімін кәсіби түрде дайындауға болады. Мұражай-педагогикалық процесті ұйымдастырушы ретінде, мәдениет әлеміне дирижер ретінде мұражай мұғалімі алдында мынадай міндеттер тұрады:

1. Баланы мәдениеттің тарихи және мәдени контекстін көруге үйрету, яғни оларды мәдениет дамуының тұрғысынан бағалау, қарабайыр бұқаралық мәдениетке қарсы тұру.

2. Тарихи-мәдени мұраға құндылық қатынасын қалыптастыру, адамның эмоциялық саласын жүзеге асыруға негізделген мәдениет объективті әлемімен байланыс процесін ұйымдастыру. Тәжірибе және құндылықтармен қарым-қатынас - бұл тәрбиенің мазмұны.

3. Тарихи және мәдени ескерткіштермен қарым-қатынас жасау арқылы тарихи дәуірдің өзара байланысын және оларды басқа уақытта, қазіргі мәдениетке сәйкестігін түсіну.

4. Мәдениет ескерткіштерімен, мұражайда тұрақты көркемдік қажеттіліктер мен коммуникация дағдыларын қалыптастыру.

5. Эстетикалық ойлауды, эмпатияны және ләззат алу қабілетін дамыту.

6. Төзімділікті қалыптастыру, басқа да мәдениеттерді құрметтеу, оларды түсіну, қабылдау.

7. Әртүрлі дәуірлер мен халықтардың мәдени мұраларын зерттеу арқылы қоршаған әлемнің тәуелсіз даму қажеттілігін дамыту.

8. Мәдени мұраны сақтау және нығайту.

Мұражайдың тәрбиелік қызметін педагогикалық үдеріс ретінде қарастыратын В.В. Бакушинский көрерменнің жас ерекшелігін қатаң сақтайды. Ол әсер ету объектісін емес, ең алдымен мұражай мен мектеп серіктестігін көре білді.

Ол мұғалімнің рөліне үлкен назар аударып, оған үш міндетті шартты қойды:

- өнер туындыларын аман алып қалу;
- жұмыстың тарихи және көркемдік тарихын білу;
- топқа психологиялық көзқараста болыңыз.

Көпшілікке арналған «мұражай-балалар» мәселесі бойынша (Э.Г. Ванслова, М.В. Волчкова, Н.Г. Макарова, Н.Д. Рева), аудиторияның жас ерекшеліктеріне байланысты психологиялық сипаттамаларын, жетекші қызметтің түрі, когнитивті баланың өмірінің әрбір кезеңіне мүмкіндіктері.

Мұражайға барудың мақсатын Марк Маркес өзінің «Өзгеретін әлемдегі музейлерді өзгерту» атты мақаласында: - атаулардың, күндер мен оқиғалардың естен кетпеуін; Экскурсия бір дәуірдің өнерін, елдерді бір-бірінен ерекшелендіретін өзгешеліктерін көру мен түсіну қабілетін дамытуды білдіреді, мұның өзі мұражайдың білім беру жүйесіне қосқан ерекше үлесі болып табылады және кез-келген жас тобына және кез келген бастапқы білім деңгейіне қатысты.

Е.М. Краснова мұражай құндылықтарын жас ерекшеліктерінің даму кезеңдерінде қабылдау ерекшеліктерін қарастырды. Тым ерте жастағы оқушылар объективті әлемге қызығушылық танытады. Қоршағанды тану айналасындағы объектілерден сенсорлық әсерлерді жинақтау арқылы жүзеге асырылады.

Мұражай кейде балаларға мүлдем жаңа, бейтаныс заттардың балаға қоршаған ортада кездеспейтіндей әсер қалдырып. Бұл баланың білім көкжиектерінің керемет кеңеюіне әлемдік идея болып табылады. Дерексіз ойлау қабілетіне ие болмаған балалар, сонымен бірге, ерекшеліктерге өте ұқыпты, пәннің егжей-тегжейлі сараптамасына үлкен қызығушылық танытады.

Орта және жоғарғы сынып оқушылары статистика және әлеуметтанулық зерттеулер деректері бойынша музейлердің аудиториясында дерлік барлық профильдердің үлесі өте маңызды - 30-дан 60% -ға дейін. Ең алдымен мұражайдың негізгі қызметі орта және жоғары сынып оқушыларына, соның ішінде білім беру мақсаттары үшін немесе мектеп бастамасы бойынша өткізілетіндерге бағытталған. Мәселен, бұл мұражайдың мәдени-ағартушылық қызметін қалыптастырудың басында болды. Орташа және егде жастағы оқушылармен байланыс - мұражай педагогикасының ең игерілген бөлігі.

Мұражай педагогикасында балалар мен жасөспірімдерге басты назар аударылады. Мұражай педагогикасының жетекші үрдісі - музейлік білім берудің көп сатылы жүйесін құру, мұражаймен және оның мәдениетімен танысу.

Мұражайлар мен көркем галереялар

Ұлыбритания өмірінде маңызды орын алады.

Бұл ел мұражайлардың шығармашылық, білім беру және әлеуметтік әлеуетін белсенді пайдаланады. Ұлыбритания – жәдігерді жана технологиялармен түсіндіруде жаңа білім беру бағдарламаларын жасаумен танылған әлемдік көшбасшы.

Бұл тұрғыда Англияда алғашқы білім беру жүйесіндегі кәсіби мұражай болды. Англиядағы мұражайлар Америка Құрама Штаттарында мұражай ісінің қалыптасуына үлкен әсерін тигізді. Бұған бірінен соң бірі Нью-Йорк, Бостон, Филадельфия, Чикагода ашылған мұражайлар дәлел бола алады. Бұл мұражайлардың барлығы дерлік білімдік мақсатта құрылып, тіпті кейбірлерінде «мұражай мұғалімі» қызметі енгізілді. 1920 жылы прагматикалық идеологияның үстемдік құруымен мұражайлар педагогикалық мұражайға айнала бастайды. Мұражай педагогикасы ұғымы ХХ ғасырдың басында Германияда ғылыми айналымға енді[11].

2000 жылдан бастап Ұлыбританияның мектептерінде міндетті «мұражай күндері» енгізілді, ал мұғалімдер музей залдарында сабақ өткізу мүмкіндігіне ие болды. Мұғаліммен және мектеппен жұмыс істеу әрбір британдық

мұражайдың басымдығы болды. Мұражайдың білім беру бағдарламалары міндетті түрде тек мектеп бағдарламасымен ғана емес, ересектерге арналған білім беру бағдарламаларымен де келісіледі. Музейге сыныппен тәуелсіз баруды жоспарлау үшін британдық мұғалім тек музей мамандарын хабардар етуі керек.

Мұражайлар заманауи білімнің қажеттіліктерін қанағаттандыратын көрмелерде, интерактивті көрме алаңдарында, сондай-ақ сабақта пайдаланылуы мүмкін мектеп бағдарламасының әртүрлі тақырыптарына сәйкес таңдалған мұражай «қоржындарын», яғни тақырып үшін материалдардың дайындалған пакеттерін ұсынады. Мұғалім балалармен мұражайлардың көрме залдарында ғана емес, сонымен қатар мұражай кітапханасында, сондай-ақ онлайн режимінде сабақ жүргізе алады.

Мектептегі мұражайларға арналған виртуалды білім беру бағдарламаларын – адам таңданарлық сипаттағы ғажап дүние. Оның көмегімен оқушылар сыныпта отырып әлемнің түкпір-түкпіріндегі мәдени орындарға саяхат жасай алады. Жаңа технологиялардың құдіретімен нысанның ішінде жүргендей сезінеді, әсер алады. Мұғалімдер музейлік сабақтарды өткізу бойынша кең көлемді ұсыныстарды табуға, түрлі әдістемелік ұсынымдарды, мектеп бағдарламаларын көрсетпейтін студенттерге арналған іс-шаралар кестелерін жүктеуге, сонымен қатар «пәндік әдісті» қолдануға үйрететін мұражай сайттарының арнайы бөлімдеріне жіберіледі. Мұражай сайттарында және бейресми білім беруде, басқалармен қатар, мектеп оқушыларына арналған тамаша ұсыныс бар. Реформа аясында мұражайдың білім беру ресурстарын пайдаланудың британдық моделі күшті мемлекет пен қоғамға (көптеген қорлардың гранты жүйесі арқылы) қаржылық қолдау көрсетуге негізделген.

Американың «Музей және білім» ұлттық бағдарламасы

АҚШ-та «Музей және білім» ұлттық бағдарламасы көптеген жылдар бойы қолданылып келеді. Мұражайлардағы білім беру бөлімдерінің қызметкерлерінің негізгі қызметі экскурсия жүргізуге емес, мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулықтарды дайындауға, арнайы бағыттаушыларды, жұмыс жазу кітапшаларын, көрнекі материалдардың, бейне және интернет бағдарламаларының пакеттерін дайындауға мүмкіндік береді, мұғалімдерге мұражайға оқуға мүмкіндік береді.

Мұғалімдерді әріптестер ретінде қарастыратын американдық мұражайлар арнайы лекцияларды, мұғалімдердің семинарларын, академиялық курстарды, ғылыми бағдарламалар мен мұражайлардағы тәжірибе бағдарламасын ұйымдастырады. Мұғалімдер мұражай жинақтары туралы жаңа ақпаратты ғана емес, сонымен қатар оларды академиялық жұмыста қолданудың әдістерін үйреніп қана қоймай, мұражай экспонаттары

бар мектеп оқулықтарын көрсетпеуді үйренеді, сонымен қатар балаларды білім алудың жаңа әдісін меңгеруге көмектесетін тақырыппен ашып көрсету.

Мұражайдың білім беру бағдарламаларына қатысатын мектеп мұғалімдері жоғары біліктілік дәрежесіне ие болады, демек, жалақыға қосымша. Мұғалімдерді көшбасшыларға арналған арнайы бағдарламалар бар, олар кейінірек олардың педагогикалық қоғамдастығында музейлік білім идеяларын жүргізуші болып табылады.

Олар оқу - зерттеу, эксперимент және ашылу процесі деген тұжырымға негізделген. Смитсон институты мұражайының ақпараттық-әдістемелік орталығы, әртүрлі профильдегі он алты мұражайдан тұратын және түрлі тақырыптар бойынша оқулықтар мен әдістемелік әдебиеттерді шығаратын өте танымал болды. білім салалары.

Бұл бағдарламалар көбінесе белгілі бір академиялық пәннің міндетті компоненті ретінде құрылады және мектепте жүзеге асыруға арналған.

Олар мұғалімдерге арналған курстар мен мұғалімдердің сабақтарын жеңілдететін әдістемелік талдауларды, ақпараттық материалдар жинақтарды, сондай-ақ мұғалімге уақытша пайдалануға арналған оқу құралдарын («мұғалімдердің пакеттері») дамытуды қарастырады. Бұл нұсқаулықтар әдістемелік ұсыныстарды, түрлі схемалар мен кестелерді, аудио және бейне материалдарды, слайдтарды қамтиды.

Мектеп пен мұражай жұмысының негізі - тезис: АҚШ-та мұражайға бару студенттің өміріндегі эпизод болып табылады, сондықтан оның тиімділігі мұғалімнің мұражай қызметкерінің шеберлігіне қарағанда зерттелген пәндермен үйлестіру қабілетіне байланысты.

Мұражайда өзіндік жұмысы үшін мұғалімнің дайындығы келесі себептермен негізделген:

- мұғалім арқылы мұражай кең балалардың аудиториясына әсер ету мүмкіндігін алады, бұл өз ресурстарын үнемдейді;

- мұғалім мұғалімге педагогикалық тұрғыдан мұқият болып табылатын мұражайдағы өнерді қабылдау үшін дайындай алады;

- студенттердің гуманитарлық білім деңгейін білу, мұғалім олардың көркем мәдениетін қалыптастыру процесіне жақсы әсер етуі мүмкін;

- Мұражай мұғалімдеріне мұражай мен мектепте жүзеге асыруға арналған арнайы бағдарламаларды әзірлеуге мүмкіндік берілді.

АҚШ мұражай кітапханаларын дайындауда үлкен рөл атқарады. АҚШ – тың барлық ірі мұражайларында ауқымды кітап қорлары бар. Мұғалімдер мен олардың көмекшілері - мұражай еріктілері мұнда сабақтарға дайындалуға және кеңес алуға мүмкіндік алады.

Америка әр түрлі тілдер мен діндерің тоғысқан елі. Бұл жағдай мұражай мұғалімдерінің емес, әр түрлі профильдегі мұражайлардың білім беру қызметін қолдауға бағытталған *волонтерлер институтында* емес, бағдарламалардың жүзеге асырылуына назар аударуға мүмкіндік береді. *Еріктілер* түрлі мамандықтар мен жастағы адамдар болуы мүмкін және олардың функциялары әртүрлі: мектептен мұражайларға баруды

ұйымдастырумен және ақпараттық қызметтермен жұмыс істеуге дейін. Көркемөнер музейлерінің білім беру қызметтерінде, әдетте, гуманитарлық біліммен жұмыс істейтін еріктілер. Бұл ең алдымен зейнеткерлер, яғни өмірлік тәжірибесі мол адамдар. Ересек психология, өнер тарихы және көркем мұражайдың ерекшеліктері бойынша арнайы және жеткілікті ұзақ дайындықтан кейін жоғарыда көрсетілген бағдарламалардың шеңберінде оқушылармен экскурсиялар тегін немесе өте қарапайым сыйақы алуға кіріседі.

Волонтерларды білім беру іс-тәжірибесіне тарту тек мұражай қорларының экономикасы есебінен ғана емес. Аптасына бірнеше жұмыс уақытының аздығымен мұражайларға жаңа мектептерді тартуға баға жетпес көмек көрсетіп, оларға мұражай жұмысының маңыздылығын дәлелдейді.

Американдық мұражайларда мұғалімдерді оқыту 1994 жылы қабылданған көркем пәндерді оқытуда Ұлттық стандарттардың мақсаттарына сай келеді. және практикада мектептегі оқытудың маңыздылығын анықтауға мүмкіндік береді.

Бұл тәжірибе білім беру жүйесіндегі оң өзгерістерге ықпал етеді.

Германияның мұражайдағы сабақ тәжірибесі.

Германияда Құрама Штаттар мен Ұлыбританияның тәжірибесінен айырмашылығы мұражайларға бару мектептердің міндетті оқу жоспарына кірмейді. Дегенмен мұғалім өз қалауы бойынша мұражай сабақтарын, жобалық күндерді немесе тіпті жобаның аптасын қоса алғанда, көптеген мұражай бағдарламаларын пайдалана алады

Әртүрлі әлеуметтік топтардан шыққан балалардың әртүрлі бастамалар тәжірибесі, ата-аналардың білім беру және мәдени деңгейлерінен мүлдем айырмашылығы мұғалімге сыныптағы оқушыларды икемге келтіру үшін көп жұмыс жасауды талап етеді. Ал мұражай бағдарламалары балалардың үлкен қызығушылығын тудыратындықтан әдетте мұғалімге үлкен қолдау болады.

Германияның тәжірибесінен алынған жазбалар қазақстандық мұғалім белгілі бір білім беру міндеттерін шешу үшін мұражайды пайдаланғанда көмектесуі мүмкін.

Мұғалім мұнда «сарапшы» болып табылады, оқушының мінез-құлқы мен білімін басқарады, яғни оның кәсіби қызметтерінің негізінде мұражай мен педагогикалық үдерістің мазмұнын және мазмұнын таңдайды.

Оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуге арналған әдістемелік нұсқаулар үлкен орын алады. Оған көмекші құрал ретінде арнайы «жұмыс кітаптары» құрастырылған.

«Жұмыс кітаптары» экспозицияда жұмыс істеу тапсырмалары бар және жақсы суреттелген брошюралардың ыңғайлы форматы. Бұл әртүрлі жастағы балаларға арналған. Тақырыптар мектеп бағдарламасымен келісілген;

мұғалімге белгілі бір тақырып бойынша балалардың білімі мен дағдыларын тереңдету және кеңейтуге мүмкіндік береді.

Әдетте, «жұмыс тетрады» мұражай қызметкерлерімен мұғалімдермен консультациялар негізінде құрылады және үш бөлімнен тұрады, олардың біреуі сабақта қолданылатын ескерткіштер туралы қысқаша ақпарат, басқалары мұғалім мен оқушының бірлескен жұмысына бағытталған.

«Жұмыс тетрадының» тапсырмаларын орындау оқушыларға мектепте алған білімін тереңдетуге мүмкіндік береді. Тағы бір функциясы мұғалімге мұражай экспозициясының тілін үйренуге көмектеседі және мұражайдың түпнұсқаларын тарихи немесе көркемдік тұрғыдан бағалайды. Бұл мектеп оқушысының мәдениетін қалыптастыру үшін өте маңызды.

Жалпы алғанда, оқу-тәрбие үдерісіндегі «жұмыс тетрадының» мақсаты:

- мұражай ұстаздары таңдаған ескерткіштерге назар аударып, мектеп оқушыларын жетекші сұрақтарға жігерлендіру;
- мұражай ескерткіштерінің құндылығы туралы ақпаратын арттыру;
- Баланың шығармашылық белсенділігін көтермелеу, оны белсендірудің әртүрлі әдістерін қолдану;
- ескерткіштерді салыстырмалы талдау әдістерін қолдана отырып, кеңістік-уақыттық ұсыныстарды қалыптастыру;
- қойылған тақырыптарға өз пікірін білдіру қабілетін дамыту.

Осылайша, Германиядағы мұражайдың мектеппен өзара қарым-қатынасы, ең алдымен, мұражайдың мектепке дейінгі білім беру үдерісіне бағынуымен және мұғалімнің мұражай материалын игеруде көмек көрсетуімен анықталады. Бұл өзара әрекеттесудегі бастапқы дерек оқушының мұражай бағдарын дамытатын «жұмыс тетрадын» әзірлеу және пайдалану болады. Әсіресе елге танымал тарихи мұражайларында осындай тетрадтар бар. Немістің өнер мұражайларында көркемдік қабылдаудың дәйекті дамуы болып табылатын кешенді бағдарламалар жоқ.

1.10. Қазақстандағы мұражай педагогикасы

Біздің елімізде мұражай педагогикасы 1970 жылдардың басынан айналымға енді. Қазіргі уақытта мұражай педагогикасымен айналысу тек тарихшы мұғалімдердің ғана емес, басқа да пән мұғалімдерінің тарапынан қызығушылық тудырып отыр.

Мұражайдың мәдени-ағартушылық қызметінің тұжырымдамасы 90-жылдардың басынан бастап қазақ мұражайында кеңінен таратылып, мұражай педагогикасы мәдени-ағартушылық қызмет үшін негіз болды.

Қазақстандық ғалымдар Бірінші Халықаралық мұражай форумында (2011 жылғы 17-19 мамыр) еліміздің әр аймағынан келген қазақстандық мұражайшылар - З.А.Тебаева, К.М. Омарова, А.К. Сайлау, А.А. Жумашева, Т.Л. Тәжібаева және басқалар мұражай педагогикасының тәжірибесі мен көрегендік таныстырды. Оразымбетова Б.К пайымдауынша «Мұражайлар

бұрын-соңды болмағандай жұмыс істеуге тиіс. Мұражайлар өте күрделі эволюцияға ұшырады. Ең алдымен олар дәріптеліп. Содан кейін бұл саясаттың үлгісі болды, сонымен бірге бізге көп нәрсе берді. Содан кейін осы ақпараттық үлгі және бүгінгі күні мәдени-ағартушылық қызметтің коммуникациялық моделіне ауысты. Коммуникация дегеніміз не? Коммуникация бұл қатынас түрі болып келеді. Біздің ата-бабаларымыз мерекелерді қалай өткізуге болатынын біліп, бір жылдан кейін адамдар бұл мейрамның қалай өткізілгенін еске алды, олар осы мерекенің рухани шығу тарихын білді. Содан кейін біз бұл бағдарламаны жоғары сынып оқушыларымен жұмыс жасадық. Олармен жұмыс істеудің зерттеу әдісін жүргізу қажет. тарихтың себеп-салдарлық сипатын білетіні өте маңызды».

Мұражай қабілеттерін жүзеге асыруға және экспрессивті ынталандыратын мүдделерді қаншалықты қанағаттандыра алады, әр түрлі аспектілерде шынайы мұражай субъектілерінің алуан түрлері:

- сапалы жаңашылдықты құруға бағытталған шығармашылық аспект, объектінің (қызметінің) жоғары интеллектуалды деңгейі, бұл проблеманың мәнін біле отырып, өткенді бақылаудан тұрады, «жарықтандыру» идеясын құру және тексеру, осы идеяны жүзеге асыру. Шығармашылық – мұражай ақпаратын түсінудің ең жоғары сатысы. Шығармашылық аспектін нысандары мұражай ішінде (студиялар, шығармашылық зертханалар, фестивальдар, викториналар, тарихи ойындар және т.б.) жүзеге асырылады.

- коммуникативті аспект, бұл идеал мен мәдениеттің мәңгілік құндылықтарымен жеке тұлғаның диалогы арқылы жүзеге асырылады. Мұражай объектісі пән-объектілі қарым-қатынаста ғана емес (келушілермен - мұражай нысандары), сонымен қатар пән-объект-субъектілік қатынастар шеңберінде (келуші - мұражай объектісі - келуші) қоғамның коммуникациялық саласына кіреді. Мұражайдағы байланыс формалары кездесулер, экскурсиялар, лекциялар, театр және концерт, студиялардың формалары арқылы ұсынылады. Бірақ мұражай мен келушінің арасында байланыс болуы мүмкін: ХХ ғасырдың басында А.В. Бакушинский ұсынған «тыныш экскурсия» әдісі.

Бұл негізгі функциялар мұражай қызметінде әлеуметтік-мәдени мекеме ретінде педагогикалық және мәдени көзқарастардың мәнін шешеді. Культурологиялық көзқарасқа мыналар жатады: білім мен дағдыларды игерумен, құндылықтарға бағдарлаумен байланысты эвристикалық мәні; мәдениет құндылықтарын өскелең ұрпаққа кешенді белгілердің жүйелері арқылы тарату; құндылықтар жүйесін қалыптастыруда және бағдарлау нормаларын дамытуда көрініс тапқан аксиологиялық мәні; реттеуші мәні, қоғамның қолдаған тәртіп нормасы.

Педагогикалық тәсілге мыналар: жеке адамының өркениеттік құндылықтарының білімі мен дағдысы (танымдық, шығармашылық аспектілері, әлеуметтену процесі) түрінде иемденуі; әкімшілік мәні - ғылыми саладағы интеграциялық үдерістерде білім беру саясатын әзірлеу және енгізу шарты; немесе философиялық, әлеуметтік, мәдени және психологиялық

құндылықтарды қоса алғанда, адамның білім беру кеңістігін кеңейту шарты ретінде; адам өмірінің әртүрлі аспектілерін ашатын басқа ғылымдармен байланыс түрінде кең ғылыми база жатады.

Мұражай қызметі саласындағы педагогикалық және мәдениеттанушылық көзқарастың өзара тәуелділігі мен біртұтастығы қоғамды мақсатты, тәуелсіз, әмбебап құндылықтарға бағдарланған қоғамның қажеттіліктеріне байланысты [7].

1.11. Балалар мұражайы

Балалар мұражайы идеясы мен термині ХІХ ғасырдың аяғында қалыптасқан. Қазақстандағы балалар мұражайы ХХ ғасырдың аяғында жандана бастады.

Балалар мұражайы – балалар аудиториясына арналған, балалардың 30 сұраныс талабына сай, олардың жас ерекшелігіне сай интерактивті экспозиция құрылған, білім-тәрбие беру функциясын атқаратын, балалардың қоршаған ортаға бейімделу үдерісін, эстетикалық талғамын қамтамасыз ететін, балалардың шығармашылық қабілетін арттыратын, ойлау қабілетін шыңдайтын үйірме, клубтар, курстары жұмыс жасайтын, балалардың ептілігін қалыптастыратын ойын алаңдарымен жабдықталған мұражайлар жүйесі. Балалар мұражайы жеке мұражай ретінде де, «мұражай ішіндегі мұражай» түрінде де ашылған филиал, бөлім ретінде де жұмыс жасайды.

1990-жылдардағы құлдырау кезеңінде мұражайға келушілер қатары тым сиреп кетті. Мұражай қызметкерлері әлеуметті мұражайға тарту мақсатында әр түрлі қызмет түрлерін ұсынып жатты.

Ал, балаларға арналған мұражайлар жоқтың қасында. Оның ішінде жаңа технологиямен жабдықталған мұражайды айтпаса да болады.

Осынау қиын кезеңдерде Елбасының өзі бастама көтеріп мәдени ошақтарға қолдау көрсетті. Өскелең ұрпақтың патриоттық сезімін, мәдениетін бірегейлендіру жолында мұражайдың қызметі жоғары екенін атап өтті. Сонымен қатар, Қазақстандық брендтерді қалыптастыруға, олардың жастар тәрбиесін ықпалын арттыруға тиісті шаралар қабылдауға шақырды.

Балаға кішкене кезінен өз елінің, өз өңірінің салт-дәстүрін, табиғатын ұғындыру керек. Бала-бақшада балаларға мұражай танымын бере алмайды. «Балаларға мұражай керек пе? Не үшін керек? Мұражай арқылы балалар қандай ақпарат ала алады?» деген сауалдарды қояр болсақ, Мұражай – қандайда бір жас мөлшеріндегі балалар болсын ой-өрісін, ойлау, көру, есте сақтау танымын, қызығушылық өрісін кеңейтеді. Енді балалардың қызығушылығын қалай оята аламыз? Әрине, ол үшін жаңа инновациялық технологияларды пайдалану керек. Мұражайға балаларды тарту өте қиын. Балаларды ескі әдіспен жасақталған экспозиция мүлдем қызықтырмайды. Өткізілетін іс-шаралар, көрмелер балалар көңілінен шығатындай әдіспен өтпейді.

Тілі шықпаған баланың өзі ұялы телефонға жармасып, сондағы түрлі-түсті бейнені тамашалай отырып, оны тез меңгеріп алатындығын жиі байқаймыз. Ал, мектеп жасындағы балалардың қызығушылығын тудыру өте қиын. Өйткені, қолдарында бір-бір телефон не көремін, не естимін десе де өз қолдарында. Кинотеатрлардағы 5D форматымен көрсетілетін мультфильмдер, кинолар балаларға таңсық емес. Болашақтағы мұражайды балалар көзімен көру.

Балалар болашақтағы мұражайды түрлі техникамен, жаңаша әдіспен көркемделген бейнелерді көргісі келеді. Яғни, жаңашаланған тірі мұражай. «Жаңа музеология», «Жалпыға қолжетімді музеология» деген ұғымды қалыптастыру.

«Жанды» мұражай - табиғат және тарихи-мәдени ортада өзінің табиғи болмысын сақтап қалған, материалдық және материалдық емес мәдениеттер жиынтығының дәстүрлі түрлерін сақтап отырған, олардың қызметін ылғи жандандырып, өзекті мәселе ретінде көрсетуге бағытталған мұражайлық тип.

«Жанды» мұражайлар – тарихи-мәдени ескерткіштер мен қатар ұлттық дәстүрлер мен ғұрыптарды насихаттап, оларды дамытуға бағытталған. Тірі мұражайлар шетелдік музеологияда «пайдалы мұражай» деген ұғыммен танымал, оның мақсаты жергілікті тұрғындарды мәдени-тынығу және ағартушылық қажеттілігін қамтамасыз ете отырып, олардың қоршаған ортамен байланысын арттыру болып табылады. Бұл ұғым «жаңа музеология» ұғымына ұласты.

Бүгінгі мұражай тарихи жәдігерлер сақталатын қойма емес, елдің арғы-бергі тарихын жаңа заман ағымына сай озық технологиялық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, өз көрерменін жан-жақты ақпаратпен қамтамасыз ететін рухани орталық болуға тиіс.

Болашақта Қазақстан жерінде балаларға арналып жаңа технологиямен мұражайлар салынса, жеріміздің табиғи-тарихи жерлерін, салт-дәстүрін, өңірімізден шыққан атақты тұлғаларымыздың өмірі мен еңбек жолын түрлі шығып жатқан жаңаша әдіспен көрсетсе келушілер саны артар еді [9].

1.12. «Алақай! Алақай! Музейде Балақай!» жобасы.

Елбасының қолдауы нәтижесінде мұражай қызметі елеулі өзгерістерге ұшырады. Мұражайдың келушілерге әрдайым ашық болуға ұмтылуы азаматтар мен жастардың мәдени құндылықтарға назарын аударуға, қызығушылығын арттыруға, мәдени демалыс ретінде мұражайға баруын дәстүрге айналдыруға ықпал етті. Мұражайлар қоғамдық сана қалыптастыруда зор әлеуетке ие мекеме. Мұражайлардың ұлттық бірегейлікті насихаттайтын, қалыптастыратын қызметі зор. Мәселен, мұражайлар ұлттық қазыналарды «тасымалдаушы» ғана емес, қаланың мәдени кеңістігінде белсенді бренд құрушы бола алады.

Алматы, Астана, Шымкент сияқты ірі қалалардың мұражайлар жүйесіне жобалық бағдарламалар дайындау және ұлттық брендтер насихаттау арқылы бірегейлік ұғымын қоғамдық санаға сіңіруді көздейді.

Мұражайдың ұлттық қазынаны сақтаушы ғана емес, оның әлеуметтік мәдени-ағартушылық қызметін мемлекеттік саясатты жүзеге асырудағы ролін анықтайды.

Бүгінгі Алматыда азаматтардың, әсіресе, жастар мен балаларға арналған «Алматы – мәдениет астанасы» брендинің насихаттаудың шынайы негізі бола алатын артефакттардың және материалдық емес мұраның күшті пайдаланылмаған қоры бар. Бұлар жас Алматылықтарды туған қаласын сүйетін патриотқа айналдырудың тиімді құралы болады. Қала мұражайлары - дәстүрлер мен артефактілерді тікелей сақтаушы тарихтағы ең маңызды «мәдени агент» болып табылады.

Файзуллина Ғалия Шаукетқызы - тарих ғылымдарының кандидаты. Қазақстандағы ең беделді мұражайшылардың және табысты мұражай менеджерлерінің бірі. Ғалым Алматы қаласының мәдени әлеуеті мен мүмкіндігін ескере отырып, 7-13 жас аралығындағы балалар мен олардың ата-аналарына қалалық мұражайларға экскурсиялауға арналған «Алақай! Алақай! Музейде Балақай!» интерактивті жолбасшылар жобасын қалалық мұражайлар қауымдастығымен біріге отырып дайындаған.

Ғалым бұл жоба туралы- бұл балалардың ойын түріндегі экскурсиясынан өзгеше дүние. Біздің жобамыз Қазақстанда музейлерді ғана емес, қоғамдық кеңістікте ашық болуға тиісті басқа да мәдени мекемелерді жандандыруға көмектеседі деп сенемін» - дейді[13].

Жоба мақсаты

Жастар мен балалардың қаланың тарихына деген қызығушылығын тудыру. -Мен мәдени брендті тасымалдаушымын! –деген өздерінің кредосын қалыптастыру.

Қаланың мәдени және білім беру кеңістігінде отбасылық демалысты ұйымдастыру қажеттілігін қалыптастыру.

Қаланың мәдени және тарихи мұрасына қатысты құндылықты қалыптастыруға насихаттау.

Алматы қаласының тұрғындары арасында біздің қаламыздың патриоттық сезімін, мақтанышы мен жауапкершілігін қалыптастыру.

Жоба міндеті

1. Қазіргі заманғы білім беру және демалыс мұражай өнімін құруға қабілетті команданы дайындау. (оқыту семинарын өткізу)
2. Мұражайларға қалаға бағдарланған бағыттаушыларды әзірлеу және жариялау.
3. Қаланың «әдемі» көшелерінде пилоттық экскурсия модулін іске қосыңыз.
4. Волонтерлік бағыттаушылар тобын дайындау.
5. Музейде интерактивті білім беру бағдарламасын әзірлеу және енгізу (шеберлік-сағаттар, шығармашылық тапсырмалар).

Қатысушы мұражайлар:

Қала мұражайлары мен мәдени мекемелер, кітапханалар мен театрлар т.б.

Жобаның жалпы сипаты:

«БАЛАҚАЙ» - басты кейіпкер, Ол «Балапан елі» бойынша қалалар мен мұражайларға сапарға алып шығатын жолсерік болады. Балалар мен олардың ата-аналары үшін Алматы қаласының мұражайларында интерактивті балаларға арналған жолсілтемелер жасалды. Содан кейін әдеби сарапшылардың, редакторлардың, суретшілердің көмегімен жол кітапшалары бағдарламаға қатысушылары мен анықтамалық құжаттарды қорытындылады. Қаланың айналасындағы жаңа форматтағы және Алматы қаласының тарихының ең қызықты беттеріне, көрнекті азаматтардың тағдырына, қаланың тарихи және мәдени ескерткіштеріне, дәстүрлері мен салт-жораларына қатысты шағын мұражайлар сериялары жарық көрді.

Жолсілтемелердің жаңа форматы түбегейлі: ол балалар мен ересектердің тәуелсіз бірлескен тәжірибесіне бағдарланған.

Жоба нәтижесінде жобаның негізгі «тұтынушылары» (8-13 жас аралығындағы балалар және отбасылық қонақтары) түрлі «саяхат» нұсқаларын таңдау мүмкіндігіне ие:

1. Қаланы аралап, бірнеше мұражайларға барады;
2. Мастер-класстарға қатысатын мұражайларға бару және экспозициялардың материалдары бар өзіндік жұмыс;
3. Мұражайлардағы оқиғалар күнтізбесіне сәйкес әртүрлі күндерде музейлерге бару және т.б.

Өзіндік таңдау – бұл азаматты белсенді өмірлік ұстанымда тәрбиелеудің бірден бір мүмкіндігі деп қарастырамыз. Жобаны жүзеге асыру барысында балалар қаланың айқын эмоционалды бейнесін қалыптастырады. Еріктілер қаланың тарихы туралы білімді ғана емес, сондай-ақ, әлеуметтендірудің баға жетпес тәжірибесімен танысады.

Бұл пилоттық жоба және Қазақстандағы осындай күрделі музей өзара іс-қимылының және байланысының алғашқы тәжірибесі.

Белгілі қазақ әдебиетінің классик жазушысы Ғабит Мүсіреповтың мұражай – үйі бойынша жобаның мазмұнына тоқталайық.

«Алақай, алақай, музейде балақай!» жобасы бойынша шығарылған «Ғабен әлеміне саяхат» жолнұсқаулығының да жөні бөлек. Бұл өзі 11-13 жастағы балаларға арналған. Музейге келуші балалардың қолына бір-бірден жолнұсқаулық таратылады.

Жолнұсқаушы (экскурсовод) рөлін жазушының Индонезияға сапары кезінде, 1966 жылы алып келген сыйлық зат – елік атқарады. Яғни, жол нұсқаулықтың бірінші бетінде мынандай ақпарат бар: «Қымбатты дос! Ғ.Мүсіреповтің музейіне қош келдің! Жазушы 1968–1985 жылдары осы пәтерде тұрған. Мен – Елікпін. Осы үйде тұрғаным 49 жыл болды. Мен бүгін сенің жолнұсқаушың боламын.

Карта-сызбада 7 аялдама белгіленген. Әр аялдамада сиқырлы алма бөліктері жапсырылған. Тапсырмаларды орындау арқылы алма бөліктерін құрастырсаң, жазушының ұлы сөзін оқисың. Әрбір аялдама әрбір экспонаттың сырын ашады.

Мәселен, «Ойлан, тап!» аялдамасы. Жұмбақ: «Денесі бар, сөзі жоқ. Аяғы жоқ жүреді. Күнді, түнді өлшейді, Екі тілді жүрегі. Шешуін кім біледі?». Әрине, шешуі – сағат.

Ал сіздің дәл алдыңызда – үлкен жар сағат тұр. Ғабене 1962 жылы бір топ жазушы інілері сыйға тартқан. Ресейдің Саратов қаласында жасалған. 23 жыл бойы жазушыға уақыт өлшеп, серік болған. Жазушы жүрегі тоқтағанда – бұл сағат та тоқтаған. Осы жерде тұрғанына 54 жыл!

Төменде осы айтылған 11-13 жастағы балаларға арналған «Путеводитель путешествие в мир Габе» жолнұсқаулығының көшірмесі көрсетілген.



АЛАҚАЙ! АЛАҚАЙ!
МУЗЕЙДЕ БАЛАҚАЙ!

ПУТЕШЕСТВИЕ
В СТРАНУ БАЛАПАН!

Литературно-мемориальный музей Г. Мусрепова

Путеводитель

путешествие в мир Габе

для детей (11–13 лет)

Дорогой Друг!

Добро пожаловать в музей Габита Мусрепова! Писатель в этой квартире жил с 1968 по 1985 год. Я – Косуля. Писатель привез меня из Индонезии 40 лет назад. Я буду вашим экскурсоводом. В путеводителе отмечено 7 остановок. В каждой из них спрятано по кусочку изображения волшебного яблока. Собрав целое яблоко, ты сможешь прочитать «слова назидания» великого писателя.

*Габе – это уважительная форма от имени Габит.

Запомни эти условные обозначения!

| | |
|--|---|
|  Выполни задание / Напиши |  Обсуди / Спроси родителей |
|  Запомни / Узнаешь ли ты? |  Посмотри в других музеях |
|  Информация |  Посмотри внимательно |



1-я остановка:
«А знаешь ли ты?»

Обрати внимание на портрет. Как ты думаешь, можно ли узнать по человеку, изображенному на портрете, кто он, чем занимается? Нашел «подсказку»?

С каким предметом ты бы представил себя на портрете?

На портрете изображен великий казахский писатель Габит Мусиренов. Автор портрета — Бакытхан Мырзахметов.

Если ты ответил на вопросы правильно, получи свою часть волшебного яблока.

Следующая остановка: «Подумай, найди!»

Разгадав правильно загадку, не забудь взять часть яблока! Они ходят, но стоят, Всем о времени твердят, Когда спать, когда вставать, Когда можно погулять...

Подсказка: они могут быть железными, песочными, водяными, механическими, каменные, электрические, магнитные.

Предмет этот был подарен писателю в 1962 году. Изготовлен в России в городе Саратове. Здесь стоит уже 54 года.



Многие писатели, поэты, общественные деятели, певцы, актёры побывали в гостях у писателя и пили чай. Самовару много лет. Он был куплен супругой писателя — Хусни-апай в 1949 году. Им пользовались, когда отдыхали на даче.

Нашли в путеводитель имена людей, с кем бы тебе хотелось пообщаться?

ЛИТЕРАТУРНАЯ ЧАСТЬ

Семья Габита Мусиренова была большой и дружной. Отец — Махмуд, мать — Дина. В семье было семеро детей. Старшие братья — Хамит, Сабит. Младшие братья — Баязит, Ашим, Хажым. Сестра — Гульсим.

Переведи слова в таблице на казахский и английский языки.

| Русский | Казахский | Английский |
|--------------|-----------|------------|
| Отец | | |
| Мать | | |
| Старший брат | | |
| Младший брат | | |
| Сестра | | |

3-я остановка: «Без труда нет добра»

Найди в этой экспозиции предметы ручной работы, сделанные писателем. Их несколько.



(Если найдешь эти вещи, то получишь еще одну часть волшебного яблока)

Габит Мусиренов написал такие значимые произведения, как «Солдат из Казахстана», «Пробужденный край», «Улан её имя», «В чужих руках». А самый известный фильм, снятый по сценарию Габита Мусиренова — «Кыз Жибек». А ты смотрел этот фильм? Музыка к фильму написал Нургиса Тлендиев.



О жизни и творчестве композитора ты можешь узнать в Мемориальном музее Нургисы Тлендиева.

Самый первый казахский фильм это — «Амангельды» (1938), сценарий фильма написал Габит Мусиренов совместно с Бейбейтам Майлиным.

РАБОЧИЙ КАБИНЕТ

4-я остановка: «Слова в сердце»



«Когда человек несет в сердце своем слово, объединяющее мир, он везде найдет людей, способных понять его». Найди предмет, на котором написаны эти слова, и прочти вступ! Не забудь взять четвертую часть волшебного яблока!

Предмет, который тебе надо найти на столе, был подарен к 70-летию Г. Мусиренова. В то время еще не было современных авторучек, и для письма использовали эту вещь.



5-я остановка: «Фотографии рассказывают»



! Это любимая фотография писателя. Напиши, кто изображён на ней. Выполни задание, получи еще одну часть, пятую, волшебного яблока.



Фотоснимок «Черная Мадонна» чехословацкого фотографа Карела Гаека был удостоен золотой медали на международной фотографической выставке в Чикаго. Габит Мусрепов привёз её из Алжира в 1963 году. Почему писателя заинтересовала эта фотография? Потому что образ матери был одним из главных в его творчестве. Особо любимы в народе рассказы «Мать матерей», «Акlima», «Мужественная мать» и роман «Улпан её имя» и другие.



Обрати внимание на рукопись, лежащую на рабочем столе. Для письма писатель использовал остро наточенный карандаш.

! А тебе приходилось писать письма карандашом? Попробуй написать сообщение для своих друзей.



В библиотеке писателя около 2000 книг. Здесь мы видим произведения не только казахстанских писателей, но и произведения зарубежных классиков. Он читал все эти книги. Большую часть своей библиотеки Г. Мусрепов передал школе родного аула.

6-я остановка: «Народное наследие»

! Найди в этой комнате самый популярный казахский народный музыкальный инструмент. Расставь правильно буквы и получишь слово — название этого инструмента. Возьми последнюю часть яблока.

А Д О Б М Р

А ты умеешь играть на этом инструменте?

- ДА
 НЕТ

В каких музеях ты ещё видел такие музыкальные инструменты?

! Габит-ата сам с удовольствием играл на этом инструменте. Его подарили писателю в 1972 году.

! Если хочешь познакомиться с историей этого инструмента, посети Музей народных музыкальных инструментов имени Б. Класа.




7-я остановка: «Название писателя»

! Соедини слова, найди продолжение текста в экспозиции музея. Получившееся название запиши и прочитай вслух.

! Выучи наизусть эти слова и запомни! Это был девиз писателя.

Молодец! Жду тебя ещё. До встречи!

Если хочешь пополнить свои знания, дружи с книгой. На каникулах советуем прочитать следующие произведения Габита Мусрепова: «Девочка Наргоз, щеночек Кумай и котёнок Мяу», «Мужество матери», «Солдат из Казахстана» и другие произведения писателя.



1.13. Балалар мұражайына қажетті жаңа инновациялық құралдар

1. 3D, 5D, 7D форматтары (3D Skin and Bones - кожа до кости);
2. Медиа еден;
3. «Жанды» беттері бар интерактивті мультимедиялық кітап.
4. Аудиоинсталляция (аудиогид, аудиоэтикетка-құлаққаптар);
5. Видеомэппинг, голографиялық витриналар (электронды гид);
6. Мультитач (Multitouch);
7. VR мобильді шлемі;
8. Сенсорлы дүңгіршек.

Қазіргі заман мұражайларының озық тәжірибесіне мұражай экспозициясының мазмұнын ашатын 3D, 5D, 7D форматтағы киноқондырғыларды, виртуальды тур, виртуальды мұражайдағы 3D форматтағы экспозиция мен экспонаттарды атауға болады.

Балаларға ең қажетті Табиғат, Этнография, Космос залдары болып табылады.

Табиғат залы. Балалардың қызығушылығын тудыратын ерекше зал. Өйткені жан-жануарлар, құстар, өсімдіктер әлемі балалардың сүйікті ортасы. Табиғат залын орман әлеміне енгендей 3D форматымен және медиа еденмен жасақталып, табиғи ескерткіштер, жан-жануарлар, құстар үнімен дыбысталады. «Жанды» беттері бар (мультимедийная книга с «оживающими» страницами) интерактивті мультимедиялық кітап арқылы табиғат залында көрсетілетін жан-жануарлар түрлері

(сүтқоректілер, теңіз жануарлары, бауырмен жорғалаушылар), құстар, сирек кездесетін өсімдіктер туралы ақпарат беріледі.

Ақтөбе өңірінен алғаш рет 1912 жылы табылған мүйізсіз алып сүтқоректі жануар индрикотерий, сонымен қатар мамонт, Елек өзенінің аңғарынан алып бұғыны қаңқаларын 3D форматты *Skin and Bones* (кожа до кости) аталатын әдіспен толық сұлбасын көре алады. Бұл әдіс Вашингтон мұражайларында қолданысқа ие.

Залдың ортаңғы бөлігінде *7D голограммасымен* мұхит су асты жануарлары (тасбақа, акула, дельфин, ақ аю т.б.) көрсету.

Жапония елінің мұражайлары барлық тіршілік атауын 7D голограммасын қолдану арқылы балалардың ғана емес ересектердің де қызығушылығын арттырып отыр.

Ақтөбедегі ең керемет табиғат ескерткіштерінің бірі - Жаманшың қазан шұңқыры. Бұдан миллиондаған жылдар шамасы бұрын ғарыштан салмағы 36-40 млн тонналық, диаметрі 200-400 метрге жететін космостық дене метеорит құлағаннан пайда болған. Соның нәтижесінде ол жерде аумағы 5-6 км, тереңдігі 700 метрдей қазан шұңқыры пайда болып, табылған импактиттерге «жаманшит», тектиттерге «иргизит» деген ғылыми атаулар берілді және ол дүние жүзіне мәлім болды. Мұндай тектиттер бүкіл ТМД елдері аумағында бірінші рет тек Ақтөбе облысында ғана табылып отыр. Осы аталған ескерткіштің құлау сәті, қазіргі күйі қандай екенін *интерактивті тақта* арқылы көрсетуге болады.

Барлық тіршілік атауын қозғалыс күйінде көрсетсе, балаға қызығы осы. Этнография залы. Зал киіз үй түрінде жасақталып. қазақтың ән-жыр, күйлерімен дыбысталып тұрады. *Аудиогид немесе электронды гид* арқылы залға қатысты барлық мәліметті ала алады.

Мұражайға келушілер кейбір жағдайда «ақпараттық жалғыздыққа» тап болады. Егер ақпаратты беруші адам болмаса олар өздігінен ғаламтордан іздеп табады, не ұмытып кетеді. Сол себепті де белгілі бір затты мұражай кеңістігінде толық зерттеп білуі үшін ақпаратты беру құралы – *аудиоинсталляция* болуы керек. Яғни, белгілі бір экспозиция не витринадағы жәдігерлер жанында *аудиогид, аудиоэтикетка-құлаққаптар* болуы тиіс [4].

Аудиогид көмегімен 99 тілде 6500 файл ақпарат сыйдыруға болады екен. Шетелдік қонақтар біздің жеріміз туралы ақпаратты аудиогид көмегімен өз тілінде ала алады.

Өте кішкентай өлшемді, ескі немесе дара (қорда ғана сақтаулы) жәдігерлерді көпшілікке ұсына алмағандықтан видеомэппинг, голографиялық витриналар (электронды гид) көмекке келеді. *Голографиялық витрина* технологиясы арқылы енгізілген мұражай экскурсия жүргізушісінің көмегімен берілетін ақпарат балалар үшін өте қызық болар еді.

Интерактивті тақта мен автоматты құрылғыны орнату арқылы қазақтың ұлттық ойындарын оның ішінде асық, садақ атуды т.б. енгізсе, ол да балаға өте қызық болар еді.

Отбасылық, балаларымен келушілерге мұражайде мультимедиялық құрылғы, «бала бойымен тең», интерактивті өзара байланыс (ұстап көру, ашу, тарту) экспозициялық зоналары болғаны дұрыс. Солардың бірі - *Мультитач (Multitouch) столы*.

Мысалы, Европан мұражайының бір залы кафе түрінде жасалынған. Аталмыш залға мультитач (Multitouch) столы орнатылып, басына өздерінің танымал тұлғаларының макетін отырғызып қояды екен. Мультитач столы арқылы сол танымал тұлға туралы толық мағлұмат ала алады. Мен осы үлгімен жұмыс жасар болсам, балаларға жақсы таныс, әрі ең қызықты Алдар көсе бейнесін алар едім. Бір ескерері мультитач столын баланың бойы жететіндей орнатылуы керек. Сонымен қатар бұл жерде мүмкіндігі шектеулі балаларды да ескерген жөн.

Мультитач (Multitouch) столына ойын түрлерін енгізу арқылы балалардың ой-өрісін дамытуға болады.

Мультимедиялық құралдар *ересектер және балаларға* деп екі режимге бөлінеді. Мүмкіндігі шектеулі жандарға көтерме механизмді, саусақпен сезіну, Брайль әліппесін қамтыған интерактивті инсталляциялық нұсқалары арналған.

Келесі космос әлеміне саяхат. Космос ғарыш кемесі тәрізді жасақталады. Балалар залға бас сұққанда ғарыш кемесіне енгендей сезінеді. *Доғал экран* арқылы ғарыш әлемін көрсете отырып, космонавтар бейнесін *3D форматты картиналармен* толықтырылады.

VR мобильді шлемі арқылы суретке түсірілген планеталардың қозғалысын қозғалыс күйінде көре алады. VR мобильді шлемі қашықтықтан көрмейтін балалар үшін таптырмайтын құрал.

Залға қатысты толық мағлұмат алу үшін *сенсорлық дүңгіршек* немесе *аудиогид* көмегіне жүгіне алады.

Сенсорлы дүңгіршекті сәтті қолданған мұражайдың бірі әлемге әйгілі Лувр. Мұнда сенсорлық дүңгіршек арқылы шығыс тарихына арналған экспозицияларға мыңдаған жылдық тарихқа сапар шеге отырып ислам мәдениетінің тарихынан мол мағлұмат алады екенсіз, мұнда қосымша алты мыңға жуық фотосурттер, 400 ден астам ақпараттық мәтіндер қойылған. Әрине тек мұражай көрермені болу арқылы ғана осыншама мол ақпаратпен танысу кім-кімнің болмасын қызығушылығын арттыраы сөзсіз [5].

Тағы бір айта кететін мәселе жоғары сынып оқушыларының ғылыми- зерттеу жұмыстармен айналысу үшін мектеп оқу бағдарламасын енгізу арқылы кез-келген тақырыпта мол ақпаратты сенсорлық дүңгіршекке енгізуге болады.

Балаларды осындай жаңашаланған әдістерді қолдану арқылы мұражайға тарта аламыз. Балалардың қызығушылығын арттырып қана

қоймай, өз бетінше жаңа технологияларды экскурсия жүргізушісінің айтып өткен ақпаратын толықтай алу үшін сенсорлық дүңгіршек, аудиогид, мультитач столы, «жанды» беттері бар интерактивті мультимедиялық кітап т.б. жаңа технологиялардың көмегіне жүгіне алады. Балалар мұнда көріп қана қоймай жаңа технологияларды қолдана алады.

Қорыта айтқанда, заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Келешек қоғамымыздың мүшелері – жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру қоғамның алдында тұрған ең басты міндет[14].

1.14. Мектеп мұражайы.

Білім беру мекемелеріндегі оқу мұражайлары туған жерді терең, жан-жақты тани түсуге көмекші құрал болып табылады. Қазіргі жаһандану заманында білім беру мекемелерінде адамзаттың рухани құндылығын сақтауға өз ықпалын тигізетін мектеп мұражайларының рөлі маңызды.

Ата-бабамыздың ақыл мен парасатқа толы мұраларын жоғалтпай сақтап, бала тәрбиесіне пайдалана білудің алар орны ерекше. Осы орайда ашылған түрлі бағыттағы мұражайлар бүгінгі ұрпақтың өткенді танып–саралап, бүгінге сыни көзбен қарап, болашаққа көз жүгіртуіне жол ашуда. Мұражайдағы жәдігерлер оқу–тәрбие жұмыстарын жүргізуге көп көмегін тигізуде. Себебі оқушыға көп мағлұматты ауызша жеткізгеннен, бір нәрсені көзбен көрсету көкейге қонымдырақ болатыны ғылымда дәлелденген.

Ұлттық деңгейдегі жалпы орта білім берудің маңызды стратегиялық міндеттерінің бірі – тұлғаны зерттеу, шығармашылыққа баулу арқылы әлеуметтендіру. Бастауыш мектеп оқушысын әлеуметтендіру нәтижесінде адам, азамат, елжандылық, ұжымшылдық қасиеттердің алғашқы түсініктерін білуге, мамандық әлемі туралы, еңбектің рөлі мен маңызын сезіне білуге, экологиялық білімді игеруге міндетті болса, негізгі орта мектептің оқушысы рухани– адамгершілік, азаматтық–патриоттық қасиеттері қалыптасқан, ұлттық және әлемдік мәдениеттің құндылықтарын игере білетін, кәсіби ғылым саласын таңдай алатын, әлеуметтендіру мен өмір сүру нормаларын қолдана алатын, ал мектеп түлегі: өзінің даралығын сезінетін, жеке азамат ретінде өзін-өзі дамытуға, өзінің позициясын іске асыруға, өзі дұрыс деп санайтын жоспарлар жасауға, оны қорғауға, болашақ маман, болашақ отбасы иесі, қоғамның жасаушысы ретінде сезіне білуге қол жеткізуіміз қажет.

Қазіргі қоғам құрылымының күрделенуі жас жеткіншектің әлеуметтік рөлін белсенді игеруін қажет етеді. Тұлғаның қалыптасуына қажетті отансүйгіштік пен азаматтылықты дамыту – қазіргі уақытта басты назар аударуды қажет етеді. Сондықтан білім беру жүйесінде Қазақстандық отансүйгіштік рухты қалыптастыратын мақсатты, жүйелі ағартушылық

жұмыстар қажет. «Қазақстан Республикасының 2006-2008 жылдарға арналған азматтарды патриоттық тәрбиелеудің Мемлекеттік бағдарламасында» қоғамның рухани әлеуметін жоғарылату қажеттілігі айтылған. Әлеуметтенудің негізі болып табылатын осы нәтижелерге қол жеткізу үшін өлкетану және тәрбие жұмысын жандандыру, білім беру мекемелеріндегі мұражайларды дамыту мақсатында «Қазақстан Республикасының білім беру мекемелерінде жұмыс істейтін мұражайлардың ережесі» жасалды.

Мұражайды дәстүрлі мектептегі білім беруді жетілдіруге әсер ететін толыққанды білім беру арнасы ретінде тиімді құрал болып саналады.

«Мұражай – бұл қоғамның дамуына ашық бола отырып, тұрақты орынға ие мекеме.

«Мұражай – бұл қоғамның дамуына, қызмет ететін мекеме. Мұражайлар оқыту мақсатында, экспонаттарды оқып зерттеп, рухани және материалдық қанықтылығын арттырды», - деп Мұражайлар Халықаралық Кеңесінің жарғысында анықтама берілген (International Council of Museums - ICOM). Мұражайлар қауымдастығы бұл туралы басқаша - мұражайлар өз коллекцияларын ұсынып, оқушыларды қызықтырып, рухтандырады деп сипатайды. Бұл қоғам үшін сақтайтын объектілер мен үлгілерді жинайтын, қорғайтын және қол жеткізетін мекеме болып табылады. Кунакова Н.В. қазіргі заманғы оқу процесін мұражай педагогикасы сияқты оның құрамдас бөлігінсіз елестету қиын екенін атап өтті. Мектеп мұражай педагогикасының негізі - әлемді және адамның өмірін түсіну идеясына саяды. Мұражай педагогикасы - осы үнемі құбылмалы әлемде қандай адам болуы керек деген сұрақты шешеді. Кез-келген мұражайдың педагогикалық мақсаты мектеп оқушыларының «мәдениет» құндылықтарына эмоционалды-жеке қарым-қатынасын қалыптастыру, «мәдениет» түсінігін анықтайтын барлық түпнұсқалармен танысу арқылы мәдениет әлемін түсіну болып табылады.

Мектеп түлегінің алдындағы әлеуметтік-мәдени білім парадигмасы қоршаған әлеммен үйлесімді қарым-қатынас орнату, заманауи қоғамның жағдайына, оның әлеуметтік, кәсіптік, рухани және адамгершілік құндылықтарына сәтті бейімделу міндетін қойып отыр.

Осы себепті елімізде мектептерде әр түрлі типтегі мұражайларды ашу жолға қойылуда. Бұл мұражайлар әр типте болғанымен ортақ мақсатта қызмет етеді. Яғни, жас ұрпақты рухани тұрғыда бай мұрамен қаруландыру.

Мектеп мұражайларын сөз жоқ рухани-материалдық мәдениет пен білімнің ордаларының жарасымды үйлесім тапқан орнына жатқызуға болады. Ресейлік мұражайтанушы ғалымдар Ю.Б.Яхно және И.Н. Микулан мектеп мұражайлары алғашында тарих, география, биология, дүниетану және т.б. пәндерінің сабақ барысында қолданатын көрнекілік құралдарын атап айтқанда карталар, естеліктер, фотосуреттер, гербарийлер, минералдар және т.б. құжаттар сақтайтын кабинеттер негізінде жасақталған деген тұжырым келтіреді. Мектеп мұражайлары қысқа уақыт ішінде мектеп оқушыларын оқыту мен тәрбиелеуде тиімділігі артып педагогикалық практикада кеңінен

қолданылуда. Кез-келген мұражайдың негізгі тұрақты қызмет көрсетуші буыны, басымдық беретін категориясы бұл мектеп оқушылары екені белгілі. Сонымен бірге, балалар бойында рухани-мәдени құндылықтарды дарыту ерте жастан бастап қалыптасу қажеттігіне ешкімнің күмәні болмас. Негізінен мектеп Мұражайлары білім ордасының оқу-тәрбие жұмысын үйлестіруші ретінде көбінесе мектеп түлектерінің, ата-аналардың, оқушылардың, педагог-мұғалімдердің бастамасымен жүзеге асырылады. Кей ретте өлке тарихына қызығушы оқушылар мен мұғалімдердің өз бетінше ғылыми-зерттеу, мектеп тарихына байланысты деректерді жинақтау мен іздестіру нәтижесінде құрылып жатады.

Сонымен қатар ресейлік ғалымдар Т.А. Кудрина, Н.В. Шалахова, И.М. Косов, О.В. Лысиков, К.Г. Левыкин, Т.Ю. Юренев, Л.М. Шляхтин өздерінің ғылыми-зерттеу еңбектерінде мұражай мен білім мекемелері арасындағы байланыс, Мұражай педагогикасы, мұражай қызметі, типологиясы, мектеп мұражайларының теориясы мәселелерін қарастырған. 1985 жылы Т.А. Кудринаның редакциялауымен жарық көрген «Мұражай және мектеп» атты еңбекте бірлескен авторлар жас ұрпаққа патриоттық, интернационалистік, эстетикалық, адамгершілік, азаматтық тәрбие берудегі әр түрлі бағыттағы Мұражайлардың мүмкіндіктеріне тоқталған. Сондай-ақ кітапта мектеп пен мұражай арасындағы байланыс, мектеп мұражайларын құрудың шарттары және олардың оқу-тәрбие үрдісіндегі ролі туралы қамтылған.

Мектеп мұражайларын құрудағы ең басты мақсат оқушылардың туған өлкенің тарихы мен мәдениетіне қызығушылығын арттыру, шығармашылық бейімділіктеріне қолдау көрсету, аға ұрпақ бойындағы адамгершілік құндылықтарына құрметпен қарау, елін, жерін сүйуге бағытталған ұлтжандылық пен отаншылдық сезімдерін қалыптастыру, рухани-мәдени құндылықтарды бойына сіңіру. Н. Назарбаев «Жалпақ жұртыңды, исі алашыңды құрметтеу алдымен, өзің тұрған өлкенің тарихын танудан, адамын ардақтаудан басталады» деген. Сондықтан өз өлкеміздің, туған жеріміздің тарихын зерттеу, насихаттау, атақты тұлғаларын жас ұрпаққа таныстыру мектеп мұражайларының негізгі міндетіне жатады. Мұражай тек мектептің ерекше түрдегі оқу кабинеті ғана болып қоймай, ашық білім беру кеңістігіндегі басты тәрбие орталығына айналу қажет. Мектеп мұражайының негізгі мақсаты – жас буынның отбасы, ата-ана, мектеп, қоғам, отан алдындағы жауапкершілік сезімін қалыптастыру, туған өлкенің табиғи байлықтарын сақтап құрметтеуге үйрету, еліміздің өткені мен бүгініне құрметпен қарау, адамгершілік-эстетикалық мәдениеті жоғары, ой-өрісі биік азамат ретінде қалыптасуына ықпал ету. Мұражай жұмысы негізінде оқушылардың дүниеге ғылыми көзқарасы қалыптастырылады, адамгершілікке, имандылыққа, ізгілікке тәрбиеленеді. Мектеп мұражайлары ашық білім беру кеңістігінің бір бөлігі ретінде мектеп пен мәдениет мекемелері, қоғамдық бірлестіктер арасындағы байланыстың дәнекері және білім беру мекемесінің азаматтық-патриоттық қызметінің үйлестірушісі қызметін атқарады.

Мұражай материалдары мұғалімдер үшін тәрбие сағаттары, тарихи кештерді жүргізу, сабақ үрдісінде пайдалануда таптырмас құрал екені сөзсіз. Мұражайдың негізгі міндеттерінің бірі жастарға патриоттық тәрбие беру. Патриотизмге тәрбиелеудің негізгі көздеген мақсаты – өзінің бай тарихи тәжірибесіне сүйене отырып, келер ұрпақты еңбекке, өнер-білім машықтарын меңгеруге, отбасын, туған өлкесін, отанын сүйуге, ар-намысын қорғауға, және т.б. ізгі адамгершілік қасиеттерге баулу. Әрине бұған оқушыларды мектеп мұражайларындағы сақталған құжаттар, түрлі жәдігерлер, фотосуреттер, құнды деректерді сөйлету арқылы және осы оқу ордаларында білім алған еңбек, өнер, мәдениет, денсаулық, білім, өндіріс, спорт және т.б. салаларда биік шыңдарға жеткен алдыңғы толқын аға-апаларымыздың үлгі тұтарлық өмір жолдарымен таныстыру арқылы қол жеткізуге болады. Бұған Абай атамның «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз» деген өлең шумақтары да дәлел болатын секілді. Жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде бұрынғы өткен ата-бабаларымыздың, алдымыздағы аға-апаларымыздың ерліктерін, өнегелі істері, ел үшін жасаған жақсылықтары, еткен еңбектерін дәріптеу – қазіргі кездегі басты мәселелердің бірі. Оқушы жастардың патриоттық тәрбиесі Қазақстанның әйгілі, ұлы адамдарының өмірлік іс-әрекеттерін үлгі етуден басталуы тиіс. Өз өмірін қазақ жерінің тұтастығын сақтап қалу үшін құрбан еткен халқымыздың ұлы батырларының ерлігі болашақ жастарға үлгі, сабақ болуы тиіс. Мектеп мұражайларында оқушылар туған өлке тарихы, мәдениеті, табиғаты, түрлі жәдігерлермен құжаттардың түпнұсқасын табумен және т.б. мәліметтер мен деректерді іздестіру-жинақтау жұмыстарымен, оларды сақтаумен, зерттеу істерімен айналысады. Негізінен білім ордаларының ресми емес бөлімі ретінде мектеп мұражайларын еліміздегі мұражайлар желісінің ерекше бөлігіне жатқызуға болады. XX ғасырдың 20-шы жылдарында өлкетану жұмыстарының қарқын алуына байланысты білім ордаларында мектеп мұражайларын ашу жаппай сипат ала бастады. Бұл әсіресе 1950 жылдардан бастап сол кезеңдегі Кеңес өкіметінің мерейтойлық мерекелерін кең көлемде атап өту шаралары кезінде көптеп ұйымдастырыла бастады. Бұл кезеңде Кеңес өкіметі пен коммунистік партияның сара саясаты, олардың ізбасарлары комсомол мен пионер ұйымдарының табыстары мен жетістіктерін насихаттайтын құжаттар мен жәдігерлер мектеп мұражайларының басты экспозициясы болды.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары мен мәдени-ағарту саласының тарихын, құнды жәдігерлер, мәдени мұраларды жинақтау, сақтау, насихаттау жұмыстарымен айналыса отырып мұражайлар рухани-мәдени және білімдік-тәрбиелік орасан зор әлеуетке ие. Осы ақпараттық әлеуетті тиімді пайдалану арқылы патриоттық рухы асқақ, азаматтық сана-сезімі биік, рухани-адамгершілік құндылықтары жоғары тұлға ретінде оқушы жастарға тәрбие беру мектеп мұражайларының басты міндеті. Мектеп мұражайының өзіндік тақырыптық бағытына қарамастан оқушылар жоғарыдағы жұмыстарды атқаруы арқылы тарих, әдебиет, археология, этнография, деректану,

мұражайтанудың да негізгі түсініктері мен әдістерінен хабардар бола алады. Сонымен қатар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге бейімделіп, зерттеу жұмысын тандап оны негіздеуге, тарихи талдау жасауға, дерек көздерін тауып жинастыруға, сыни ойлауға, болжамдар, пікірлер, ұсыныстар, қорытынды жасауға машықтанады. Қазіргі таңда еліміз бойынша 8 мыңнан мектеп жас ұрпақты білім нәрімен сусындатса, соның 1400-ден астамында мектеп мұражайлары ұйымдастырылған [11].

«Мектеп мұражайларының ережесін» басшылыққа ала отырып, оқу орындарындағы мұражайларды білім берудің негізгі бөлігінің біріне айналдыру қажет.

Мектеп мұражайының құжаттар үлгісі №1 қосымшада берілген.

2 Мұражайдағы интерактивтік «жанды» сабақтардың білім беру әлеуеті

Қазақстанның білім беру және ғылым саласында жүйелі бірнеше ғылыми мекемелер еңбек етуде. Солардың қатарына мұражайлардың өзіндік атқарар рөлі ерекше. Қазіргі кезде елімізде мұражай – ғылымның, білімінің, мәдениеттің қалыптасуына ықпал ететін ғылыми-танымдық бағытта қызмет атқаратын өз алдына дербес мекеме. Мұражай заттық және рухани құндылықтарды танытуда, ғылыми тұрғыда зерттеп, оның нәтижелерін насихаттауда, осы негізде тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқарады. Ол ғылымның, білімнің, мәдениеттің қалыптасуына ықпал ететін ғылыми мекеме ретінде өскелең ұрпақтың тәрбиесіне, тарихи сананың қалыптасуына ықпал етеді. Қазақ халқының болмыс-бітімін, асыл мұраларын, ұмыт болған тарихын қазіргі ұрпақтың жадында жаңғыртатын, санасына сіңіретін, сонымен қатар, ел тарихын барша әлемге паш ететін механизмнің бірі – мұражай болып табылады.

Саяхатшы - туристердің ағыны баяулауына байланысты келушілерін жоғалтып алған мұражайлар жаңа келушілерді - мектеп оқушыларын тапты. Жақсы оқулықтар мен қосымша әдебиеттер жоқ мұғалімдер өздерінің оқушыларын көрнекі және түпнұсқа ақпарат алу үміттерімен профильді мұражайларға оқушыларын алып барды.

Келушілер саны тағы да өсе бастаған соң мұражайларда жаңа жұмыс қызметін ойлап табу қажеттілігі жоғалып кетті. Бірақ балалар арнайы қызметті талап ететін қонақтар болып табылады.

Белгілі педагог Ш. Амонашвили «Оқушылардың білімін арттыру, пәнге деген қызықтыру үшін оқытуда, жалпы алғанда ең бірінші оқушылардың неге қызығатынын анықтап алып содан соң бастау керек» - деген.

Қазіргі заманда сабақтың формасы өзгерді. Оқушылар мен мұғалімдер мектептің тақтасы мен партасын қалалар мен далаларға айырбастап қосымша білім алудың шексіз мүмкіндіктеріне ие болды. Әсіресе, Интернет пен қашықтан оқыту, толып жатқан мультимедиялық оқулықтар оқушыларға байтақ әлемнің есігін айқара ашып бергендей. Бұның бәрі білімнің көсегесін көгертіп, оқушының таным көкжиегін кеңейтеді деп білеміз.

Оқушының пәнге деген қызығушылығын оятатын мұражайдағы «жанды» сабақтар жаңа заманның инновациялық оқыту түрінің бірі. Сабақ мақсаты – мұражай экспозициясын жаңа технологиялармен жасақтай отырып, балалардың қызығушылығын арттыру.

Алайда, жақсы мұражай мұғалімі болмаса, мұражайға баратын мұғалімдердің, ата-аналардың және мемлекеттің күтілетін нәтижесі болмайды. Сондықтан мұражайдағы интерактивтік «жанды» сабақтар музеология саласындағы өзекті мәселелердің бірі.

Мәдени кеңістіктің құндылықтарын оқу кеңістігіне біріктіретін мұражай әлеуметтік кеңістіктегі тәнті байлықтарды игеруге ықпал етеді.

Мектеп оқушыларына рухани құндылықтар мен кәсіптік бағдар беру мақсатында «Туған-Жер» бағдарламасы мемлекеттік деңгейде енгізілуде. Қазақстандық патриотизм рухында жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған «Тәрбие және білім» атты кіші бағдарламасы осы бағыттың бірі.

«Рухани Қазына» кіші бағдарламасы Отанымыздың дәстүрлерін, тарихын және мәдениетін қызықтыруға және құрметтеуге бағытталған. «Туған өлкесі мәдениеті» негізгі жобасы өңірлердің мәдени ерекшеліктерін жинақтау негізінде елдің бірыңғай мәдени кеңістігін дамытуға бағытталған.

«Туған өлке тарихы» атты мұражайдағы сабақ. Мұражайлар мен мәдени орындарға экскурсия арқылы факультатив, арнайы курстар, үйірмелер ұйымдастырудың басы болып табылады.

Мұражай контексті шеңберінде негізгі іс шаралар - Республикалық «Ұлы дала тарихы» мұражай фестивалі маңызды оқиғалар - көрменің, фотокөрме, мастер-класстармен бірге көрсетілді; «мұражайдағы бір күн» жобасы аясында оқушылардың мұражай қызметкерлерімен кездесулер ұйымдастырылып, оқушылар экскурсия жетекшісі ретінде бағыттаушы әрекет жасайды.

Барлық іс-шаралар ұлттық беделді нығайтады, Қазақстанның қазіргі әлемдегі мәртебесін көтереді. Қазақстандық қоғамның идеологиялық байланыстары мен құндылықтарын, адамгершілік пен руханилықты, халықтың тарихын, мәдениетін, тілін және салт-дәстүрін білу шынымен адамның жаңа биіктерге, шығармашылық белсенділігіне және мағыналы өмірін арттыруға және ынталандыруға бағытталған.

Бүгінде елімізде 150-ге жуық мұражай бар. Көнеден қалған ұлттық құндылықтарымыз осында сақтаулы тұр. Мұражайдың міндеті құнды жәдігерлерді ұрпақтан-ұрпаққа сақтап, жеткізу екенін білеміз. Ұлттық құндылықтарымызды сақтап, халыққа таныстыратын да бірден бір орын мұражай. Ғасырлар қойнауымен ұштасып жатқан қазақ мәдениетінің тарихынан сыр шертетін ұлттық қазыналарымыз мұражай қорында мәңгі сақталады.

Ұлттық қазына деп – мәдени мұрамызды айтамыз. Мәдени мұраларға талайлы тарихымыздан сыр шертетін жәдігерлер жатады. «Жәдігер» деген не?

Мұражай танытудың негізгі нысанасы- бұл мұражай жәдігері яғни, мұражай экспонаты.

«Жәдігер» -иран тілінен –реликвия, естелік дегенді білдіреді. Жәдігер - ұрпақтан ұрпаққа қалдырылатын зат. Әр түрлі тарихи ақпараттардың айтылуы бойынша –жәдігерлер - адамның сезімі, отбасылық оқиға немесе отбасылық құпия жайлы заттар.

Мұражай жәдігерлері экспозициялық кешенді түрде жинақталып, ғылыми қосалқы материалдармен жабдықталады, мәтіннің мазмұнына қарай өте зор коммуникативтік және сыртқы ақпараттық хабарға бай

болғанда ғана көрмеге қойылады. Экспозициялық көрмеге шығарылатын мұражай жәдігерлерін төмендегідей топтауға болады. Олар:

1. Жәдігерлер – тарихи кезендерден дерек беретін, әртүрлі тарихи оқиғалар, фактілер, табиғат пен қоғам қатынастарынан көрініс беретін, тарихи, мәдениет, әдебиет, ғылым саласындағы тұлғалар өмірінің дерек көзі;
2. Құжаттық ескерткіштер- баспа заттары, автограф, фото және кино деректер;
3. Бейнелеу өнерінің ескерткіштері және қылқалам шеберлерінің туындылары.
4. Отбасылық жәдігерлер- отбасында сақталып, ұрпақтан ұрпаққа берілетін құжаттар, заттар нәрселер,
5. Техникалық жәдігерлер - бұрынғы заманда шығарылған және жұмыс істейтін қалпында сақталған техникалық құрылымдар немесе машиналар,.

«Мың рет естігенше, бір рет көрген артық» дейді дана халқымыз. Мұражайдағы «жанды» сабақта оқушылар көз алдында тұрған жәдігерлер тарихын тыңдай отырып, есте жоқ ерте замандарға көңіл көкжиегімен сапар шегеді. Бағзы бабалардан жеткен жәдігерлер арқылы тарихи танымын арттырады, Мәңгілік Ел идеясын жан жүрегімен сезінеді. Рухани жаңғырып, ұлттық құндылықтарды зерттеуге деген құлшынысы пайда болады.

2.1. «Жанды» сабақта мектеп пен мұражайдың серіктестігі.

Мектеп пен мұражай арасындағы серіктестік орнату - уақыт талабы. Республикадағы мұражайлардың бірлескен қызметті жоспарлау негізінде білім беру үдерісінде әртүрлі деңгейдегі мектептерді енгізу туралы өздерінің тәжірибесі мен көзқарастарына ие. Мұражай мен мектеп арасындағы байланыстардың формасы мен деңгейі көбінесе мұғалім мен мұражай қызметкері арасындағы өзара түсіністікке байланысты екенін атап өткен жөн. Олардың ынтымақтастығы тек бірге жұмыс істеуді ғана емес, бір-бірінен үйрену қабілетін де талап етеді, содан кейін өз мақсаттарына қол жеткізу үшін біріктіреді. Осы негізде әртүрлі мұражай нысандарын ғылыми және білім беру қызметін пайдалана отырып, балаларды тәрбиелеудің тұтас жүйесі қалыптасты.

Мұражайдың білім беру кеңістігіне интеграциясы «мұражай-мектеп» жүйесінде оқу үрдісіне ену мақсатында оңтайлы байланыстар орнату деңгейінде қаралуы керек.

Мұражайда атқаруға тиісті ауқымды жұмысты мұғалімнің өз бетінше орындауы екіталай нәрсе. Мұғалімдерге мұражай мұғалімінің көмегі ауадай қажет. Егер жақсы мұражай мұғалімі болмаса, мұражайға баратын мұғалімдердің, ата-аналардың және мемлекеттің күтілетін нәтижесі күткендегідей болмайды [13]. Мұражайлардың экспонаттарына сілтеме жасай

отырып пәндік-жеке - анықтау әдісі мен оқыту әдісін таңдау мұражай қызметкерінің көмегімен мүмкін болады.

Көшірме №3.

ОБРАЗЦ

График проведения уроков на базе музеев, исторических мест и театров на второе полугодие 2017-2018 учебного года по району (городу)

| № п/п | Наименование района / города | Наименование школы | Место проведения урока (музей, театр, историческое место) | Предмет | Дата проведения урока | Тема урока | Класс | Кол-во учащихся |
|--------------|---|---|---|--------------------------------|-----------------------|--|-------|-----------------|
| 1 | Семей | КГУ "Общественная средняя школа №3 им. Шахмата" | Музей им. Абы | Классический язык и литература | 10.01.2018 | Абыдан қарысқыр | 5 | 67 |
| Итого | | КГУ "Общественная средняя школа №3" | Отметки от к/п | Тарих | 14.04.2018 | Елшігі Қазақстанға саяхат | 7 | 100 |
| | | КГУ "Общественная средняя школа №14" | Музей им. Абы | Классический язык и литература | 30.01.2018 | Шығарын Құдайбардұлы | 8 | 70 |
| | Руководитель отдела образования "Академический центр" | КГУ "СОШ №6" | Классический язык и литература | География | 20.01.2018 | Пылаж. К. Сатпаев | 1 | 26 |
| | | Музей С. Сатпаев | Классический язык и литература | География | 04.05.2018 | "Трагедия елі сойыс" | 3 | 26 |
| | Нәзімжанов | КГУ "СОШ №22" | Тарих | Тарих | 01.01.2018 | Шығарын Абылқайыр ханұлының "Тарихи көзқарасы" | 3 | 30 |
| | | КГУ "СОШ №18" | Тарих | География | 26.01.2018 | Темірқазық пен темірқазық | 1 | 30 |
| | | КГУ "СОШ №11" | Музей Шағармат | История | 12.01.2018 | Мәдениет және дүниеміз | 5 | 52 |
| | | КГУ "СОШ №13" | Досжанов музейі | Классический язык и литература | 15.01.2018 | Қазақ саяхатшы Ш. Уәлихан | 1 | 75 |
| | | КГУ "СОШ №42" | М. Әуезов | География | 26.01.2018 | Жаңа әлемнің ашылуы | 4 | 40 |

Мұғалім мен мұражай қызметкерінің әдістемелік ынтымақтастығы тақырыпты толық меңгеруге жол ашады. Мұғалім жәдігерлерді пайдаланбай сабақты жеке ұйымдастырған жағдайды тақырыпты ширек пайыз меңгертуге қауқарлы. Сондықтан, мұғалімдер мұражай қызметкерлерімен тығыз байланыста болып, «жанды» сабақтың жоспарын бірлесе дайындағаны дұрыс. «Не сойса да, қасапшы сойсын» деген мақалдың айтары осы.

Мектептердің мұражайларға баруды ұйымдастыру мәселелерді келушілермен жұмыс жасайтын жетекші бөліммен шешкен сәттен бастап жоспарлау қажет. Мұражайда ұйымдастыру бөлімінің қызметкерлері мектеппен өзара әрекеттесу үшін жауапты. Мұғалім мұражайға барар алдында мұражай қызметкерлеріне хабарласып алдын ала мынадай дайындық жұмысын жасай алады:

- Білім беру құндылығын жоғарылату мақсатында мектептерге арналған көрмелер мен басқа да бағдарламалар жасайды. Соның ішінде сабақтың тақырыбы бойынша оқушыларға арнайы «мұражай қоржындарын» дайындайды. Мұражайдағы экспозициялар мен интерактивті көрме алаңдарында сабақта қолдануға болатын өз бетімен жұмыс істеуге арналған дайын материалдар пакеттерін «мұражай қоржындары» деп атайды. Қазіргі заманғы мұражайлар заманауи білімнің қажеттіліктерін қанағаттандыруға тырысады, сондықтан мұражайлар мектеп бағдарламасының әртүрлі тақырыптары бойынша «мұражай қоржындарын» әзірлейді. (британдық тәжірибе).
- «Жанды» сабақтарда мұражай қызметкерлерімен тығыз байланыста болып, арнайы экспозиция «қоржындарын» талдау негізінде бірнеше пән бойынша білім алуға ықпал жасалады. Оқушы ұсынылған мұражай «қоржындары» арқылы алған білімін жүйелеп, көркемдік және тілдік құралдармен меңгеру дағдыларын бекітеді, көркем мәтіндерді саралайтын болады. Теориялық білімін бекітіп, тест сұрақтарына жауап табады.

Әрбір топ жұмыс парақтарында берілген келесі тапсырмаларды орындауды бағытқа алу керек.

1. Экспозициялық «қоржын» арқылы қоғамды суреттеу.
2. Қай жерде, қандай әдеби шығармалар жазғанын анықтау.
3. Шығарманың әлеуметтік-тарихи жағын білу.
4. Ақынның болған жерлері бойынша контурлық картаны толтыру.
5. Поэтикалық мектептің ерекшеліктерін тану.
6. Экспонаттарға сүйене отырып өз бетінше тапсырмалар құрастыру.

Оқушылар бұл тапсырмаларды орындау үшін қосымша құралдың немесе «бас қатырып» тақырыпты шолудың қажеті де жоқ, оқушы мәліметтің бәрін экспозициялық «қоржынның» көмегімен тапсырманы орындай алады.

- Білім беру ұйымдары үшін жарияланымдарды және ақпараттық өнімдердің немесе сабақтың тақырыбы бойынша *сілтемелердің сенімді көздерінің* тізімін жасайды. Тексерілген сілтемелер тізімі балаларға берілген тақырып бойынша Интернет кеңістігінен материалдарды тез табуға дұрыс бағыт береді. Баланың білім көкжиегін кеңейтуге көмектеседі.
- Мұражайдағы «жанды» сабақты ұйымдастыруға мүмкіндік беретін жұмыс және бағдар парақтарын дайындайды. Жұмыс парағындағы тапсырмаларды оқушылар жәдігерлермен жұмыс кезінде орындайды.
- Білім алушылар оқушыларға арналған материалдарға сүйене отырып жинаған білімін белсенді қолданады және сабаққа дайындалуға мүмкіндік беретін «қоржындарды» пайдаланды;
- Бағалау парағын дайындайды;

№.2 кесте. Бағалау парағы.

| С Ы Н Ы П | Тақырыптың аты | Немі бағалайды? | | | | | | жалпы баға |
|-----------------------|----------------|------------------|------------------------------------|---------------------------------|--|----------------------------------|--|------------|
| | | Әңгімелеу сапасы | Ұсынылған материалдың мазмұндылығы | Тақырып бойынша іздеу жұмыстары | Көрнекі қойылымдар үшін мұражай заттарын пайдалану | Электрондық презентацияның болуы | Тіркеу материалдарын рәсімдеу және пайдалану | |
| | | | | | | | | |

- Кең ауқымда тақырыптық экскурсиялар, лекциялар, интерактивті бағдарламалар, түрлі мастер-кластар өткізеді:
- Мұражайдың білім беру бағдарламасының барлық аспектілері бойынша жарнамалық материалдар дайындайды.
- Мұражайларда «жанды» сабақтарда ұйымдастыруға арналған зияткерлік ойындар өткізеді.

2.2.«Жанды» сабақтың критерийлері

1. Мұражайдың оқу бағдарламасы мен мектептің оқу жоспарының «жанды» сабақ тақырыптары (анықталған пәндер бойынша) өзара сәйкестігі. Мұражай жинақтарының мазмұнына негізделген және оқу жоспарына сәйкес мұражай бағдарламаларын әзірлеу және жүргізу.
2. Мұражай «қоржыны» болуы: мұражайдағы коллекциялар мен жәдігерлерден тақырыпқа сай бұрыш жасау. Қоғамдық топтар мен басқа әлеуетті келушілерге жылжымалы көрмелер ұйымдастыру, экскурсиялар мен лекциялық демонстрациялар ұйымдастыру. Мұражай кеңістігінің ерекшеліктерін пайдалану.
3. «Жанды» сабақ өткізгенде оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты психологиялық сипаттамаларын (Оқушыларға тақырыптық материалды көрсеткенде қызықты және әсерлі етіп көрсету) ескеру керек.
4. Оқушылардың метапәндік және жеке нәтижелеріне жетуге бағытталған жүйе-белсенділік тәсіліне (балаларға арналған жобаларды іздеу, зерттеу және элементтері) бағдарлау.
5. Мұғалімдерге мұражайдағы «жанды» сабаққа дайындалуға арналған *мағыналы* ұсынымдамалар пакетін беру.
6. Оқушылар үшін шығармашылық *тапсырмалар парағын* дайындау. Оқушы мұражай «қоржынында» тапсырмалар парағымен ізденеді, білімін пысықтайды, бекітеді, толықтырады, нақтылайды.

Ең басты критерий: «Жанды» сабақ тақырыбының нақтылығы.

2.3. «Жанды» сабақтың мақсат-міндеттері

«Жанды» сабақтың мақсаттары мен міндеттері осы бағытта болады.

Сабақтың міндеті:

- тарихи және мәдени ескерткіштермен таныса отырып, тарихи дәуірлердің өзара байланысын, сол кезеңге және басқа мәдениетке байланысты түсінігін қалыптастыру;
- мұражай, ескерткіштермен тұрақты қарым-қатынас жасау қажеттілігі мен дағдыларын қалыптастыру;
- эстетикалық пайымдау және мұражай жәдігерлеріне ұқыптылықпен қарау қабілеттерін дамыту;
- басқа мәдениеттерге құрметпен қарауды, тарихи және мәдени құндылықтар жүйесін түсіну және қабылдай білу дағдыларын қалыптастыру;
- қосымша материалдарды өз бетімен меңгере білу қабілетін дамыту.

Бүгінгі білім беру саласында сабақтың қалыптасқан дәстүрлі түрлерімен қатар, сан қырлы дәстүрлі емес түрлері де қолданылуда. Ол, әрине қоғамның жаңару, жетілдіру жағдайына білім беру саласын реформалаумен тығыз байланыста іске асуда. Оқыту жұмысын ұйымдастырудың мұндай дәстүрлі емес сабақ түрлері көбінесе оның жеке әдістеріне негізделіп құрылуда. Ондағы мақсат – әрбір сабақтың оқу-

тәрбиелік мүмкіндіктерінің мол екенін көрсете отырып, оны жаңа сапалық сатыға көтеру.

Дәстүрлі емес сабақ түрлерінің бірі «жанды» сабақты оқу үдерісіне енгізу арқылы мынадай негізгі мақсаттар орындалады. Атап айтқанда:

1. *Ғылыми – зерттеуге қызығушылығын арттырады.*
2. *Мәңгілік Ел құндылықтарын түсіндіреді.*
3. *Мектептер оқу кабинеттерінің жетіспеушілігінен арылады.*
4. *Мұражайға барушылар қатары көбейеді.*
5. *Оқушыларға кәсіптік бағдар береді.*
6. *Рухани жаңғыру бағыттарын жүзеге асырады.*
7. *Сабақтың тәрбиелік әлеуетін дамыта түседі.*

Сонымен қатар, «жанды» сабақтың басты мақсаты – білім. Білім алушыларға берілген тақырыптарды мұражайдағы бай қорды пайдалана отырып терең меңгеруді көздейді. Мақсатқа жету жолында бірқатар жұмыстарды қолға алу күн тәртібіне шығып отыр. Нақты айтқанда, мұражайлардағы «жанды» сабақтың бірыңғай әдістемелік жүйесін жасау, пәндер бойынша нақты тақырыптарды анықтап «жанды» сабақтар бағдарламасын жасау кезек күттірмейтін мәселе. Инновациялық сабақтың бұл түрі еліміздегі мектептердің барлық деңгейлерінде жүргізілгенін қалаймыз. «Жанды» сабақтар - мұражайлар мен білім беру ұйымдары арасындағы жаңа серіктестік пен ынтымақтастық нышаны. «Жанды» сабақтар арқылы мұражайларға оқушыларды тартуды белсенді түрде арттыра береміз.

2.4. «Жанды» сабақтар түрлері

«Жанды» сабақ дәстүрлі емес сабақ түрлерінің бірі болып табылады. Ұйымдастыру тұрғысынан қарағанда сыртқы формасы өлкетану жұмыстарына сәйкес келеді. Өлкетану жұмыстары сыныптан тыс жерде төмендегідей сабақ түрінде өтетінін еске саламыз.

1. *Жорық сабақ*
2. *Саяхат сабақ*
3. *Туризм сабақ*
4. *Экскурсия сабақ т.б.*

Бірақ бұл сабақтардың сыртқы формасы «жанды» сабаққа ұқсағанымен оқушыларға тақырып бойынша жететкілікті білім бере алмайды. Оқушылардың білімге деген сұранысын қажетті деңгейде қанағаттандыра алмайды. Аталған сабақтарда мұғалім оқушыларға тақырыпты теориялық тұрғыдан толық меңгерте алмайды. Әсіресе, оқушыларды нақты білімді талап ететін МАБ, ҰБТ кезеңдеріне дайындауда «жанды» сабақтың әлеуеті күшті. «Жанды» сабақты оқулықтағы тақырыптар модульдап, блоктап оқыту жүйесі бойынша берілген жағдайда пайдаланудың тиімділігі зор.

«Жанды» сабақтар ішкі мазмұны мен құрылымы жағынан дәстүрлі сабаққа сәйкес келеді. Төменде көрсетілген дәстүрлі сабақтарды «жанды» сабақ түрінде өткізуге болады.

1. Аралас сабақ
2. Әдеби-сайыс сабақ
3. Бекіту сабақ
4. Композициялық - ойын сабақ
5. Кіріктірілген сабақ
6. Қайталау сабақ
7. Қорытынды сабақ
8. Нәтиже сабақ
9. Понарамалық сабақ
10. Практикалық сабақ
11. Пікірталас сабақ
12. Шығармашылық сабақ

Бұл сабақтарда оқушылар сыныпта меңгерген теориялық білімдерін мұражайдағы жәдігерлер арқылы нақтылайды, бекітеді, пысықтайды, дамытады.

2.5. Дәстүрлі сабақ пен «жанды» сабақ айырмашылықтары

- *ұйымдастыру кеңістігі:* дәстүрлі сабақта оқушылар көбінесе парталарда отырады, мұражай сабағында олар мұражай кеңістігінде еркін жүреді;
- *мотивациялық реттеу:* дәстүрлі сабақтың нысаны ықтимал ауыспалы құрылымымен және когнитивтік қызметті ұйымдастыру жолымен де міндетті болып табылады; мұражай сабағы - қатысушылардың когнитивтік қызметін ұйымдастырудағы мазмұнды және айнымалы болып табылатын ерікті нысан; -психологиялық жас ерекшеліктері; егер сыныпта жас шамасы бірдей оқушылар оқыса, мұражайдағы сабақ әртүрлі жастағыларды біріктіре алады;
- *процессуальдық:* дәстүрлі сабақ мұғалімнің (әдістемелік әдістер мен құралдардың заманауи арсеналына ие болған арнайы мұғалім) жетекшілігімен жүргізіледі, ал мұражай сабақтарын тек мұғалімдер ғана емес, мұражайда жұмыс істейтін мамандар да жүзеге асырады;
- *нәтижелік мақсаты:* дәстүрлі сабақты мұғалім нақты бір пән бағдарламасы бойынша оқушылар білім және дағдыға ие болу үшін ұйымдастырады; мұражай сабағы балаларға оқу жоспарының белгілі бір бөлімдерінде де, оқу пәнінің мазмұнын немесе бірнеше пәндерден біріктірілген ақпараттардан қосымша білімді алуға мүмкіндік береді;
- *дидактикалық:* егер сыныптағы дәстүрлі сабақта оқушылар мәтінмен, ауызша сөзбен, иллюстрациялармен, муляждар және өзге де көрнекіліктермен жұмыс істесе, «жанды» сабақтың ерекшелігі сабақта

жәдігермен жұмыс жасайды;

- *бақылау-бағалау*: оқушылардың дәстүрлі сабақта атқарған жұмысының нәтижесін мұғалім әдетте баллдық жүйеде бағалайды, бірақ олар қосымша ауызша түрде бағалануы мүмкін. Білім беру нәтижелеріне қол жеткізу үшін белгілі бір критерийлердің болуын қалайды. Мұғалім «жанды» сабақ нәтижелерін ауызша бағалайды [15].

2.6. «Жанды» сабақты өткізу нысандары

«Жанды» сабақ мектеп қабырғасынан тыс жерлерде өтеді. Негізінен, типтік жағынан ғылыми зерттеу, көпшілік – ағарту, зерттеу, академиялық – оқу болып жіктелетін мынадай мұражайларда өткізуге болады.

1. *Алтын және бағалы металдар мұражайы*
2. *Әдеби мұражай*
3. *Әскери-тарихи мұражай*
4. *Кешенді мұражай*
5. *Көркемөнер мұражайы*
6. *Табиғи-жаратылыстану мұражайы*
7. *Тұлғалар атындағы мұражай-үйі*
8. *Тарихи мұражай*
9. *Техникалық мұражай*

«Жанды» сабақты мұражайда ғана өткіземіз десек қателесеміз. Кешенді мұражайы мүлдем жоқ елді-мекендер бар. Сондықтан сабақты мұражайдан басқа мынадай нысандарды өткізуге болады:

1. *ескерткіштер жанында*
2. *ЖОО зертханаларында*
3. *кәсіпорындарда*
4. *кітапханаларда*
5. *мәдени мекемелерде (кинотеатр, клуб т.б.)*
6. *тарихи орындарда, нысандарда*
7. *экспозиция мен нысандары ғимарат қабырғасынан тыс орналасатын аспан астындағы мұражайлар т.б.*

2.7. «Жанды» сабақ өткізетін оқу пәндері мен тақырыптары

Мұражайлардағы сабақ әртүрлі пәндерден біріктіріп, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқушыларға көп нәрсе бере алатын пәнаралық қатынасты ұсынады. «Жанды» сабақтар мұражайлардың бірінде жеке сабақ немесе циклді сабақтардан тұрады.

«Жанды» сабақты мынадай оқу пәндері бойынша өткізуге болады.

1. *биология*
2. *география*

3. көркем еңбек
4. музыка
5. тарих
6. тіл мен әдебиет
7. химия т.б.

Оқу жылы басында жоғарыда көрсетілген пәндердің жылдық күнтізбелік тақырыптық жоспары сарапталып «жанды» сабаққа ыңғайлы ортақ тақырыптар біріктіріліп жылдық оқу жоспары жасалады. Жоспарды мектеп әкімшілігі бекітеді. Жоспарда мұражайдағы «жанды» сабақтардың пәні, тақырыбы, уақыты, сыныбы көрсетілген болуын ескереміз. Төменде мұражайда «жанды» сабақ өткізуге болатын тақырыптарды бірнеше пән бойынша болжамалы түрде беріп отырмыз..

№3 кесте. «Жанды» сабаққа ұсынылған тақырыптар.

| сынып | Тақырыптары | Мұражай |
|-------|--|------------------------------------|
| | Биология пәні | |
| 7 | Жасушалық биология | биологиялық ботаникалық |
| 7 | Молекулалық биология | зоологиялық |
| 7 | Тұқымқуалаушылық пен өзгергіштік | геологиялық минералдық |
| 7 | Микробиология және биотехнология | экологиялық |
| 7 | Туған өлкенің флорасы мен фаунасы | |
| 7 | Биомедицина және биоинформатика | |
| | География пәні | |
| 6 | Сіздің туған жеріңізді зерттеу (рельеф, климат, өзендер) | қоршаған орта мұражайы |
| 6 | Қазақстан халқының халқы мен этникалық құрамы | геологиялық минералдық |
| 7 | Қазақстанның табиғи-аумақтық кешені | палентологиялық антропологиялық |
| 7 | Қазақстанның табиғи аудандары және оның елді мекендері | және экологиялық |
| | Химия пәні | |
| 8 | Металдар мен қорытпалар | Коллекциялық мұражайлар |
| 8 | Химия адам өмірінде. | ЖОО зертханалары |
| 8 | Мұнай және мұнай өнімдері | ҚР алтын және бағалы |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Жасанды және синтетикалық полимерлер | металдар мұражайы |
| | Тарих пәні | |
| 5 | Туған өлкенің аңыз-ертегілері | Кешенді мұражай Өлкетану мұражайы Мемориалдық мұражай |
| 5 | Жәдігерлер сыр шертеді | |
| 6 | Біздің айналамыздағы тарихи ескерткіштер | |
| 5 | Өңірдің тарихи тұлғалары: билер, батырлар мен палуандар | |
| | Тіл мен әдебиет пәні | |
| 7 | Менің туған өлкем өлеңдер мен прозада. | Өлкетамну, мемориалдық мұражайлар |
| 6 | Топонимдер – өткен заманның куәгерлері | |
| 7 | Туған өлке публицистика беттерінде | |
| | Музыка | |
| 5 | «Туған өлке симфониясы». | Музыкалық аспаптар мұражайы |
| 6 | «Туған жердің таланттары». | |

Басқа пән мұғалімдері де таңдалған тақырыптар бойынша «жанды» сабақ жоспарын жасай алады.

Халық саны көп ірі қалаларда мұражайларды білім беру үдерісіне оңтайландыру маңызды шаруа. Бүгінде бала саны нормадан көп мектептер оқу кабинеттері жетіспегендіктен 3 ауысымда оқуға мәжбүр. Мұражайда оқытудың басты мақсаттарының бірі - «жанды» сабақ арқылы мектептердегі оқушы жүктемесін азайту, сыныпты оқу кабинеттерімен қамтамасыз ету болып табылады. Бірақ қалалардағы барлық мектептер 3 ауысымда оқымайтыны белгілі. Сондықтан мектептер «жанды» сабақтар жүктемесін дайындағанда осыны да ескеруі керек.

2.8. «Жанды» сабақ жобасы

Мұражайлары көп ірі қалаларда «жанды» сабақтарды арнайы жоба бойынша жүйелі өткізудің маңызы зор. Жобада мұражайлардың типтік түрлеріне қарай оқу пәндерінен «жанды» сабақтар өткізу қарастырылады.

Көрші елдегі «Музейдегі сабақ» ведомствоаралық білім беру жобасы Мәскеу қаласының мәдениет департаменті мен Мәскеу білім беру департаменті арасындағы 27.11.2012 жылғы Ынтымақтастық туралы келісімге сәйкес өткізіледі.

Қаланың тіпті виртуалды кеңістігінде - Мәскеу Үкіметінің порталдар желісі, кітапханалар, мұражайлар, мектептер, электрондық білім беру ресурстары бар. Бұл дегеніміз, оқушылар кез-келген күрделі деңгейдегі, кез-келген қызмет саласына практикалық бағыттағы мәселелерді шешуге

мүмкіндік береді.

«Мәскеудегі сабақ» мұражай кеңістігін белгілі бір тақырыптық аймаққа қосу туралы әдеттегі стереотиптерді өзгертеді. Мысалы, политехникалық мұражайда физика сабақтарына, ал Л.Н. Хамовниктегі Толстой мұражайында әдебиетке қатысты тақырыптар өткізуге болады.

Бұл үрдіс Қазақстанда қалыптасып келеді. Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында мектептер мен мұражайлар серіктестік құрды. Серіктестік білім басқармасы мен мұражай әкімшілігінің бірлескен келісім – шарты негізінде рәсімделеді. Мысалға төменде осындай құжат көшірмесін ұсынып отырмыз.

Көшірме №1. «Семей қаласының облыстық тарихи-өлкетану музейі» КМҚК білім беру мекемелерімен келісім-шарты.

| Бірлескен шығармашылық қызмет КЕЛІСІМ-ШАРТЫ | ДОГОВОР о творческом сотрудничестве |
|--|---|
| « » 2017-2018 оқу жылы. | « » на 2017-2018 учебный год. |
| Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі, Шығыс Қазақстан облыстық мәдениет басқармасы «Семейдің қаласының облыстық тарихи-өлкетану музейі» КМҚК директоры м.а. Л.Әлжан пен | Восточно-Казахстанский областной акимат управление культуры Восточно-Казахстанской области КГКП «Областной историко-краеведческий музей г.Семей» в лице И.о директора музея Әлжан Л.Т. и руководителя |
| Қазақстан Республикасы Президентінің «Мәдени мұра» бағдарламасын басшылыққа ала отырып төмендегі істерді атқаруға келісім-шарт жасасты. | во исполнение Государственной Программы Республики Казахстан «Культурное наследие» составили настоящий договор о нижеследующем: |
| 1. Тарихи-өлкетану музейінің міндетіне: | 1. Историко-краеведческий музей обязуется: |
| - Жалпы және тақырыптық экскурсия жүргізу. | - Проводить обзорные и тематические экскурсии в музее. |
| - Арнаулы орта және жоғары оқу орындары студенттеріне дәріс оқу (сұраныс бойынша). | - Читать лекции для учащихся учебных заведений (по заявкам). |
| - Бейнефильмдер көрсету (сұраныс бойынша). | - Демонстрировать видеофильмы (по заявкам). |
| - Кештер мен кездесулерді жоспар бойынша ұйымдастыру. | - Организовывать вечера и встречи по утвержденному плану. |
| 2. Оқу орыны міндеттенеді: | 2. Учебное заведение (школа, колледж) обязуется: |
| - Кесте бойынша тарихи-өлкетану музейіне айына мектеп - 2 сынып; | - Активно посещать историко-краеведческий музей согласно графику (школы: 2 класса в месяц, колледжи: 1 группа в месяц) |
| Колледж - 1 оқу тобының келуін қамтамасыз етеді. | - Принимать участие в проведении совместных мероприятий на базе музея или учебного заведения. |
| Оқу оры мен бірігіп іс-шаралар өткізу (жоспар бойынша). | |
| Музейдің жұмыс кестесі; 9.00-ден 17.00-ге дейін, Түскі үзіліссіз жұмыс жасайды Демалыс күні – жексенбі | Режим работы музея: с 9.00 ч. до 17.00 ч. Без перерыва на обед Воскресенье выходной |
| Кіру ақысы: | Входная плата: |
| Мектепке дейінгі балаларға 15 теңге | Для дошкольников 15 теңге |
| Оқушыларға 50 теңге | Для школьников 50 теңге |
| Студенттерге 100 теңге | Для студентов 100 теңге |
| Үлкендерге 150 теңге | Для взрослых 150 теңге |
| ТМД азаматтарына 500 теңге | Для граждан СНГ 500 теңге |
| Шет ел азаматтарына 500 теңге | Для граждан дальнего зарубежья (в т.ч. студенты) 500 теңге |
| Жалпы экскурсия 300 теңге | Обзорная экскурсия 300 теңге |
| Тақырыптық экскурсия 500 теңге | Тематическая экскурсия 500 теңге |
| Тақырыптық дәріс 1000 теңге | Тематическая лекция 1000теңге |
| Семей қаласы Абай көшесі, 90 Телефон: 52-21-19, 52-07-32 Музей директоры м.а: Л.Т. Әлжан |  |

Республикамыздың түкпір-түкпіріндегі әртүрлі мұражайлар осындай келісім-шарт арқылы мектептің сабақ кестесіне сәйкес бағдарламалық

«жанды» сабақтар өткізуде. Бұл бағдарламалық сабақтарды мұражайдың педагогикалық бөлімі мен білім беру мекемелерінің қызметкерлері бірлесе отырып жасайды. Мәселен, №2 қосымшада берілген «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің қызметкері А.Б.Амиева дайындаған 6-7 сынып оқушыларына арналған бағдарламалық «жанды» сабақтары осының бір дәлелі бола алады.

«Астанадағы сабақ» жобасы қаланың білім беру мекемелерінің әлеуетін қалалық ортаны нысандардың барлық алуан түрлілігінде ең көп білім беру ресурсы ретінде пайдалану мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған.

«Астанадағы сабақ» жобасына қаладағы барлық мұражайларды қамтуды қарастырамыз. Олардың бағытына қарай пәндер бөлінеді. Төменде пән бойынша «жанды» сабақтар өткізуге болатын Астана қаласындағы мұражайлар тізімі берілген.

№4 кесте. «Астанадағы сабақ» бойынша мұражайлар мен пәндер.

| № | Аты-жөні | мекенжай | пән |
|----|--|--|-------------------------------|
| 1 | «Білім тарихы» мұражайы | Астана қаласы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде | Тарих, тіл және әдебиет |
| 2 | Кітап мұражайы | Астана қаласы, ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы | Тарих, тіл және әдебиет |
| 3 | ҚР алтын және бағалы металдар Мемлекеттік мұрағаты ММ | Астана қаласы, Бараев көшесі 1 т. 489278, 79 | Химия, физика |
| 4 | Заманауи өнер мұражайы МҚКК | Астана қаласы, Республика даңғылы 3 215431, 215433, 215430 | Көркем еңбек тарих |
| 5 | «Атамекен» Қазақстан картасы» Этно-мемориалды кешені» МҚКК | Астана қаласы, Қорғалжың тас жолы, 2/1 8 (7012)245272, 245377 | География Тарих |
| 6 | С.Сейфуллин Мұражайы МҚКК | Астана қаласы, М. Әуезов көшесі 78 328467,323563 | Әдебиет Тарих |
| 7 | Қазақстан Республикасының Ұлттық Мұражайы | Тәуелсіздік даңғылы, 54 | Гуманитарлық пәндер |
| 8 | ҚР Қарулы Күштері әскери- тарихи Мұражайы | Астана қаласы, Республика даңғылы, 2, Самал ш.а | Алғашқы әскери дайындық |
| 9 | Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Мұражайы | Абай даңғылы 11 e-mail: president-centre@mail.ru | Тарих Әдебиет |
| 10 | ҚР Бейбітшілік пен келісім Мұражайы | Тәуелсіздік даңғылы, 57 | Тарих Әдебиет |
| 11 | Ұлттық ұланның Орталық Мұражайы | Астаналық бригада ғимаратында орналасқан. 5573 әскери бөлімі | Алғашқы әскери дайындық |
| 12 | Астана қаласы әкімдігінің "Балалар мен жасөспірімдердің туризм және өлкетану орталығы" МҚКК | Тамшалы, 24. | География Тарих Әдебиет |

Жоба шеңберіндегі сабақтар түрлі жастағы оқушыларға, оқыту деңгейіне, кәсіби бағдарға арналған. Қаланың ресурстарын білім беру ісінде пайдалануды барынша арттыру оқушыларға өздерінің көкжиектерін айтарлықтай кеңейтеді, олардың танымдық қызығушылығын дамытуға ықпал етеді.

«Астанадағы сабақ» мұражай қыметкері мұғалімге сабақты дайындаудағы шығармашылық еркіндікті сақтауға, әр сабақты сыныптың толықтай жасауға мүмкіндік береді.

«Астанадағы сабақ» дизайнерінің аясында оқушыларға проблемалық жағдайларды немесе тәжірибеге бағдарланған тапсырмалар қоржынын шешу ұсынылады. Жобаның әр сабағы мұғалімге ұсынылған материалдармен, фотоматериалдармен жұмыс істеу туралы егжей-тегжейлі ұсыныстармен бірге жүреді.

2.9. «Жанды» сабақтың құзыреттілігі

Қазақстан Республикасының президенті Н. Ә. Назарбаев «Қоғамның нарықтық қарым-қатынасқа көшу кезінде саяси-экономикалық және рухани дағдарыстарды жеңіп шыға алатын, ізгіленген ХХІ ғасырды құрушы, іскер, өмірге икемделген, жан-жақты, мәдениетті жеке тұлғаны қалыптастыру-біздің басты мақсатымыз»-деп өзінің «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында тұжырым жасады.

Мұражай аясында «жанды» сабақтың құзыреттілік көзқарасы ерекше маңызға ие болады. Бүгінде қазақстандық білім беру жүйесінде құзыреттілік уақыттың қажеттіліктеріне сәйкес келетін білім беру сапасын бағалаудың жаңа бірлігі болып табылады. Білім берудегі құзыреттілік ақпарат пен дағдыларды үйлестіруге болмайтын білім беру нәтижелерінің жаңа түрін белгілейді, бірақ адамның әртүрлі мәселелерді шешуге қабілеті мен дайындығына бағытталған.

Қазіргі өскелең талап бойынша әрбір оқу пәні бойынша білім, білік және дағдыны ғана игеру оқушы құзыреттілігі үшін жеткіліксіз, жеке тұлғаның қалыптасуында ең тиімді жол жаңа тұлғаны қамтитын, қабілет, білім, икем, дағды, тәжірибе, көзқарас болып табылады.

Құзыреттілік - оқу нәтижесінде меңгерген білім мен дағдыны тәжірибеде қолдана алу, проблеманы шеше алу, яғни оқушы дайындығының сапасын сипаттайтын жаңа сапалық белгісі. Білім берудің негізгі нәтижесі ретінде мектеп түлегі оқушыда, яғни жеке тұлғада төмендегі құзыреттіліктер болуы тиіс:

- Құндылықтарды бағалау құзыреттілігі
- Коммуникативті құзыреттілігі
- Мәдениеттану құзыреттілігі
- Оқу-танымдық құзыреттілігі
- Әлеуметтік еңбек құзыреттілігі
- Тұлғаның өзін-өзі дамыту құзыреттілігі

• Ақпараттық -технологиялық құзыреттілігі

1. Құндылықтарды бағалау құзыреттілігі - жаңа қоғам өмірінде өз ролін таба білу, біліктілігі, азаматтық белсенділігі, саяси жүйені түсіну, ең алдымен өз жерінің, Отанының патриоты болу.
2. Мәдениеттану құзыреттілігі - өз халқының және әлем елдерінің мәдениетін түсіну, білу, бағалау, жалпы адамзаттық мәдениеттің жетістіктері мен этномәдени құбылыстарды тану.
3. Оқу-танымдық құзыреттілігі – оқушының әрекеті мен өзіндік оқу-танымдық процесін қамтамасыз ететін кешенді құзырлылық. Әлемдік ғылымның бағытын ізденушілік - зерттеушілік әрекет арқылы игеру.
4. Коммуникативті құзыреттілігі – адамдар мен өзара іс-әрекет және қарым-қатынас жасау тәсілдерін білу, түрлі әлеуметтік топтармен жұмыс істеу.
5. Ақпараттық-технологиялық құзыреттілігі - өз бетінше іздей білу, талдау, таңдап алып өзгерте білу, ақпараттық технологияны игеру.
6. Әлеуметтік еңбек құзыреттілігі - жанұяда, еңбекте, экономикада, саяси, қоғамдық азаматтық тәжірибе мен білімге ие болу. Әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға нақты талдау жасап, шешім қабылдай білу.
7. Тұлғаның өзін-өзі дамыту құзыреттілігі – өзіндік қадір – қасиет сезімін ұйымдастыра білу, өз мүмкіндігін нақты даму жоспарларымен салыстыра білу.

Құзыреттілік арасында жалпы мәдени құзыреттілік екіге бөлінеді. Олар ғылыми және педагогикалық әдебиетте білім деңгейін білдіреді, адамның интегративтік әлеуеті:

- мәдениеттің түрлі салаларында өзін-өзі тану;
- басқа да мәдениеттер өкілдерімен диалог жүргізу;
- когнитивтік, философиялық, өмірлік табиғат мәселелерін шешу критерийлері ретінде мәдениет стандарттарын қолдану.

Мәдениетті білімге және білімге мәдениетке біріктіру жалпы мәдени құзыреттілікті дамытудың мақсатты процесі арқылы жүзеге асырылады.

Жалпы мәдени құзыреттілік құрылымы когнитивті, құндылық-бағдарлық және коммуникативтік-белсенділік құрамдастарынан тұрады [16].

Когнитивтік компонент - бұл мәдениет кешенді білімі болған мәдениет өнімдерін үйрену мен түсіну тәрізді нәрсе.

Мән-бағдар компоненті құндылықтарды рухани қарым-қатынас процесінде тәжірибе арқылы беруді мәдениетке енгізуді қарастырады. Сонымен қатар, мәдениет «рухани құндылықтарды өндіру жүйесі», «ойлаудың, сезімнің нақты жолы», «жоғары құндылықтарды жүзеге асыру» деп анықталады.

С.Л. Троян мұражайдың білім беру әлеуетін пайдалану арқылы жалпы мәдени құзыретті дамытуға шығармашылық ұсынады.

№5 кесте. Жалпы мәдени құзыреттілікті дамыту бағдарламасы мұражайдың оқу үдерісіне қосылуы.


| Компоненттер | Оқу міндеттері | Оқыту әдістері | Түрі | Қорлар |
|----------------------|--|---|---|---|
| Когнитивтік | <p>1. Мәдени және білім беру кеңістігін дамыту проблемаларына бағыттау.</p> <p>2. Мәдениеттің әртүрлі салаларында теориялық білім мен дағдылардың қол жетімді базасын кеңейту.</p> <p>3 Білім беру саласындағы құзыреттілік тәсілінің гуманистік білім беру парадигмасының ерекшеліктерін зерттеу.</p> | <p>Проблемалық оқыту. Белсенді оқыту әдістері. Міндетті және имитациялық емес. Мұражай ойындары, рөлдік ойындар.</p> <p>Жеке тұлғаның және топтың мүмкіндіктерін жетілдіру әдістері, талқылаулар.</p> | <p>Топтық пішіндер, дәрістер. Мәдениет кеңістігін, өзін-өзі оқытуды дамыту бойынша тәуелсіз жұмыс.</p> <p>Жеке-форма нысандары.</p> | <p>Қарапайым көрнекі құралдар</p> <p>Кітаптар, мұражай заттар, аудиовизуалды, компьютерлік техника. Мұражай және білім беру ортасы.</p> |
| Мән бағыты | <p>1. Эмоционалды түрде қабылдауға қабілетті, құндылығы бар мәдени мұраны, оның ішінде мәдени мұраны дамыту. мұражайға барған кезде.</p> <p>2. Мәдени құндылықтарды сақтау көзі ретінде мұражайға қызығушылықты дамыту.</p> <p>3. Даму мұражай экспозициясының бейнелеу тілін қабылдау қабілеті.</p> <p>4. Өнер туындыларына білдіру қабілетін дамыту және оларды бағалау.</p> | <p>Когнитивтік оқыту әдістері, аналитикалық және бағалау, білім беру диалогы.</p> <p>Топтық талқылаулар. Драмалық.</p> <p>Ойын әдістері: симуляциялық ойындар, тарих-рөлдік ойындар.</p> | <p>Топтық-топтық формалар.</p> <p>Мұражайға экскурсия.</p> <p>Жеке тәуелсіз сабақ және кейінгі жұмыс.</p> | <p>Қарапайым қарапайым, күрделі, компьютерлік құралдар.</p> <p>Мұражай және білім беру ортасы.</p> <p>Мұражай заттар.</p> |
| Байланыс-белсенділік | <p>1. Мәдени құндылықтармен қарым-қатынас дағдыларын жақсарту, мінез-құлық мәдениеті және эмоцияларды білдіру.</p> <p>2. Мұражайда алынған ақпараттармен жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру: өзін-өзі дамыту үшін іс жүзінде</p> | <p>Рөлдік ойындар, жағдайлық және симуляциялық ойындар.</p> <p>Мәселені оқыту: тәжірибенің әртүрлі салаларына ақпарат беру және талдау.</p> | <p>Ауыстыру жұбы, топтық және дербес жұмыс.</p> <p>Мұражайға экскурсия, «Мен - гид».</p> | <p>Мұражай экспозициялары.</p> |

| | | | | |
|--|--|--|---|---|
| | бағалау, өңдеу, пайдалану. 3. Развитие коммуникационной компетентности. 4. Өзіңіздің шығармашылық белсенділікті белсендіріңіз. | Жеке шығармашылық белсенділікті белсендіру, қорларды интерактивті пайдалану әдістері. Жобаның әдісі. | Жеке шығармашылық қызметтің әртүрлі түрлері. Тәуелсіз дизайн қызметі. | Компьютерлік, мультимедиялық, көрнекі құралдар. |
|--|--|--|---|---|

Сонымен қатар, оқыту мазмұны бағдарлама әзірлеген оқу бағдарламасымен анықталады және мыналарды көздейді:

- маңызды материалды іріктеу және оны құрылымдау;
- мысалдар мен дәлелдерді таңдау;
- пәннің аксиологиялық аспектілерін өзектендіру;
- әлемдік және мұражай мәдениетіне тарту және рухани органы құру;
- оқу үрдісіндегі білім беру аспектілерін күшейту;
- мазмұнды аксиологизациялау мәдени құндылықтарды жеке және әлеуметтік тәжірибемен байланыстыратын процесс ретінде;
- құзыреттіліктер мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған тапсырмаларды таңдау.

Жоспарды жүзеге асыру кезінде оқушылар мұражай субъектісінің зерттеушілері болып табылады. Мұражай мәдениетінде адамдар мен оқиғалар, байланыс туралы ақпарат көзі ретінде, эмоционалды түрде әсер ете алатын, тиесілі сезім тудыратын мұражай объектісі бар.



Сызба № 1. Мұражайдың үшжақты байланысы.

3 Мұражайдағы «жанды» сабақтарды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдамалар

Сабақ — бұл жастары шамалас, құрамы тұрақты оқушы топтарымен оқытуды ұйымдастыру формасы, тұрақты кесте және бәріне ортақ оқыту бағдарламасымен сабақ өткізу. Бұл формада оқу-тәрбие процесінің барлық компоненттері — мақсат, мазмұн, құралдары, әдістері, ұйымдастыру және басқару қызметі және оның барлық дидактикалық элементтері қарастырылады. Біртұтас дидактикалық жүйе ретіндегі оқыту процесіндегі сабақтың мәні мен мақсаты мұғалім мен оқушының ұжымдық жекелей өзара қарым-қатынасына алып келеді, соның нәтижесінде оқушылар білім, білік және дағдыны иемденеді, олардың қабілеттері, қызмет тәжірибесі, араласуы мен көзқарастары дамиды, сонымен қатар мұғалімнің педагогикалық шеберлігі жетіледі. Сонымен, сабақ, бір жағынан тұтастай алғанда оқытуды қозғаушы форма түрінде, екінші жағынан, оқытудың заңдылықтары мен принциптерінен туындайтын, мұғалімнің сабақты өткізуді ұйымдастыруына қойылатын негізгі талаптарымен анықталатын оқытуды ұйымдастыру формасы түрінде анықталады. Мұғалім оларды басшылыққа ала отырып, сабақты оқыту процесінде оқушылардың тұрақты құрамымен мектептің күнделікті нақты жағдайында шешілуге тиісті дидактикалық міндеттердің (білім беру, тәрбие, даму) жүйесі ретінде дайындалады.

3.1. «Жанды» сабақтарды әзірлеушілерге арналған жадынама

Бас тарту

1. Жәдігерді таныстырғанда лекциядан және экскурсиялық тәсілден;
2. Мөлшерден тыс артық ақпараттардан;
3. Ұзақ монологтардан;
4. Ұзақ күрделі маршруттан (мұражай-заттарын қоспағанда)
5. Сабаққа еш қатысы жоқ жәдігерлерден;
6. Бірдей немесе ұқсас тапсырмалардан;
7. Мұражай қызметкерінің сабақты жеке өткізу ниетінен.
8. Мұражай ішінде фотосуретке түсуден;
9. Телефонмен сөйлесуден.

Қамтамасыз ету

1. «Жанды» сабақ тақырыбы мектептің оқу бағдарламасының тақырыбына сәйкестігі;
2. Мұражай заттарын пайдалану арқылы оқу материалын қолдану ерекшеліктері;
3. Сабақ тақырыбының проблемасын айқындау;
4. Әрбір оқушының сабаққа белсене жеке қатысуы;
5. Оқушылардың жас ерекшеліктерінің сәйкестігі;
6. Экспозицияда балалардың жеке практикалық қызметі үшін мүмкіндіктер және жағдайлар: мұражай заттарын іріктеу, қосымша реквизиттер, мұражай экспонаттарын жан-жақты көрсету;

7. Сабақтың басында тұжырымдалған мәселелерді шешу үшін ізденіс және зерттеу тапсырмалары;
8. Мұражай заттарымен жұмыс жасағанда тапсырмалардың алуан түрлілігі (талдау, салыстыру);
9. Топтық және жеке тапсырмаларды ұйымдастыру;
10. Оқушыларды сабаққа дайындауға көмектесетін мұғалімдерге арналған материалдар;
11. Оқушының тікелей даму аймағына бағытталған сыныптан тыс шығармашылық / үй тапсырмалары ұсыну;
12. Уақыт шектеуі 1 сағат 20 минуттан асырмау керек.

Болғаны дұрыс

1. Мұражайдағы «жанды» сабақ қатысушыларымен кері байланыс;
2. Мұражай экспозициясында белгілі бір жаңалықтарды ұсыну (сабақтың нәтижелерін талқылау үшін аймақты бөлу, уақытша қосалқы таңбалауды енгізу).

3.2. Мектептегі «жанды» сабақ кестесі

Сыныптан тыс сабақты ұйымдастыру үшін мектептің сабақ кестесіне мұражайдағы «жанды» сабақтарды енгізу керек. Мұндай сабақ кестесін жасауда әрбір мектеп мүмкіндігіне қарай түрлі нұсқаларды таңдайды.

Бірінші нұсқа.

Мектептің мұражайдағы «жанды» сабақтарға арналған сабақ кестесіне параллель сыныптарды қоюға болады. Бекітілген күні барлық параллель сыныптар әртүрлі мұражайларға барады. (№3 қосымшаны қараңыз). Бұл мұражай кеңістігі арқылы тақырыпты терең меңгеруге жол ашады.

Екінші нұсқа. Оқушыларды мұражайға бару үшін толық бір күн сабақтан босату оқу процесіне кедергі келтіруі мүмкін. Сондықтан мұражайдағы «жанды» сабақтарды соңғы 5-6 сабаққа қою тиімді.

(№4 қосымшаны қараңыз).

Үшінші нұсқа. Жылына бір рет өтетін гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық пәндер апталығында мұражай сабақтарын кестеге қою. Аптасына екі күн, бірақ бірыңғай емес. Мектеп күндерінің саны бөлінеді, ал бір күн әдеттегі сабақтан мүлдем босатылады және мұғалімдердің өз бетінше оқуы үшін мұражайда ұйымдастырылуы керек. Оған директордың ғылым жөніндегі орынбасары, сынып жетекшісі жауапты болады. Мысалы, сейсенбі-гуманитарлық пәндер бойынша параллель 8-сыныптар. Жұма - гуманитарлық пәндер бойынша параллель 9 сыныптарды апару.

(№5 қосымшаны қараңыз).

Төртінші нұсқа. Жыл бойы 1-11 сынып оқушылары үшін 4 рет мұражайдағы кіріктірілген сабақтар өткізуге болады. (аптасына 1 реттен). Оқушылардың жастарына байланысты сабақтар жалпы тақырыптық бағытқа ие және ақпарат емес, сонымен қатар практикалық компонентті қамтиды.

Бесінші нұсқа. Әрбір пән мұғалімі аптаның белгілі бір күніне белгілеген тұрақты іс-шаралар бағдарламасы жасайды. Мұндай жұмыс кестесі сізге мұражайға баруды ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Алтыншы нұсқа. №1158 Мәскеу лицейінің тәжірибесінен. Мұражайлар негізінде КТД-мен тақырыптық әдістемелік апталарда сабақтарды біріктіру.

Ұсынылған нұсқаларды мектептің менеджерлері кесте бойынша практикада қолдануға болады, сондықтан әрбір мұғалім «жанды» сабақта мұражай қызметкерлерімен өзара тығыз іс-қимыл жасайды.

Мұражайдың мектеппен бірлескен алдын-алды кестесі болады. Кестеде білім алушылардың мектебі, уақыты т.б нақты көрсетіледі.

Көшірме №2. Білім алушыларға арналған мұражай кестесі.

Келушілердің кестесі

«Келісім» Тарихи-өлкетану музейінің Директорының
Әлжан А.Т.

(оқу орынының атауы)

«Бекітемін» Колледж директоры
« » 2017-18 ж.

| № Курс | Тел аны | Қолданыс топ күн уақыт | Тел аны | Қызық топ күн уақыт | Тел аны | Қарама күн уақыт | Тел аны | Желтоқсан күн уақыт | Тел аны | Қыстау күн уақыт | Тел аны | Ақпан күн уақыт | Тел аны | Наурыз күн уақыт | Тел аны | Сәуір күн уақыт | Тел аны | Мамыр күн уақыт | Тел аны | Маусым күн уақыт | Тел аны | Жауапты |
|----------|---------|------------------------|---------|---------------------|---------|------------------|---------|---------------------|---------|------------------|---------|-----------------|---------|------------------|---------|-----------------|---------|-----------------|---------|------------------|---------|---------|
| I курс | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| II курс | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| III курс | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| IV курс | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| V курс | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |

Жауапты музей қызметкері: _____

Тәрбие ісін меңгерушісі: _____ (аты-жөні, қызметі, телефон номері.)

3.3. Логистика (залдағы қозғалыс)

Мұражайдағы «жанды» сабаққа дайындық аясында логистиканың маңызы зор. Оқушыларды «жанды» сабақ өтетін нысанға тасымалдау мәселесін мектеп директоры қызметкерлермен кенесе отырып анықтайды. Жауапкершілік директордың оқу, тәрбие, ғылыми орынбасарларының біріне жүктелмек. Сабақтың белгіленген уақыты болғандықтан, мұғалімнің уақытты тиімді пайдалануы маңызды. Оқушыларға ауызекі түсіндіру мен экспонаттан экспонатқа дейінгі қозғалыс шектеулі болады. Сондықтан алдын-ала оқушы сабақта пайдаланатын экспонаттардың таңдалған жиынтығын жасап, экспонаттан экспонатқа дейінгі қозғалыстың уақытын анықтау керек. Бұл нәтижелі білім беруді қамтамасыз етеді.

Мұражайдағы «жанды» сабақта бірқатар қиындықтар туындайды. Мұның себебі мұражайға келуші қонақтар болады. Олармен экскурсиялар, тақырыптық бағдарламалар «жанды» сабақтармен параллель өтіп жатады.

Оқушылардың жас ерекшеліктеріне орай «жанды» сабақтың уақыты белгіленеді. Сабақ уақыты оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты бекітіледі. Мұражай тәжірибесі бойынша мүмкіндігі шектеулі балаларға 25-30 минут, бастауыш сынып оқушылары 45-50 минут, 7-сынып оқушылары 1 сағат 10 минут, жоғары сынып оқушылары 1 сағат 30 минут болуы керек. Шектеулі уақыттан асқан жағдайда оқушылар жалығып, ортадан оқшаулана бастайды. Олар жәдігерлерді жекелей суретке түсіріп оғаш әрекеттерге барады. Бұл жағдай мұражай қызметкерлері мен жетекші мұғалімдерге қиындық әкеледі.

Әсіресе, «жанды» сабақты бірнеше сыныппен кіріктіре оқытуда үлкен қиыншылықтар тудырады. Экспозициялар мен көрме алаңдарында, мұражай «қоржындарында» сабақ барысында оқушыларды бастап алып жүру қиын. Залдың тарлығынан кептеліс туындап, жәдігерді көруге талпынған оқушылар кимелеп, экспонатқа зақым келтірмеудің амалын қарастыруға тура келеді. Берекесіздіктен сабақ мақсатына жетпей қалуы да мүмкін. Сондықтан мұражай-үйде, комплексті мұражайларда сабақты бүкіл сыныппен емес залдағы қозғалысқа қолайлы, білімді бағалауға оңтайлы 10-12 оқушыға бөліп оқытудың пайдасы зор.

Мұражайда сыныптарды топқа бөліп оқыту үшін сабақ жоспары екі бағытта жасалуы тиіс.

Бірінші топ мұражайдың дәріс залында тақырып бойынша төмендегідей жұмыстар жасайды.

1. жаңа инновациялық құралдар көмегімен виртуальды саяхат жасады.
2. тұлға туралы деректі фильмдер көреді.
3. мұғалімнің әңгімесін тыңдайды, сұрақ-жауап алмасады.
4. тақырып бойынша жұмыс парағын алады.

Сабақта жаңа технологияларды пайдалану жолдарын толығырақ білу үшін *1.11. Балалар мұражайына қажетті жаңа инновациялық құралдар бөлімін қараңыздар.*

Екінші топ тақырып бойынша мұражай қызметкерлері дайындаған экспозициялық «қоржындарды» тамашалап жұмыс парақтарында берілген төмендегідей тапсырмаларды орындайды.

1. Семантикалық карта
2. Венн диаграммасы
3. Хронологиялық кесте
4. Инсерт таблицасы
5. Контурлық карта т.б.

Топтар орын ауыстыру арқылы мұражайдағы уақытты ұтымды пайдалана алады. «Жанды» сабақтың осындай қиындықтарын жеңу үшін, мұражай қызметтерін шебер үйлестіре білу керек.


Тақырып бойынша дайындалған тапсырмалар берілген жұмыс парақтары әр түрлі болады. Олардың мазмұнын, дизайнын жасаушыға шектеу болмайды. Әрбір оқушы өз шеберлігін, фантазиясын көрсетуге мүмкіндік беріледі. Басты шарттың бірі – тапсырмалар іздену бағытында тақырыпқа байланысты болуы. Төменде бірнеше жұмыс парағын көшірмесін үлгі ретінде ұсынып отырмыз.

Маршрутный лист № 16

Экспедиция в горы.
Задания для ученого-систематика.

Биологическая систематика — наука, в задачи которой входит разработка принципов классификации живых организмов и практическое применение этих принципов к построению системы живой природы.

Вам предстоит вспомнить, на какие систематические группы делят живые организмы и узнать к какой систематической группе относится тот или иной живой организм.



Вы узнали, чей это портрет?
Как вы думаете, почему именно этот ученый изображен на маршрутном листе?

1. Впишите в таблицу названия представителей каждой из групп. Постарайтесь найти не менее 3 – 5 представителей к каждой группы.

| Название группы | Представители | Общее число видов, представленных в этой группе |
|-----------------|---------------|---|
| Растения | | |
| Беспозвоночные | | |
| Рептилии | | |
| Птицы | | |
| Млекопитающие | | |

2. Представители еще каких систематических групп встречаются в горных экосистемах?

Маршрутный лист № 19

Экспедиция в горы.
Задания для ученого-биогеографа.

Биогеография — наука на стыке биологии и географии; изучает закономерности географического распространения и распределения животных, растений и микроорганизмов. Предметами изучения биогеографии являются как распространение биоценозов, то есть географически обусловленных совокупностей живых организмов, так и характер фауны и флоры отдельных территорий.



Вы узнали, чей это портрет?
Как вы думаете, почему именно этот ученый изображен на маршрутном листе?

1. Отметьте на контурной карте районы высотной поясности.



2. Отметьте на схеме и подпишите названия высотных поясов



Маршрутный лист № 15

Экспедиция в тропические леса.
Задания для руководителя экспедиции.

Руководитель экспедиции – это всегда самая сложная и ответственная должность. Ведь именно он должен обеспечить работу всех участников экспедиции!

В нашем случае, в первую очередь, вам надо доставить экспедиционную группу в правильную природную зону (то есть к нужной витрине). В этом вам поможет схема зала и фотографии витрины.



Вы узнали, чей это портрет?
Как вы думаете, почему именно этот ученый изображен на маршрутном листе?





Кроме того, именно руководитель помогает тем участникам экспедиции, которые сталкиваются с трудностями. Посмотрите, все ли получается у одноклассников. Если возникли вопросы, сначала попробуйте разобраться сами для этого в музее есть специальные таблички и надписи, на которых можно найти много полезной информации. Если же проблему не удается решить самостоятельно, попросите помощи у учителя. А еще руководитель экспедиции пишет отчет (конечно, получив совет от всех участников).

Отчет об экспедиции в тропические леса

В экспедиции было найдено _____ видов живых организмов. Основная часть из них относилась к _____.

В тропических лесах основные:

Продуценты (производители) – _____

Консументы (потребители) 1 порядка – _____

Консументы (потребители) 2 порядка – _____


Мы исследовали пищевую цепь:

К опасным животным относятся _____

Маршрутный лист № 12

Экспедиция в тропические леса.
Задания для ученого-морфолога.

Возможно, у вас уже возник вопрос: причем же тут морфология? Ведь это по-русскому «ялыку»! Действительно наука морфология изучает как строение слова, так и строение животных и растений (морфология в переводе греческого значит «строение» или «форма»). Ученые-морфологи изучают как внешнее строение (форму, структуру, цвет) живых организмов, так и их внутреннее строение, адаптации (приспособления) к среде обитания.



Вы узнали, чей это портрет?
Как вы думаете, почему именно этот ученый изображен на маршрутном листе?

1. Зарисуйте адаптации животных к жизни в тропических лесах

2. Выпишите приспособления растений к жизни в тропических лесах

3.4. «Жанды» сабақты ұйымдастыру

Мұражай сабағын ұйымдастыру нақты құрылымды талап етеді. Мұражайлардағы сабақ пен сабақ құрылымында үш негізгі кезең бар:

- 1) сабақты дайындау, мұражайларға экскурсия;
- 2) сабақ, экскурсия өткізу;
- 3) қорытынды шығару.

Бірінші кезеңде міндеттер қойылып, сабақтың мақсаттары тұжырымдалады, мазмұны қойылады және ақпараттың белсенді қабылдану жолдары таңдалып алынады (экскурсия сабақтың басталуына дейін бірқатар проблемалық мәселелерді қою, шығармашылық тапсырмаларды қою - мүдделі субъектілердің эскиздерін жасау, сұрақтарға жазбаша түрде жауап беру) және т.б. Мұражайлардың экспонаттарына сілтеме жасай отырып пәндік құзыреттілікті - білім, қызмет, құндылық, пәндік-жеке - анықтау әдісі мен оқыту әдісін таңдау мүмкін болады.

Сабақтың екінші кезеңінде оқыту өзара сыйластыққа негізделген ынтымақтастықта қарастырылады. Балалардың психологиясына және физиологиясына негізделген ойын түріндегі байқаулар, жарыстар, сергіту сәттері ұйымдастырылады.

• Мұражайлардағы сабақтың өзгешелігі мынадай психологиялық-педагогикалық ресурстарды ескеруі керек.

УУ Бірінші ресурс. Мұражайларда өткізілетін сабақтардың тәрбиелік әлеуеті, сондай-ақ олардың оқушының жеке тұлғалық қасиетін дамытуға бағытталуы.

УУ Екінші ресурс. Экспозиция полимодальды мысалы, әртүрлі сезім мүшелерінің (түсті және жеңіл дизайн, әр түрлі текстураның материалдарын қосу, дыбыстық сүйемелдеу және т.б.) енгізілген етіп салынған болу керек.

УУ Үшінші ресурс. Мұражайларда сабақ әлеуетін дамыту (мысалы, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту, өзіндік шешімдерінің тәуелсіздігі). Оқушының жеке тұлғалық дамуы «Бұл тақырып туралы не білемін?», «Бұл сабақта не үйрендім?» деген сияқты рефлексиялық сұрақтар сабағына қосу арқылы жүреді.

Үшінші кезеңінде қорытынды «Бұл тақырып бойынша тағы не білгім келеді?» деген сияқты рефлексивтік мәселе маңызды болып табылады. «Қандай білім күнделікті өмірге қатысты болады?», «Оларды қалай пайдалануға болады?», «Сізге не қажет?». Бұл кезең әр түрлі тәуелсіз және дамытылған тапсырмаларды (қорытынды әңгіме, сызба, жапсырма немесе мүсіндеу, құрастыру және т.б.) қолдану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін, ол алынған білімді нығайтуға және есте сақтау процесін жеңілдетуге көмектеседі.

УУ Төртінші ресурс. Жеке тұлғаның (педагог және оқушының) шығармашылық әлеуетін ашу мүмкіндігі. Педагог оқушының шығармашылық өздігін дамуына жағдай жасау керек. Бұл міндетті оқушыларға шығармашылық тапсырмалар жүйесімен шешуге болады: эссе,

әңгіме, шолу, эссе, сызу, қолжазба, дәлелдеу, репортаж, мақала және т.б. Оқушыларды сабақ-экскурсия кезінде көрген және естіген нәрселерін мұқият бағалауға ынталандыру қажет. Алдында қараған материалдарына қайта оралып, материалды салыстырғанда мұғалім оқушылардың ойлау қабілетін және қызығушылығын белсендіре түседі.

Мұражайларда дамытудың және шығармашылық жұмыстардың ерекше түрі оқушылардың өздігінен дайындығы (немесе топтық) сынып сағаттары немесе жеке ізденіс жұмыстары (жеке немесе топтық) болуы мүмкін.

УУ Бесінші ресурс. Оқу процесі мен оқу мазмұнын ұйымдастырылуының динамикалығы және вариативтілігі.

● Мұражайларда оқушыларды тарту жұмысының тиімділігі артып келе жатқанын атап өткен жөн, егер бұл жұмыс белгілі бір жүйе - бір мұражайлардағы сабақ жүйесі, әртүрлі мұражайлардағы нақты тақырыптар бойынша сабақтар жүйесі, сондай-ақ бұл мектептің барлық деңгейлерінде бірыңғай ойластырылған әдістемелік жүйе болған жағдайда.

● «Жанды» сабақта оқу мотивациясы арқылы жас ерекшелігі ескеріледі.

УУ Бастауыш мектепте мотивация оқу ортасының жайлылығымен қамтамасыз етіледі (сыртқы жағдайлар мен сабақтың психологиялық атмосферасы - мұғалімнің түр әлпеті, оның дауысы, сөйлеу ырғағы және т.б.). Төменгі сынып оқушылары үшін құрдастарымен жарыстар мақұлдайды, референттік топтың (педагогтың, ата-ананың) қызығушылық тудырады.

УУ Кез-келген жастағы мотивация көздері болуы мүмкін: ақпаратқа деген қызығушылық (танымдық қажеттілік); іс-қимыл тәртібіне қызығушылық (істердің қалай жасалатынын түсіну үшін); оқу үдерісін ұйымдастыратын адамдарға қызығушылық; өзін-өзі көрсету және өзін-өзі таныту қажеттілігі;

Мұражайлар кеңістігін және білім беру пәнін «жанды сабақ» арқылы интеграциялау балаға қолайлы қабылдаудың (қабылданбаудың), сезінудің, өз сезімдерін, көзқарастарын, яғни, мұражайлармен кездесудің өз нұсқасын қабылдаудың жеке қабылдайтын формаларын ескере отырып оңтайлы қол жеткізіледі. Бұл жағдайда мұғалімнің мұражайға баруы оқушылардың көркемдік-педагогикалық іс-әрекеті деп қарастырылуы мүмкін, яғни оның өмірлік құрылымына кірер алдында балаға көрсетілген сәттен бастап белгілі бір мазмұн бөлімшелерін меңгерудің логикасы қажет.

Сондықтан, педагогикалық жағынан, келудің мазмұны мен нәтижесі қандай болатынын білу өте маңызды: мұражай мәдениеті, қарым-қатынас жүйесі және мұражайлар материалдары негізінде қалыптасқан құндылық туралы пікір білдіру; мұражайлардың келушінің тәжірибесі, белгілі бір жағдайлар шоғыры, эмоциялар.

Мұражайлардың қазіргі жағдайы мұражайлардың коммуникациясының іргелі қасиеттерін сақтай отырып, білім берудің жаңартылған мазмұны талаптарына сәйкестендіруде.

Мұражайлар қызметкерлері мұғаліммен кәсіби қарым-қатынас негізінде отандық және шетелдік тәжірибелердің мысалдарында мұражайлар әлеміндегі экспозициялар әлеміне еруге мүмкіндік береді.

Мұғалімге «жанды» сабақ заманауи деңгейін беретін бағдар берудің бірқатар қағидаларын белгілеуге болады:

- білім беру және мұражайлар контекстін біріктіру принципі;
- мектептің және мұражайлар жұмысының мазмұнында бірін-бірі толықтыру қағидаты;
- мұражайлар кеңістігін дамытудағы сабақтастық қағидаты;
- ересек адам мен баланың мұражайлар мәдениетімен өзара әрекеттесуінің гуманитарлық сипатын анықтайтын диалог қағидасы;
- жұмыстың нысандарын нақты мұражайлар профиліне сәйкестендіру принципі;
- мұражайлар мазмұны мен педагогикалық жұмыстың жеке және тұлғалық бағыттылығы қағидаты;
- мағыналық және эмоциялық резонансты қамтамасыз етуге негізделген білім беру ақпараттарының тұрақтылығының принципі;
- ақпараттық шаралар принципі;
- әрбір келушіге мұражайларға шығармашылық процеске қатысуға мүмкіндік беретін шығармашылық қағидасы.

Мұражай, жаңа білім көзі ретінде, мұғалімнің оқу үрдісіне инновациялық контексте қатыса алады.


3.5. «Жанды» сабақ құрылымы

Мұражайдағы «жанды» сабақтарды дайындау технологиясын тәжірибелі мұғалімдер, практиктер, білім беру әдіскерлері, мұражай мамандары әзірлейді.

Мысалға «жанды» сабақтың модульдік құрылымын ұсынамыз:

- I. Модульдердің жиынтығы мен тәртібін мұғалім анықтайды
- II. Негізгі модульдер:
- III. Кіріспе
- IV. Жеке тапсырмалар
- V. Топқа арналған тапсырмалар
- VI. Қорытынды бөлім.

Сызба №2. «Жанды» сабақ құрылымы.



Кіріспе бөлімі:

- Сабақтың мақсаттары мен міндеттерін белгілеу
- Топтау
- Жұмыс парақтарын алу;

Топта тапсырмаларды орындау:

- Сыныпты 4-6 топқа бөлуге болады;
- Әр топта көшбасшы бар;
- Топтардың әрқайсысы бірегей тапсырмаға ие немесе барлық тапсырма топтары бәсекелестіктің бірдей мүмкіндігіне ие.

Жеке тапсырмаларды орындау:

- Топ ішінде әр қатысушы немесе жұптың өз жұмыс парағы бар
- Тапсырмалар саны: 1 - 4
- Қорытынды уақыт 5 - 20 мин.


Сабақтың дидактикалық мазмұны:

- Дайын жұмыстарды және бағдар парақтарын пайдалану
- Тапсырмаларды электронды түрде қолдану
- Мобильді қолданбалар мен құрылғылар пайдалану
- Мұражай алаңдарымен жұмыс (интерактивті экспозициялар)
- QR-кодтарында шифрланған қосымша ақпаратты пайдалану
- Сымсыз желілерді пайдалану.

Сабақтың қорытынды бөлімі:

- Ұзақтығы: 5 - 10 минут
- Не білдім немесе не білгім келеді?
- Топтық тапсырмаларды ауыстыру
- Қорытындылау
- Рефлексия

Сызба №3. Керіс байланыс.



3.4. Мұражайдағы кіріктірілген сабақтар

«Жанды» сабақты бір ғана емес, ортақ тақырыптар бойынша бірнеше пәндерді біріктіріп өткізуге болады. Мұндай «жанды» сабақтың түрін педагогика ғылымында кіріктірілген сабақ деп атайды.

Кіріктірілген сабақтарға дайындалу және өткізу кезінде қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық оқу пәндерінен білім блогы біріктіріледі, ондағы *пәндердің бірі басты пән* болып табылады. Ондай сабақтың материалдары жалпы мақсатқа сай таңдалып алынады.

Кіріктірілген сабақ пән аралық байланысты жетілдіру мақсатына байланысты пайда болған. Мұндай сабақтарда бір тақырыпты түрлі пәндерден беретін мұғалімдер оқытады. Кіріктірілген сабақтың негізгі мақсаты - оқу материалдарын байланыстырып, сабақта оқушыларға терең білім беру, ойлау қабілетін дамыту. Оқу материалдарын бағдарламаларға сай пәндер бойынша біріктіріп беру оқушылардың жан-жақты тұтас, терең және берік білім алуына мүмкіндік жасайды. Сондықтан жыл сайын әрбір мұғалім пәндердегі ұқсас оқу материалдарын біріктіріп, яғни пән аралық байланыс принципін қолданып, интегралдық жоспар жасайды. Ондағы материалдарды дер кезінде сабаққа пайдаланып, тиімді етіп іске асырады [6].

Оқу үрдісінде пәндерді кіріктіре оқыту:

- ерекше дарынды оқушыларға мәнді де саналы оқуға;
- жеке тұлғаның зерттеушілік типін қалыптастыратын оқушының ойлау әрекетін белсендіруге;
- оқушыға бір мезгілде әрекетті орындауда барлық мақсат қоюдан нәтижеге дейінгі барлық процесіне бақылау жасауға;
- білім берушілік, дамытушылық және танымдық үшбірлікті ұстаздың шексіз шығармашылығы тұрғысынан жүзеге асыруға;

- сабақтың ақпараттық сыйымдылығын арттыруға;
- оқушылардың уәждемесін арттыруға, олардың оқу-танымдық әрекетін белсендіруге, шаршағандары мен қажуларын азайтуға;
- сабақ үрдісінде өтілетін тақырыптың адам және қоғам өмірімен тікелей байланысына мән беруге;
- оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытуға;
- олардың алған білімдерін өмірде қолдана білулеріне көмектеседі.

Мысалы, «ҚР алтын және бағалы металдар» мемлекеттік мұрағатында әдебиет, химия, география пәндерінен кіріктірілген сабақ өткізуге болады. Негізгі пән *әдебиет* болады. Шығармада минералды тастар көне атауларымен берілген. Оқушылар олардың қазірге атауымен жазып, географиялық картадан, химиялық кестеден орнын белгілеп, контурлық картаны, таблицаны толтыруды тапсыруға болады. Оқушылар тапсырмаларды орындау үшін химия, география пәндерінен алған білімін қолданады.

Сіздерге 7-сыныпта мұражайда «Қазақ әдебиеті» пәні мен «Қазақстан тарихы» пәнін кіріктіре отырып оқыту үлгісін ұсынынамыз.

«Қазақ әдебиеті» пәнінен 1-тоқсанда оқытылатын тақырып: «Қазтуған жырау «Қазтуғанның қонысымен қоштасуы».

«Қазақстан тарихы» пәнінен 1-тоқсандағы сабақ тақырыбы: «Қазақ-жоңғар соғыстары».

Сабақ мақсаты: жоңғар шапқыншылығының қазақ шаруашылығына тигізген әсерінің салдарын анықтау, автор суреттеген оқиғаларды, портреттік мінездемені Мұражайдағы қорлармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру.

Сабақтың жалпы тақырыбы: Көне күндерден жеткен жәдігерлер.

Сабақ мақсаты: көне ескерткіштердің тарихи және көркемдік құндылығына баға беру, көне түркі жазуының маңызын түсіндіру.

1. «Қазақстан тарихы». Тақырыбы: VI-IX ғасырлардағы Қазақстан халықтарының отырықшы және көшпелі мәдениеті.

2. «Қазақ әдебиеті». Тақырыбы: «Көне күндерден жеткен жәдігерлер».

Мұғалімдер мектеп журналына өз пәні бойынша тиісті тақырыпты жазады. Параллель сыныптарда ұқсас тақырыптар болмаса, 5 пен 6, 6 мен 7-сыныптардың ұқсас тақырыптарын кіріктіріп алуға болады. Сондай-ақ мұғалімдер Мұражайдағы сабақты әр пән бойынша алдын ала орта мерзімді жоспарда сәйкес келетіндей етіп жоспарлайды.

Кіріктірілген сабақта мынадай әдіс-тәсілдер қолданылады:

ауызша шолу жасау (мұғалімнің әңгімелеуі, білім алушылардың хабарламасы, сұхбат жүргізу және т.б.);

- көрнекілік әдіс (иллюстрациялар, картамен, жәдігерлермен жұмыс, презентация, картиналар);
- зерттеушілік және проблемалық әдіс (хабарлама дайындау, сабаққа материалдар дайындау, сипаттаулар, салыстырулар).

Кіріктірілген сабақтың қорытындысын жетекші мұғалім оқушылармен бірлесіп шығарады. Олардың әрекеттері: жеткен жетістіктерінің қойылған мақсаттар мен сабақ міндеттеріне сәйкес арақатынасы, сабақ мазмұнының іске асуы туралы хабарлама т.б. Кері байланыста білім алушылар міндетті түрде мұражайдағы сабақ туралы өз пікірлерін білдіреді, жазбаша эссе жазады. Бұл тапсырма үйге беріледі.

Мұражайға бару үшін бірнеше сабақтың уақыты алынатынын ескере отырып, мұражайда сабақ өткізетін күні сабақ кестесіне кіріктірілген сабақтың барлық пәндерін бір күнге, 5 не 6-сабақтан бастап қою ұсынылады.

3.5. «Жанды» сабақтағы ойын түрлері

Мұражайда балалардың жас ерекшелігін ескере отырып сабақты ойын түрінде өткізуге болады. Зияткерлік ойындар арқылы тақырыпты пысықтау, қайталау, бекіту жұмыстарын жүргіземіз. Ойындардың төмендегідей нұсқалары бар.

Квест-ойыны. Іздеу сипатының танымдық ойыны. Мұғалім өзі үшін экспонаттарды іздеуге, оларды байқауға, кейбір байланыстар мен заңдылықтарды іздестіруге негізделген оқушыларға арналған тапсырмалар картасын жасайды.

Әрине, мұражайлар қызметкерлері экскурсияларда әдеттегідей емес: Мұражайлар ішінде сөйлесіп, жүгіріп, араласуға мүмкіндік бермейтінін ескеру керек. Сондықтан ойын жағдайын айтпай тұрып, оқушыларға Мұражайларға қарапайым келушілер ретінде әрекет ету керектігін еске салу керек.

Белгілі бір бөлмеде, жәдігердің жылы көрсетілген белгісін табуға болады. Немесе, мысалы, жергілікті өлкетану мұражайларында, секторлардың бірінде газет бар, онда Сәтбаевтың тегі (сізге қажет кез келген адам) туралы мәліметтерді табу керек және мақаланың негізінде жігіттер өз мамандығын көрсетуі керек. Тұтастай алғанда, ойын оқушыны экспонатпен толық таныстыруды және оған бере алатын ақпараттың ең көп мөлшерін қамтиды. Мұғалім сұрақтарды тақырыптық қарым-қатынастармен салыстыруға мүмкіндік береді. Олар тым қарапайым болмауы керек, бірақ іздестіруге жұмсалған уақыт шамамен қырық минуттан аспауы керек. Тапсырманы орындау уақыты - шамамен бір апта. Яғни, оқушылар өздерін мұражайларға барып, тапсырмаларды орындау күнін және уақытын анықтайды.

Шығарма жазу

Дәстүрлі, бірақ нәтижелі тәсілде болу керек. Яғни кәдімгі экскурсиядан кейін немесе мұражайларға тәуелсіз барудан кейін оқушылар қысқа эссе жазу керек. Сіздің сұранысыңыз - статистикасыз, әсерлер мен ескертулерге негізделген. Мұражайларға барар алдында, алдағы міндет туралы айтып берсеңіз, олар мұқият болады.

Папарацци

Балалардан мұражайлар туралы есеп беруді сұраңыз. Жанрлық қабілетін шектемеңіз. Осыдан соң. Мұражайлар тарихын, оның бағыты мен көрмелерін баяндайтын мақалалардың ағынын күтіңіз. Бірақ оқушылар тапсырманы шығармашылық жолмен шеше алады: Мұражайлар қызметкерлерімен сұхбаттасу, бейнематериалдарды жазу, мақалаға фоторепортаж жасау. Оқушыларға бұл нұсқалар туралы астарлап айтсаңыз болды, олар осы идеяны әрі қарай өздері дамытып алып кетеді. Бұл шығармашылық көзқарас, ол екі жағдайда қолданылады. Мысалы, орыс тілі сабағында, публицистика тақырыбын меңгергенде, бұл шығармашылық үй тапсырмасы болады. Тарих сабақтарында сіз нақты тақырыпты сұрайсыз, ал оқушы мұражайлар туралы емес, оның экспозицияларының бірі туралы мақаланы жазады.

Бір жәдігердің тарихы.

Әрбір оқушы өзіне ұнайтын бір экспонатты таңдап, сол туралы ақпарат жинайды. Нәтижесінде оқушының қаламынан экспонаттар бейнелері бар кішігірім әңгіме пайда болады.

Мұражай ертегілері

Тапсырманың бұл түрі бастауыш сынып балаларына арналған. Олар да мұражайларға жиі барады, бірақ оларға берілетін тапсырмалар жас ерекшелігіне сай болуы тиіс. Ондай тапсырманың бір түрі – мұражай ертегілері. Мұражай ертегілері де – шығарманың бір түрі. Мұндай тапсырманы орындағанда баланың шығармашылық қабілеті, ой-қиялы дамиды. Оқушыларға мұражайда көргендерін негізге алып, кішігірім ертегі жазуға тапсырма беріледі.

Қосымша сурет салып, ертегіні әрлеуге болады.

Талқылау-сабақ

Талқылау-сабақтар да мұражайларда өткізілетін «жанды» сабақтар барысында қолдануға болатын басқа сабақ түрлерінің қатарында өз орнын тапқан сабақтың түрі. Сабақтың бұл түрі экскурсияның жалғасы бола келе оқушыларға тақырыпты тереңірек түсінуге, тақырып бойынша білмегендерін толықтыруға, көргендерін түйіп, талқылауға мүмкіндік береді. Оқушылар мұғаліммен бірге жана ақпаратты талқыға салып, қорытып, алған әсерлерімен бөліседі. Сабақтың қорытынды бөлімінде мұғалім оқушыларға арнап сұрақтар құрастырған сұрақтарын қояды. Оқушылардың берген жауаптарына қарап, мұғалім олардың материалды қаншалықты меңгергенін біледі. Бұл жерде тест, кроссворд, блиц т.б. әдістерді қолдануға болады.

Мүмкіндік болса, сабаққа оқушылар тарапынан туындаған сұрақтарға жауап беретін мұражай қызметкерін де шақыруға болады. Бұл оқушылардың

мұражайға қайтып келуіне ықпалын тигізеді, тіпті мұражайды жарнамалаудың бір түрі деуге де болады.

Білім алу барысында оқушылар әр түрлі ақпарат көздерін қолдана білулері үшін, адамдармен (мұражай қызметкерлерімен) тез тіл табыса алулары үшін, уақыттарын дұрыс пайдаланып, өздігінен жұмыс істеп үйренулері үшін біз ұсынып отырған сабақ түрлерін өз тәжірибелеріңізде қолдануларыңызға әбден болады.

Сонымен қатар оқушылар арасында мұражайдағы «жанды сабақты» ұйымдастыруға байланысты ұсыныстарға конкурс жариялауға да болады. Оқушылардың өздері де бірегей тың ойларды ұсынулары мүмкін.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі тез өзгеріп жатқан әлемде Қазіргі әлемдегі тез өзгеріп жатқан заманда жұражайларда өтетін «жанды сабақтар» мұражай жәдігерлері мен коллекциялары арқылы инновациялық мазмұнмен білім беру процесін дамытудың табысты стратегиясы болып табылады. Ол балалардың жаңа білім алуға қызығушылығын тудырып қана қоймай, сондай-ақ мәдениеттің мән-мағынасын терең түсінуі үшін мектептен тыс тәжірибелік білім беру кеңістігін қалыптастыруға да көмектеседі.

Мұражай білім көзі ретінде, мұғалімнің қатысуымен өтетін «жанды» сабақта мұражай экспонаттарын қолдану-көрсету арқылы білім көзі ретінде нағыз зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін мүмкіндік береді.

Мұғалімнің мұражай мамандарымен серіктестік қарым-қатынастары «жанды» сабақтың негізгі бөлігін табысты орындауға мүмкіндік береді.

Мұражай ресурстарын барынша тиімді пайдалану мұғалімнің осы сабақты дайындаудағы шығармашылық еркіндігін сақтап қалуына ықпал етеді, сыныппен өтетін әр сабақты қызықты және ерекше етеді.

Интерактивті экспозициялар оқушыларды ойлануға, түпдеректен білім алуға үйретеді.

Мұражайларға барып «жанды» сабақты өткізу мектептегі білім берудің бір буыны/бөлігі болуы керек.

Бұл ұсынымдар педагогтарға мұражай педагогикасы өрісінде жеке өзіндік инновациялық шығармашылық қорын қалыптастырудың көзі болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы № 207-II Қазақстан Республикасының Заңы (05.05.2017 жылы берілген өзгерістер мен толықтырулар) http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30081960
2. Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа көзқарас: Қоғамдық сананы жаңғырту» мақаласы // 2017 жылғы 12 сәуір. <http://online.zakon.kz/>
3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының 2015 жылғы 30 қазандағы № 7 өкімімен 2015-2017 жылдарға арналған ҚР-ның мұражайларын жаңғырту жөніндегі іс-шаралар жоспары. http://www.akorda.kz/ru/secretary_of_state/secretary_of_state_orders/obutverzhdanii-plana-meropriyatii-po-modernizacii-raboty-muzeev-respubliki
4. Қазіргі педагогиканың негізгі мәселелері. <https://www.tarbie.kz/25668>
5. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясат-Қазақстан болашағын қамтамасыз ететін саясат. <https://baribar.kz/student/642/bilim-beru-salasyndaghy-memlekettik-s/>
6. «Мұражайтану» пәнінен оқу әдістемелік материалдар. edu.semgu.kz/.../d9136102-32ef-11e3-9d7d-f6d299da70ee
7. Ү.Д.Мұңалбаева. «Мұражай педагогикасы» «Профимакс» ЖШС <http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1158370&simple=true>
8. Ж. Әбікенов «Қазақстандағы мұражайлардың қалыптасуы мен негізгі бағыттары» Қорқыт Ата атындағы ҚМУ, аға оқытушы
9. А.Р. Алгазиева «Мұражай – өткен мен болашақты жалғастырушы» <http://tarbie.org/>
10. «Жастардың бойында патриоттық сезімді қалыптастырудағы мұражайлардың ролі». <https://baribar.kz/student/334/zhastardynh-boyynda-patriottyq-sezimd/>
11. Г. Ш. Балыкбаева «Мұражай педагогикасының ЖОО білім беру жүйесіндегі орны». Қостанай қ. http://emirsaba.org/pars_docs/refs/3/2923/2923.pdfhttp://emirsaba.org/pars_docs/refs/3/2923/2923.pdf
12. Г.Ш. Файзуллина. «Культурно-образовательная деятельность музеев Казахстана в период независимости :1991-2005 гг.» <http://www.dissercat.com/content/kulturno-obrazovatel'naya-deyatelnost-muzeev-kazakhstan-v-period-nezavisimosti-1991-2005-gg>
13. «Музей қызметін инновациялық дамыту мен ақпараттандырудың өзекті мәселелері» республикалық форум материалдары – 128 бет, Астана қаласы, 2017 ж.
14. Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы-2003 жыл.
15. Урок в музее как современная образовательная технология [/https://www.menobr.ru/article/59981-qqe-16-m7-urok-v-muzee-kak-sovremennaya-obrazovatel'naya-tehnologiya](https://www.menobr.ru/article/59981-qqe-16-m7-urok-v-muzee-kak-sovremennaya-obrazovatel'naya-tehnologiya)
16. «Мектеп мұражайын жасаймыз» № 7-2010 «Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы» журналы. <https://edu.mcfr.kz/article/1942-qqq-10-m7-01-07-2010-mektep-mrajayun-jasaymyz>

Мектеп мұражайын жасаймыз

Мектеп мұражайының оқушылардың рухани мінез-құлықтарын дамыту мен өркендетуде, патриоттық және азаматтық ұстанымдарын қалыптастыруда, шығармашылық және аналитикалық ойлау қабілеттерін жетілдіруде алатын орны зор.

Кез-келген мұражай жұмысы тарихи құндылықтарды баяндайтын құжаттар мен жәдігерлерді жинау, зерттеу, сақтау және көрсетуден басталады. Жинақталған, көрсетуге қойылған жәдігерлеріне байланысты мұражай тарихи, әскери-тарихи, өлкетану болуы мүмкін. Биыл - Ұлы Жеңістің 65 жылдығы. Ұлы Отан соғысы ардагерлері жайлы ауылдар мен қалалардан әлі де мәлімет жинау мүмкіндігі болғандықтан, осы атаулы мейрам мектеп мұражайының ашылуына түрткі бола алады.

Мектеп мұражайы қызметінің мақсаты

Мұражай аша отырып, білім беру ошағы оқушылардың бойына зерттеу жұмыстарына бейімделуді, шығармашылық қабілетті арттыруды, аға буынның құндылықтарын бағалай білуді сіңіру мақсатын қояды. Сондықтан мұражай - мектептің жай ғана ерекше оқу бөлмесі емес. Ол - өз Отанын, мектебін, жанұясын мақтаныш ететін, елінің өткені мен келешегіне үлес қосу, өз өлкесінің мәдениеті мен табиғи байлықтарын сақтау алдындағы жауапкершілікті ұғындыратын ашық білім беру кеңістігі болып табылады. Соның негізінде оқу ордасының әскери-патриоттық қызметі бағдарланады.

Мектеп мұражайының міндеттері

Мұражай оқушылардың мәліметтер жинақтау барысында өз білімдерін толықтырып қана қоймай, таным процесінде алдыңғы буын өкілдерінің тәжірибесін пайдалануына тамаша мүмкіндік тудырады. Бұл оқушыларды азаматтық және патриоттық тәрбиелеуде маңызды серпін болып табылады. Мұражай заттарын зерттеу, іздеу-жинақтау жұмыстарының, экскурсиялар, конференциялар мен түрлі кештердің оқушылардың еңбегін мәнді етуге көмегі зор. Оқушылар ақпараттар ағымын бағдарлауға, зерттеу тақырыбын таңдау мен құруға, біріншілік құжаттармен жұмыс жасауға, ақпарат көздерін табу мен талдауға, соның негізінде гипотеза тудырып, дәйектілігі мен ғылыми құндылығын тексеруге үйренеді. Туған өлкесінің мәдениеті мен тарихи ескерткіштерін зерттей отырып, оқиғалардың куәгерлері мен қатысушыларымен кездесу, архивтен құжаттар табу арқылы оқушылар өткен саяси, әлеуметтік-экономикалық процестер жайлы нақты түсінікке қол жеткізеді. Бұл олардың дүниетанымының кеңеюіне, мектептегі тарих пен қоғамтану пәндерінен білімдерінің артуына септігін тигізеді. Мұражайда ұстаздардың басшылығымен материалдарды іздеу және зерттеу, жинақтау, сақтау, көрсету мен насихаттау жұмыстарын жүргізетін оқушылардан жасақталған тұрақты мұражай Кеңесі болуы қажет.

Мектеп мұражайының әлеуметтік қызметтері

Мектеп мұражайының оқу-тәрбиелік маңызы - баланың мұражайдың құрылуына белсенді ат салысуында болып табылады. Іздеу-зерттеу жұмыстары, қызықты кездесулер, тарихи деректермен танысу өлке тарихын тереңінен танып, оның экономикасы мен мәдениетінің дамуында ата-бабаларының қосқан зор үлестерін түсінуге мүмкіндік береді. Сол арқылы естелік, мұраларға құрметпен қарауға тәрбиелейді. Зерттеу жұмыстарына, өлкетану жорықтарына, экспедицияларына шығу арқылы оқушылар физикалық шынығумен қатар, практика жүзінде тарихи құжаттарды сипаттау мен жіктеуге үйренеді. Мектеп мұражайының қызметі құжаттарды сұрыптау мен жинақтауда, мектеп тарихын іздеу мен зерттеуде оқушылар мен ұстаздардың бірігіп еңбектенуіне байланысты. Балаларды қорды жинақтауға, экспозиция құруға, санақ жүргізуге, сипаттауға, жиналған құжаттар мен заттарды жаңғыртуға, яғни мұражай ісінің негіздерін игеруге үйрету керек. Өлкетану саяхаты барысында түрлі мамандықтың қыр-сырын, халықтық кәсіптерді үйрену оқушыларға кәсіби бағыт-бағдар беріп, педагогика, мұражай, архив, кітапхана ісі саласында мамандық таңдауға көмегін тигізеді.

Мектеп мұражайының кәсібі

Мұражай саласы қатаң шеңбердегі өзгеріссіз құрылым емес. Ол үнемі қозғалыста және оқу процесіне өзіндік қырымен енетін жаңа мәліметтермен толықтырылып отырады. Тарихи-өлкетану тақырыбы оқушылар мен ұстаздардың жеке іздеу-зерттеу әрекеттеріндегі оқу және тәрбиелік жұмыстарының неғұрлым ұтымды бағыты. Оның міндеті - тарихи, мәдени, табиғи ескерткіштерді зерттеу және жүйелеу, оларды гербарий, фотосурет, құжаттар мен жәдігерлер түрінде көрсету. Өлкетану туған жердің табиғатын ғана емес, сонымен қатар оның өткенін зерттеу болып табылады. Мұражай қаланың, мектептің тарихына арналуы мүмкін. Алайда қандай сала болмасын мектеп мұражайының ерекшелігі ол жергілікті материалдардан құралады. Мысалы, әдеби мұражай танымал жазушының өмірі мен шығармашылығынан басқа, шығармада бейнеленген тарихи процесс пен табиғи нысандарды зерттеумен де айналысады. Мектеп мұражайы жергілікті музыкалық шығармашылық жайлы: яғни, халық аспаптары, билері, әндері, ауызекі әңгімелері жайлы мәліметтер жинақтай алады. Аңызға айналған тұлға немесе тарихтың танымал дерегі құрметіне мемориалдық не әскери-тарихи типті монографиялық мұражай құруға болады. Ол әдетте тарихи оқиғаның болған жерінде немесе тарихи тұлғаның өмір сүрген ортасында жүзеге асырылады. Тарихи-өмірбаяндық мұражайда нақты дүниелер мен әр түрлі деректердің иллюстрациясы сақталады.

Мектеп мұражайы жұмысының қағидалары

- Өз қызметінде мұражай бірнеше принциптерді ұстануы қажет:
- сабақтармен, оқу-тәрбиелік процесімен, пәндік үйірмелер және факультативтермен шектеулі байланыс;
 - үздіксіз зерттеу ізденістерін жүзеге асыру;

- мұражай сабақтарының, дәріс-семинарлардың, ғылыми-практикалық конференциялардың, ардагерлерге көмек тағы басқаларының түрлі әдістері мен амалдарын қолдану;
- оқушылардың өзіндік және шығармашылық бастамасын дамыту;
- соғыс және еңбек ардагерлері, ұстаздар ұжымы тарапынан көмек;
- экспозиция, экскурсия мазмұнының, сондай-ақ жалпы мұражай қызметінің танымдық және эмоционалдық бастамасының бірлігі;
- жинақталған материалдардың дұрыс сақталуы мен қатаң есебі;
- мемлекеттік мұражайлар және мұрағаттармен әріптестік қарым-қатынас ұйымдастыру.

Мектеп мұражайының қоры

Нағыз мұражай қалыптастыру оңай емес. Ұстаздар мен мұражай Кеңесі белсенділерінің айтарлықтай ғылыми дайындығы қажет. Мұражай қорынан экспозиция мен мұражай көрмесі жасалады.

Мұражайдың негізгі қоры оның саласына байланысты жинақталған дүниелерден тұрса, ал қосымшасы - көшірме, макет, муляж, үлгі, карта, жоспар, сызбанұсқа, диаграмма, кесте түріндегі ғылыми-көмекші материалдардан тұрады. Өлкетану мұражайы еңбек құралын, өндірістің өнімі мен шикізатын, даңқ мұражайы - соғыс қару-жарағын, жалаулар мен төсбелгілерді жинайды. Өлкетануда нумизматика, киім, жиһаз кездеседі. Бейнелеу көздері болып фотосуреттер, жазбаша- қолжазба және баспа құжаттары, мемуарлар, заң актілері, үнпарақтар, хаттар, кітаптар, мерзімді басылымдар табылады.

Мектеп тарихы мұражайының негізгі қорында өткен заманғы оқушылардың қолданған кітаптары, қолтаңба және сыйға тартылған жазбаларымен кітаптар сақталады. Сондай-ақ мұнда үнпарақтар, хабарландырулар, шақыру билеттері, ресми құжаттар: жеке бас куәлігі, еңбек және есеп кітапшасы, білім жөнінде куәлік, дипломдар мен мақтау қағаздары болуы мүмкін. Экспозицияның төріне ең маңызды құжат - мектептің ашылуының ресми құжатының көшірмесін орналастыруға болады.

Тіркеу жұмыстарына қолайлы болу үшін заттардың тізімі алфавиттік, тақырыптық, салалық картотека түрінде қойылатын мұражай каталогы жасалады.

Мұражай дүниесі - мұражай қызметінің барлық формаларында қолданылатын, ғылыми зерттеліп жазылатын объект. Ол ғылыми, мемориалды, тарихи және көркемдік құндылықтарды көрсете отырып, өзімен байланысты оқиғалар мен құбылыстар жайлы ақпарат көзі болып табылуы қажет.

Мұражай қорындағы дүниелер экспедиция барысында немесе сыйға алу, иесімен келісіп алу арқылы толықтырылып отырады. Бұл дүниелер - жанұялық мұра, белгілі бір дәуірдің естелігі болып саналатын заттар, мысалы, ту, марапаттаулар, жеке бас куәлігі болса құнды есептеледі.

Мектеп тарихы мұражайына оқу құралдарын: ескі карталар, глобустар, энциклопедияларды, қаламдар, сия сауытын, күнделіктерді қоюға болады.

Арнайы жеке бұрышқа мектеп жетістіктерін – жалауларды, кубок, медальдарды, бағалы сыйлықтарды орналастыруға болады. Қай дүниелер оқиғаның мәнін ашатынын мұражай Кеңесі шешеді. Әдетте мектеп мұражайының көлемі шағын болғандықтан, жәдігерлерді іріктеу өте мұқият жүргізілуі тиіс.

Мектеп мұражайының экспозициясы

Экспозиция талғамға сай сауатты, әр жәдігерді қысқаша, түсінікті, көркем суреттеумен жасалғаны дұрыс. Мектеп суретшісі немесе дизайнері әр тақырыптың жазылу ретін, түстердің өте ашық не көмескі болмауын қадағалауы тиіс. Сонымен қатар, әрине түзетулер, қателіктер орын алмауы қажет.

Жәдігерлер мұражайдың тақырыптық жоспарына сәйкес, тарихи-хронологиялық принцип бойынша тарихи оқиғаны ретімен көрсететіндей өзара байланысты бөлімдердің қатарынан тұруы тиіс. Жәдігерлерді стенд, сөрелер түрінде тігінен, қойғыш түрінде көлденеңінен орналастыруға болады. Мүмкіндік болса, диорама мен баннер жасауға болады.

Сонымен, сіз бәрін қойып реттедіңіз. Енді экспозицияларды тамашалау оқу-тәрбиелеу жұмыстарында қолайлы, ретімен болуы үшін оның бағытын жобалап алу қажет. Мұражайда экскурсиялар, жылжымалы көрмелер, дәрістер, түрлі іс-шаралар жүргізіледі. Экскурсия – мұражаймен танысудың анағұрлым ауқымды түрі болғандықтан, келушілердің жасы мен білім дәрежелері есепке алынуы тиіс.

Маңызды рольді атқаратындықтан экскурсовод экспозиция мазмұнын, жәдігерлерді біліп, шебер баяндай алуы қажет. Егер мұражайда тақырыптық кештер, ертеңгіліктер, қызықты адамдармен кездесулер, мұражай сабақтары, салтанатты жиналыстар өтетін болса, экскурсовод өз қызметін барынша атқаратыны сөзсіз. Мұражай қызметіне оқушылар неғұрлым көп ат салысқан сайын қызықты болады. Оларға үлкен кісілермен, ардагерлермен кездесіп, естеліктерін жазып алу, салт-дәстүрлерді зерттеу сияқты тапсырмалар беріңіз. Мұғалімнің міндеті - жиналған материалдарды жүйелеуге көмек беріп, бөлімдерге бөліп, иллюстрация жасап, дайын күйде мұражай Кеңесіне ұсыну. Мұражай қызметінің механизмі, мақсаты мен міндеті жайлы толық мағлұмат алу үшін құрылатын мұражай жайлы бірнеше жағдайларды педагогикалық кеңесте талқылауды ұсынамын.

1. Жалпы ережелер

1. Мектеп мұражайы оқушыларға білім беру және тәрбиелеу мақсатында ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін, оларды іздеу жұмыстарына жұмылдыру, Отанының табиғи мен тарихи-мәдени мұрасын қастерлеу, олардың бойында рухани құндылықтар қалыптастыру үшін құрылады.

2. Мұражайда сақталатын жәдігерлер мектеп қазынасы болып саналып, белгіленген шарттарға сай тіркеу мен сақтауды қажет етеді.

3. Мұражай өз қызметінде ҚР конституциясын, ҚР «Білім туралы» заңын басшылыққа алады.

II. Мұражай жұмысын ұйымдастыру

Мектеп мұражайын ашу мәселесі педагогикалық ұжым мен жергілікті Білім беру басқармасының келісімімен шешіледі.

Мұражай саласы қолда бар жәдігерлердің сипатына, мақсатына қарай айқындалады.

Мектеп мұражайын жасаудағы іздеу-зерттеу, жинақтау жұмыстарына оқушылар мен ұстаздар ат салысады.

Жиналған мұражай заттарының жиынтығы инвентарь кітабына, картотека, каталогқа тіркеледі.

Мұражайға экспозиция жасау және ұстаздар мен оқушылар белсенділерінің жұмысына арнайы жабдықталған бөлме бөлінеді.

Мұражайға бұл сала тәсілдерін меңгерген педагог жетекшілік етеді.

III. Мұражай жұмысын басқару

1. Мектеп мұражайының жұмысын басқару мен жалпы бақылауды білім беру мекемесінің жетекшісі жүзеге асырады.

2. Мұражайдың ашылу немесе жабылу мәселесіне, оның жұмыс барысы, дамыту мәселелеріне қатысты сұрақтарға байланысты әрекеттер атқарушы ұйыммен келісімді түрде жүзеге асырылады.

3. Білім беру бөлімі мектеп мұражайы жұмысындағы ұйымдастыру-әдістемелік орталығы болып табылады.

IV. Мектеп директоры:

- мектеп мұражайы жұмысын ұйымдастыруға тарих пәнінің мұғалімін, кітапханашыны т.б тарта отырып, тікелей бақылау жасайды;
- педагогтар ұжымы ішінен еңбекақы мәселесін шеше отырып, мұражай жетекшісін тағайындайды;
- мұражай қорын сақтау жауапкершілігін алады;
- мектеп өмірінің барлық құрылымында мектеп мұражайын қолданудың бірыңғай жүйесін қалыптастыруға жетекшілік етеді.

V. Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

- педагогикалық ұжыммен мектеп мұражайының білім беру және тәрбие беру үрдісіндегі тәрбиелік әлеуетін жоспарлы зерделеуді қамтамасыз етеді;
- мұражай құралдары арқылы оқыту мен тәрбие үрдісін жетілдіру бойынша педагогтер жұмысының үздік тәжірибелерін зерделеуді, қорыта талдау мен таратуды ұйымдастырады;
- өлкелік үйірмелердің жұмысын, экскурсияларды және басқа да мектеп мұражайы қызметінің түрлерін жоспарлайды.

VI. Мектеп мұражайы жетекшісі:

1. жоспарлы іздестіру-жинау, есепке алу- сақтау, экскурсиялық және көрме жұмыстарын жүзеге асыратын мектеп мұражайы оқушылар активінің жұмысын бақылайды және ұйымдастырады;

2. мектеп мұражайына түсетін түпнұсқа материалдарды инвентарлық кітапқа есеп алуды жүргізеді, оларды жүйеге түсіруді, дұрыс сақтау және жәдігерлеуді қамтамасыз етеді;

3. қала, республика мұрағаттарындағы жоспарлы ғылыми-зерттеу жұмысын, кітапханаларда мұражай қорын құжаттарын жинақтауды жүзеге асырады;

4. мектеп мұражайының қала және республика мұражайларымен, Ұлы Отан соғысы ардагерлері Кеңесімен, педагогикалық еңбек ардагерлері Кеңесімен байланысын қамтамасыз етеді [15].

ҚОСЫМША 2

«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінде жүргізілетін бағдарламалық сабақтар

Тақырыбы: Өткен өмір – бүгінгі ұрпаққа тарих.

Мақсаты.

– Оқушыларға қосымша білім беру арқылы білім деңгейін арттыру. Отанға, еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктерін қалыптастыру, ата-бабаларымыздан жеткен мұраларды дәріптеу және насихаттау, мәнін ұғындыру.

– Оқушыларға музейді толықтай таныстырып, музей қызметкерлерінің атқаратын жұмыстары, олардың алдына қойылған міндеттері мен мақсатын айтып түсіндіру және іс-жүзінде көрсету.

– Музей аумағындағы қорғандардың қорғалуы, тарихи-мәдени ескерткіштерді сақтау, қорғау, дәріптеу жұмыстары жайлы түсінік беру.

Міндеттері:

– оқушылардың тарих пәнінен оқығандарын көзбен көрсетіп, қолмен ұстату, тарихи фактілер мен құбылыстарды талдап-қорыту, тарихи оқиғалардың мақсаты мен мәнін анықтай білу, оның маңызын бағалай білу дағдыларын қалыптастыру;

– оқушыларды тарихи оқиғалар мен мәдениеттің ерекшеліктері мен салаларын, сондай-ақ тарихи оқиғаларға салыстырмалы талдау жасауға дағдыландыру, мәдени мұраларға деген қызығушылықтарын қалыптастыру;

– оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, түрлі дереккөздерінен қажетті ақпараттарды іздестіру арқылы өзіндік жұмыспен айналысуына мүмкіндік беру.

Экскурсияның негізгі бағыттары:

– сақ, үйсін тайпаларының тарихы, мәдениеті және өмір сүрген жері, салт – дәстүр, наным-сенімдерімен таныстыру;

– сол ғасырдан жеткен құнды мұралар туралы мәлімет беру;

- «Алтын адам» жайлы нақты деректер мен зерттеулержөнінде мәліметтер беру;
- Қазақстан археологиясы жайлы құнды деректер айту арқылы бізге жеткен тарихымызды болашақ ұрпақтарға жеткізу болып табылады.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер: экскурсия және дәріс өткізу, интерактивті ойын ұйымдастыру, қорғандарға бару және т.б.

Қорытынды: оқушыларға мектеп бағдарламасынан тыс тарихмыздан қосымша ақпараттар беру арқылы білімдерін толықтыру, жетілдіру, сондай-ақ музей ісі мен оның қызметі жөнінде мектеп пен музей арасындағы байланысты шыңдау, ұштастыру болып табылады.

Экскурсияға қатысушылар: Рахат ауылдық №1 мектептің 7 «а» сынып оқушылары.

Музейде өткізілетін сабақтың тақырыптары

| № | Тақырыптың атауы | Қатысушы саны | Өткізілетін орны | Уақыты | Өткізетін маман |
|---|--|---------------|--|-----------|-------------------|
| 1 | Сақ - үйсін мәдениетіне саяхат | 10-20 оқушы | 1 зал | қыркүйек | Амиева Айгерим |
| 2 | «Алтын адам» тарихы | 10-20 оқушы | 2 зал | қазан | Амаргазиева Асель |
| 3 | «Абыз ата» | 10-20 оқушы | Б.Нұрмұханбетовтың мемориалды кабинеті | қараша | Құрбанәлі Жазира |
| 4 | Музей «Есікті» ашады | 10-20 оқушы | 3 зал | желтоқсан | Сағындық Назира |
| 5 | Экскурсовод мамандығының қыры мен сыры | 10-20 оқушы | 4 зал | қаңтар | Жұмай Гүлмира |
| 6 | Жас археологтар | 10-20 оқушы | фойе | ақпан | Тулегенов Турали |
| 7 | Қорғандар сыр шертеді | 10-20 оқушы | 3 зал және қорғандар | наурыз | Тулегенов Турали |
| 8 | «Петроглифтер» | 10-20 оқушы | қазақ үйі | сәуір | Амаргазиева Асель |

| | | | | | |
|---|-------------------------------------|----------------|---------|-------|--|
| 9 | Музей мен мектеп Қорытынды сабақ | 10-20 оқушы | музейде | мамыр | Құрбанәлі Жазира, Амиева Айгерим, |
|---|-------------------------------------|----------------|---------|-------|--|

Сабақ №1

1 зал. Тақырыбы: Сақ-үйсін мәдениетіне саяхат

Мақсаты:

- мектеп бағдарламасы бойынша Қазақстан тарихында өткен сақ, үйсін тайпалары туралы алған білімдерін музейде толықтыру, қосымша мәліметтер мен ақпарат беру. Сақ-үйсіндер туралы деректер, мекен еткен жерлері, табылған жерлері және олардан жеткен құнды бұйымдары, олардың тұрмыс тіршілігімен таныстыру. Тарих қойнауына кеткен рухани және заттай мәдениетіміздің негізінде білім беру.

- Сақ-үйсіндер туралы толық мәлімет беріп, тарихтың қаншалықты керек екенін түсіндіру.

- оқушылардың патриоттық сезімдерін ояту, тарихи ескерткіштер мен құнды мұраларды қорғау, сақтау, зерттеу болып табылады.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер: экскурсия, сұрақ-жауаптар, ойын, түсіндіру, әңгімелеу және т.б.

Қолданылатын ақпараттық құралдар: электронды карта, сенсорлық ақпараттық киоск, виртуальды музей, археологиялық карта және т.б.

Жоспары. Қош келдіңіздер! Балалар біздің музейдің құрылу тарихи 1969–1970 жылдардағы «Алтын адамның» табылу тарихымен тікелей байланысты. Қазақстан аумағында ерте темір дәуірінде өмір сүрген, аты әлемге әйгілі елдің бірі – сақтар болған. Археологиялық зерттеулер мен жазба деректерге қарағанда б.з.б. VII–IV ғғ. сақ тайпалары Орта Азия және Қазақстан жерлерін мекендеген. Парсы жазба деректері бойынша, Орта Азия мен Қазақстан территориясында мекендейтін көшпелі тайпаларды жалпы «Сақтар» деп атаса, ал гректің атақты тарихшысы Геродот сақтарды «Азиялық скифтер» деп атаған. Дегенмен, сақтар өздерін қалай атағанынан бейхабармыз. Парсы жазба деректері бойынша сақ негізгі 3 топқа бөлінген:

1. Тиграхауда сақтары – шошақ бөрік кигендер.
2. Хаомаварга сақтары – хаома сусынын дайындаушылар.
3. Парадарайя сақтары – теңіздің аржағын мекендеушілер

Ал Геродот өзінің «Тарих» кітабында 2 негізгі топтарын жазады:

Сақ-ортокарибант және сақ-амюргилер деп атады. Археолог Кемал Ақышевтың болжамы бойынша Тиграхауда сақтары Ташкент, Солтүстік Қырғызстан, Оңтүстік Қазақстан, яғни Жетісу аймақтарын мекен еткен дейді.

Археологиялық электронды картаны түсіндіру

1 залда Сақ-үйсін тайпаларына толықтай тоқталу.

Сақ-үйсін мәдениетіне саяхат, экскурсия соңында қойылатын сұрақтар:

1. Сақ дегеніміз кім?
2. Біздің заманымызға дейінгі өмір сүрген кезеңдері?

3. Ғалымдар сақтарды неше топқа бөлді?
4. Сақтар қандай шаруашылықпен айналысты?
5. Қандай егіншілік құралдарын пайдаланды?
6. Сақтар қандай бас киім киген?

Сабақ №2

2 зал. Тақырыбы: «Алтын адамның» ашылу тарихы және оның Тәуелсіздік символына айналуы.

Жоспары. «Алтын адам» жайлы толық ақпарат беру. 1969–1970 жылдары «Есік» қаласында жүргізілген арнайы археологиялық экспедициясының нәтижесінде табылған сақ ханзадасы «Алтын адам». Ханзада толық киіндіріліп, қару-жарақ таққан күйінде жерленген. «Алтын адамның» басына биік былғарыдан жасалған тәж кигізілген. Бас киім 150-ге жуық әшекей заттармен безендірілген. Биік, шошақтау, ұзындығы 70 см. шамасындағы бас киімі тоғалардың орналасуына байланысты үш бөліктен тұрады: көк әлемі, жер әлемі, жер асты әлемі. Арқардың алтын мүсіншесі бас киімнің ең ұшында орналасқан. Ол таудың мәңгілік қар-мұз басқан шың-құздарын мекендеуші жануар, тәңірге бір табан жақын, кіршіксіз деп есептелген. Әсемдікті көрсетіп тұрған жан-жағындағы төрт жебе, әлемнің төрт жағын бейнелейді. Олар сабы жіңішке алтын лентамен спираль сияқтандырып оралған және жоғары жағы жапырақ тәрізденіп, ортасы қуыс болып келген. Сақ тайпаларының мифологиялық бейнелерінің бірі – жылқы болып есептелген. Бас киімде бір-біріне қараған екі жылқы бейнесі кездеседі. Ол кәдімгі мініс жануары, екі дүниені жалғастырушы жылқы деп санаған.

Бірінші залдағы «Алтын адамды» толықтай сипаттап, екінші залдағы жәдігерлермен таныстыру.

«Алтын адам» дәрісінің соңында қойылатын тесттік сұрақтар

Тест сұрақтары:

1. «Алтын адамның» бас киімінің ұзындығы?
 - 90 см
 - 50см
 - 65см
2. «Алтын адамның» қасында тағы қандай заттар жерленген?
 - Жылқылар
 - Ыдыс – аяқтар
 - Кітәптар
3. Күміс тостағанның бетінде неше жазу болған?
 - 32
 - 12
 - 26
4. «Алтын адамның» неше жаңғыртпасы бар?
 - 4
 - 5
 - 3

5. Киімінде қанша алтын тоғалар болған?

- 8500
- 4000
- 3200

Сабақ №3

Б.Нұрмұханбетовтің мемориалдық кабинеті. Тақырыбы: «Абыз ата».

